



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ
ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

**АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗ,
АДАМГЕРШІЛІККЕ ЖАТПАЙТЫН
НЕМЕСЕ АР-НАМЫСТЫ ҚОРЛАЙТЫН
ІС-ӘРЕКЕТТЕР МЕН ЖАЗАЛАУҒА
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ**

АРНАЙЫ БАЯНДАМА



АСТАНА – 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
АЛҒЫСӨЗ	5
ТҮЙІН	8
1. Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттар	9
1.1 Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимыл контекстіндегі адамның негізгі құқықтары	9
1.2 Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимылдың институционалдық маңыздылығын бекітетін халықаралық құқық қағидаттары	16
2. Шет елдерде азаптауларға, қатыгез іс-әрекеттер мен жазалауға қарсы іс-қимыл	22
3. Қазақстан Республикасының азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимыл саласындағы ұлттық заңнамасы	35
4. Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимылдың ұлттық тәжірибесі мен мәселелері	44
5. Қазақстан Республикасында азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимылдағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының рөлі	60
6. Ұлттық алдын алу тетігі	83
7. Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға жол беруге ықпал ететін психологиялық факторлар	93
ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР	95

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:

Бангкок ережелері	- Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі;
АҚЖД	- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
БҰҰ БА	- БҰҰ Бас Ассамблеясы;
ҚР БП	- ҚР Бас прокуратурасы;
ТИЗ	- тәртіптік изолятор;
СДТБТ	- Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі;
ААЕК	- Азаптаудың алдын алу жөніндегі Еуропалық комитет;
АҚЕК	- Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция;
АҚЕС	- Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот;
УҰИ	- уақытша ұстау изоляторы;
ҰҚК	- ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
Азаптауға қарсы Конвенция	- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция;
БҰҰ АҚК	- БҰҰ азаптауға қарсы комитеті;
ҚСЖАЕК	- Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет;
ҮК	- Үйлестіру кеңесі;
АЕК	- Ақпаратты есепке алу кітабы;
ҚАЖК	- Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті;
ІМ	- ҚР Ішкі істер министрлігі;
ДМ	- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚМ	- ҚР Қорғаныс министрлігі;
ОМ	- ҚР Оқу-ағарту министрлігі;
ХҚКК	- Халықаралық Қызыл Крест комитеті;
АСҚХП	- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті;
АЕК	- айлық есептік көрсеткіш;
ЕХӘҚМ	- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
ХҚС	- Халықаралық қылмыстық сот;
ҰАТ	- Ұлттық алдын алу тетігі;
АҚҰО, Орталық ПО	- Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық;
БК	- ішкі істер органдары;
ҚБК	- бір адамдық камера;
БҰҰ	- қоғамдық бақылау комиссиясы;
Пекин ережелері	- БҰҰ; - Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмететке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер;

БҰҰ ААКК	- БҰҰ Азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитеті;
ҚО	- қабылдау-бөлу орындары;
БҰҰ ДБ	- БҰҰ Даму бағдарламасы;
ТИЗО	- тергеу изоляторы;
АО	- арнайы қабылдау орындары;
БҰҰ АҚК	- БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі;
Стамбул хаттамасы	- Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тергеу мен құжаттау принциптері;
ҚАЖ	- Қылмыстық-атқару жүйесі;
ҚПК	- Қылмыстық-процестік кодекс;
ҚК	- Қылмыстық кодекс;
ӘКШ	- Әмбебап кезеңдік шолу;
АҚУ, Уәкіл	- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;
АҚКФХ	- Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттама;
СК	- Сараптамалық кеңес.

АЛҒЫСӨЗ



Қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің және адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарының іргелі қағидаттарының бірі азаптаудың, сондай-ақ қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың абсолютті түрде жол берілмеуі табылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактте және Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне қарсы БҰҰ конвенциясында бекітілген бұл ережелер жеке бас бостандығының, дене дербестігінің және адам қадір-қасиетін құрметтеудің негізгі кепілдіктерін құрайды.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтына азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша аса маңызды миссия жүктелген. Қызметтің басым бағыттарының бірі тергеу барысында, жазаларды орындайтын мекемелерде және өз еркімен кете алмайтын адамдар ұсталатын өзге де ұйымдарда тыйым салынған қарым-қатынастың барлық түрлерін мониторингтеу, анықтау және жолын кесу болып табылады. Мұндай бұзушылықтардың орын алу мүмкіндігінің өзін болдырмайтын орнықты алдын алу жүйесін құруға ерекше мән беріледі.

Қазақстан өзінің құқықтық алаңы мен құқық қолдану тәжірибесін тұрақты түрде жетілдіру жолында. Қорғау тетіктерін тәжірибелік тұрғыда енгізу бойынша біз айтарлықтай жолдан өттік. БҰҰ-ның Азаптау мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашысының 2009 жылғы сапарының қорытындысы бойынша берілген көптеген ұсынымдар қазірдің өзінде іске асырылды. Елде Ұлттық алдын алу тетігі (ҰАТ) құрылып, жұмыс істейді, азаптауға қарсы іс-қимыл бойынша мамандандырылған институттар, ведомстволар мен бөлімшелер енгізілді, ұлттық заңнаманы жетілдіру жұмыстары жалғасуда. Бұл қадамдар Қазақстанның азаптаудың, қатыгез қарым-қатынастың және жазалаудың алдын алу саласындағы реформаларға берік бейілділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, бұл үдеріс дәйекті күш-жігерді, тұрақты диалогты, ашықтықты және халықаралық стандарттарды тұрақты ұстануды талап ететінін түсінеміз.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа тиімді қарсы іс-қимыл тек жеке тұлғалардың құқықтарын қорғап қана қоймай, сонымен бірге құқық қорғау және сот жүйелеріне деген сенімді нығайтып, олардың заңдылығын арттырып, жалпы қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Осы контекстінде Қазақстан Республикасының Президенті 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында

айқындаған міндеттердің ерекше маңызы бар.¹ Азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қатысты «нөлдік төзімділік» ахуалын қалыптастыру және ұлттың жаңа сапасын құруға шақыру құқық қорғау жүйесін терең трансформациялауға, заң үстемдігі мен адам қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарын орнықтыруға ұмтылысты білдіреді.

Соңғы жылдары азаптаудың және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың алдын алу саласындағы ұлттық заңнама халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында елеулі өзгерістерге ұшырады.

Алайда құқықтық нормаларды қолдану практикасы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен жабық мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтарын сақтау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған тетіктерді одан әрі жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл тұрақты сараптамалық бағалауды, ведомствоаралық өзара іс-қимылды және анықталған мәселелер мен олқылықтарды жою бойынша жүйелі жұмысты талап етеді.

Осы баяндама тақырыбының өзектілігі азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы және құқық қолдану практикасын қоғам пікірі, құқық қорғау ұйымдары мен сараптамалық қауымдастықтың көзқарасын ескере отырып одан әрі жетілдіру қажеттілігімен айқындалады.

Баяндама аясында біз қолданыстағы заңнаманы, халықаралық құқықтық актілерді және шетелдік тәжірибені жан-жақты талдауға тырыстық. Азаптау және қатыгез қарым-қатынас жағдайларын алдын алу, анықтау және тергеудің қолданыстағы тетіктерін зерттеуге, сондай-ақ жәбірленушілердің құқықтарын қорғау шараларының тиімділігін бағалауға ерекше назар аударылды.

Дайындық барысында құқық қорғау және сот органдарынан, ғылыми ұйымдардан келіп түскен деректерге сүйендік. Осы баяндамаға дайындық барысында белсенді қатысып, қолдау көрсеткені үшін сараптамалық қауымдастық өкілдеріне ерекше алғыс білдіреміз.

Сонымен қатар, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен сарапшыларды тарта отырып 2024 жылы жүргізілген азаптаудың алдын алу саласындағы зерттеу нәтижелерін пайдаландық.²

Зерттеу қорытындылары 2024 жылғы желтоқсанда Омбудсмен кеңсесі БҰҰ Даму бағдарламасымен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен, Бас прокуратурамен, Сыртқы істер министрлігімен және Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп ұйымдастырған «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғау: сын-

¹ «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы // Қол жеткізу тәртібі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K22002022_1 (15.08.2025).

² Обзор международного опыта, анализ национального законодательства и правоприменительной практики по вопросам предупреждения пыток и других форм жестокого обращения и наказания, Программа развития ООН в Казахстане // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/861686?lang=ru> (15.08.2025).

қатерлер мен перспективалар» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда кең қоғамдық ортаға ұсынылды.

Осы баяндаманың қорытындылары мен ұсынымдары мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары, халықаралық серіктестер және ғылыми қауымдастық арасындағы одан әрі сындарлы диалогтың негізіне айналады деп үміттенеміз.

Қорытындылай келе, азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы тиімді күрес баршамыздан тұрақты бірлескен күш-жігерді, ашықтықты және табандылықты талап ететінін атап өткім келеді. Тек күш-жігерімізді біріктіру арқылы ғана адам құқықтары зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің кез келген түрінен сенімді қорғалатын жағдай қалыптастыра аламыз.

**Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
Артур Ластаев**

ТҮЙІН

Осы баяндама азаптаудың, сондай-ақ қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың алдын алуға бағытталған халықаралық стандарттарды, шетелдік тәжірибені, ұлттық заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жан-жақты талдауға жасалған талпыныс болып табылады.

Баяндама аясында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарының сақталуын тұрақты әрі тәуелсіз бақылау жүйесі болып табылатын – ҰАТ қызметін реттейтін заңнама зерттелді.

Сонымен қатар, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан құқыққа қайшы әрекеттерге жол беруіне ықпал ететін факторларды анықтау, нормативтік олқылықтарды және азаптаудың қолданылуына жағдай жасайтын құқықтық нормаларды айқындауға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ азаптау істері бойынша сот-тергеу практикасына шолу жасалып, осы саладағы құқық қолдану жүйесінің тиімділігі мен сот төрелігінің жай-күйіне объективті баға беруге мүмкіндік берілді.

Баяндама келесі мақсаттарда дайындалды:

1) азаптаудың және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың алдын алу саласындағы ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің ағымдағы жай-күйін бағалау;

2) тыйым салынған қарым-қатынас фактілерінің алдын алу, оларды анықтау, тергеу және жолын кесу, сондай-ақ жәбірленушілердің құқықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігін талдау;

3) нормативтік-құқықтық реттеудегі және уәкілетті мемлекеттік органдар қызметіндегі мәселелер мен олқылықтарды анықтау;

4) БҰҰ шарттық органдарының халықаралық стандарттары мен ұсынымдарын ескере отырып, мемлекеттік саясатты және құқық қорғау тетіктерін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсынымдар қалыптастыру;

5) азаптаудың жол берілмейтіндігі және адам құқықтарын қорғаудың қолжетімді тетіктері туралы қоғамның хабардар болу деңгейін арттыру.

Тыйым салынған тәжірибелердің қолданылуына ықпал етуі мүмкін психологиялық аспектілер қарастырылып, қатыгез қарым-қатынастың алдын алу және адам құқықтарын тиімді қорғау саласындағы шетелдердің тәжірибесі талданды.

Баяндаманың қорытынды бөлімінде Қазақстан Республикасында азаптау, қатыгез қарым-қатынас пен жазалау тәжірибесін толық жою мақсатында заңнаманы жетілдіруге, институционалдық кепілдіктерді күшейтуге, құқық қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыруға және қамауда ұсталатын адамдардың жағдайын жақсартуға бағытталған ұсынымдар берілген.

ЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗДІККЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР

1.1 Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимыл контекстіндегі адамның негізгі құқықтары

Азаптау және қатыгез қарым-қатынастың өзге де түрлері – қазіргі әлемдегі адам құқықтарының ең ауыр бұзушылықтарының бірі болып табылады.³ Ғасырлар бойы әртүрлі мәдениеттерде қолданылып келген азаптау әрдайым адам қадір-қасиетін таптаумен және билікті көрсетумен байланысты болды. Азаптауға тыйым салу және оның алдын алуға арналған халықаралық стандарттарды белгілеу мәселесі ХХ ғасырда, әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, соғыс қылмыстарының ауқымы мен бейбіт халыққа қарсы жасалған қатыгездік пен адам шошырлық әрекеттердің бүкіл әлемге айқын болған кезде өзекті бола түсті. 1945-1946 жж. өткен Нюрнберг процесінде адамзатқа қарсы қылмыстарға, соның ішінде азаптауды қолдануға кінәлі тұлғалар сотталды. Дәл осы кезеңде халықаралық қауымдастық адам қадір-қасиеті мен құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық нормаларды белсенді түрде әзірлей бастады.⁴ 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуымен адам құқықтарын қорғаудың жаһандық жүйесін қалыптастыру басталып, оның орталық қағидаты ретінде – азаптауға және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасқа жол бермеу принципі орнықты. 1948 жылғы **Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (АҚЖД)** «Ешкім де азапталуға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірленуге, немесе жазалануға тиіс емес» деп (АҚЖД-ның 5-бабы) жариялады.⁵ Бұл негізгі қағида бүкіл әлемде азаптауды бірыңғай түрде тыйым салатын кейінгі міндетті халықаралық құжаттарды әзірлеуге негіз қалады.

Азаптауға абсолютті тыйым салу адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық актілерде қатаң бекітілген. АҚЖД көзделген декларативтік нормадан бөлек, 1966 жылы **Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (АСҚХП)** қабылданып, оның 7-бабында ешкім де азапталуға немесе оның қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолымен жәбірленуге

н
е
е

Бұл норманың маңызды ерекшелігі оның міндетті сипатта болуы: азаптауға тыйым салудан ешқандай жағдайда да ауытқуға жол берілмейді. Тіпті төтенше

с ³ Журтов А.Б. Международно-правовые основы противодействия пыткам и другим жестоким, бесчеловечным или унижающим достоинство видам обращения // Журнал прикладных исследований. – 2022. – № 10, № 2. – С. 140–147// Қол жеткізу тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodno-pravovye-osnovy-protivodeystviya-pytkam-i-drugim-zhestokim-beschelovechnym-ili-unizhayuschim-dostoinstvo-vidam> (14.07.2025).

ж ⁴ «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O4800000001> (14.07.2025).

з ⁵ Сонда.

р ⁶ «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. // Қол жеткізу тәртібі: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000091_z1 (14.07.2025).

а

н

у

ғ

жағдай режимінде де мемлекеттер АСҚХП-нің 7-бабының қолданылуын тоқтата алмайды.

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті өзінің №20 жалпы тәртіптік ескертуінде (1992 ж.) 7-баптың мақсаты адамның қадір-қасиетін, дене және психикалық қол сұғылмаушылығын қорғау екенін атап өтіп, ешқандай ерекшеліктер мен ақтаулар, соның ішінде төтенше жағдайларға немесе лауазымды тұлғалардың бұйрықтарына сілтеме жасау, азаптауды ақтау үшін қабылданбайтынын көрсетті.⁷ Демек, азаптаудан еркін болу халықаралық құқықта ажырамас, іргелі және абсолютті адам құқығы ретінде бекітілген, одан ешқандай жағдайда да ауытқу рұқсат етілмейді.

1950 жылы **Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция** (АҚЕК) Еуропа Кеңесі аясында қабылдануы да аса маңызды қадам болды. АҚЕК-нің 3-бабында азаптауға, сондай-ақ адамды қатыгез немесе қадір-қасиетін қорлайтын түрде ұстауға не жазалауға қатаң тыйым салынған. Бұл норма мазмұны жағынан АСҚХП-ның 7-бабына ұқсас және абсолютті сипатқа ие, сол сияқты ешқандай жағдайларда шектелмейді. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (АҚЕС) терроризмге қарсы күрес жағдайында да мемлекеттерге азаптауды қолдануға тыйым салынатынын үнемі атап көрсетеді.

АҚЕК негізінде алдын алу тетігі – **Азаптаудың алдын алу жөніндегі Еуропалық комитет** (ААЕК) құрылған, оның мүшелері қатысушы мемлекеттердегі бас бостандығынан айыру орындарына баруға және тұтқындардың құқықтарының сақталуын бақылауға уәкілетті.⁸



Азаптауды жоюға бағытталған ең маңызды мамандандырылған халықаралық шарт – 1984 жылғы **Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция** (Азаптауға қарсы конвенция) болды. Бұл құжат алғаш рет «азаптау» ұғымына заңдық тұрғыдан міндетті анықтама берді (1-бап) және қатысушы мемлекеттің әрқайсысы өзінің заңи құзырындағы кез-келген аумақта азаптаулар актілерінің алдын алу үшін тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шара қолданады (2-бап).⁹ Азаптауға қарсы конвенцияның қағидатты ережелерінің бірі — азаптауды ақтау үшін қандай да бір ерекше жағдайларға жол берілмейтіндігі.

Азаптауға қарсы конвенцияның 2-б. 2-т. сәйкес қандай да бір соғыс жағдайы немесе соғыс қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе кез-келген басқа да төтенше жағдай сияқты ерекше жағдайлар және жоғары тұрған бастықтың

⁷ Комитет ООН по правам человека. Замечание общего порядка № 20 (1992 г.) к ст. 7 МПГПП: Запрещение пыток или жестокого, бесчеловечного или унижающего достоинство обращения и наказания // Қол жеткізу тәртібі: <https://european-court-help.ru/sorok-chetvertaja-sessija-1992-god-zamechanie-obshhego-porjadka-20-statja-7-zapreshhenie-pytok-ili-zhestokogo-beschelovechnogo-ili-unizhajushhego-dostoinstvo-obrashhenija-i-nakazaniya/> (14.07.2025).

⁸ Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод (ЕКПЧ, 1950). – Рим, 4 ноября 1950 г. (вступила в силу 03.09.1953) // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (14.11.2025).

⁹ Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания, принятая резолюцией 39/46 Генеральной Ассамблеи от 10 декабря 1984 года // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml (15.11.2025).

немесе мемлекет билігінің бұйрығы азаптаулардың ақтауы бола алмайды (2-баптың 3-тармағы).¹⁰ Демек, әмбебап деңгейде азаптауға сөзсіз тыйым салынған. Азаптауға қарсы конвенция мемлекеттерге нақты міндеттер жүктейді: азаптауды ұлттық құқықта қылмыстандыруға; азаптау туралы барлық хабарламаларды мұқият тергеуге; кінәлілерді жауапкершілікке тартуға; жәбірленушілерге әділ өтемақы алу және оңалту құқығын қамтамасыз етуге міндеттейді (ст. 14).¹¹ Бұл талаптарды орындау тек кінәлілерді жазалауды ғана емес, сонымен қатар болашақта азаптаудың жазасыз қолданылуына жол бермеу үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Азаптауға қарсы конвенцияның адамның азаптауға ұшырау қаупі бар мемлекетке қайтарылуына немесе берілуіне тыйым салу туралы ережесі ерекше назар аударуға лайық (non-refoulement қағидасы, 3 бап).¹² Бұл қағида адамның жеке басының қол сұғылмаушылық құқығының кез келген мемлекеттік мүдделерден жоғары екенін айқындайды және жаһандық деңгейде азаптаудың алдын алудың маңызды кепілі болып табылады. Мемлекет адамды азаптаудан қорғау жөніндегі жауапкершіліктен оны осындай қатынас қаупі бар юрисдикцияға беру арқылы құтыла алмайды.

Арнайы бақылаушы орган ретінде – **БҰҰ азаптауға қарсы комитеті құрылған** (БҰҰ АҚК)¹³. Комитет шарт ережелерінің орындалуын бақылайды, қатысушы мемлекеттердің қабылдап жатқан шаралары туралы мерзімдік есептерін қарайды және заңнама мен тәжірибені жетілдіруге қатысты ұсынымдар береді.¹⁴ Сонымен қатар, БҰҰ АҚК азаптаудың құрбаны болғанын мәлімдейтін жеке тұлғалардың шағымдарын (хабарламаларын) қарауға уәкілетті және олар бойынша шешімдер шығарады. БҰҰ АҚК тәжірибесі әрбір азаптау жағдайын тиімді тергеудің қажеттілігін, арыз берушілерді қорғауды және кінәлі лауазымды тұлғалардың жазасыз қалмауы тиіс екенін айқындайтын құнды түсіндірмелер мен құқықтық ұстанымдар жиынтығын қалыптастырды.

2002 жылы алдын алу шараларын күшейту мақсатында **Азаптауға қарсы конвенцияның Факультативтік хаттамасы** (АҚКФХ) қабылданды¹⁵, ол бостандықтан айыру орындарына қатысты халықаралық және ұлттық деңгейдегі мониторинг жүйесін құруға бағытталған. Негізгі Конвенция көбіне кінәлілерді кейіннен ex post¹⁶ жазалауға назар аударса, АҚКФХ азаптаудың алдын алуға ex¹⁷ бағытталған.

¹⁰ Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания, принятая резолюцией 39/46 Генеральной Ассамблеи от 10 декабря 1984 года // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml (15.07.2025).

¹¹ Сонда.

¹² Сонда.

¹³ Сонда (17 бап).

¹⁴ Журтов А.Б. Международно-правовые основы противодействия пыткам и другим жестоким, бесчеловечным или унижающим достоинство видам обращения // Журнал прикладных исследований. – 2022. – Т. 10, № 2. – С. 140–147. // Қол жеткізу тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodno-pravovyye-osnovy-protivodeystviya-pytkam-i-drugim-zhestokim-beschelovechnym-ili-unizhayuschim-dostoinstvo-vidam> (15.07.2025).

¹⁵ Факультативный протокол к Конвенции ООН против пыток. – Нью-Йорк, 18 декабря 2002 г. (вступил в силу 22 июня 2006 г.) // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000048> (15.10.2025).

¹⁶ «ex-post» – «оқиғадан кейін».

¹⁷ «ex-ante» – «оқиғаға дейін».

Хаттамаға қосылған мемлекеттерден тәуелсіз ұлттық алдын алу тетіктерін құруды талап етіледі, олар түрмелерді, тергеу изоляторларын, арнайы мекемелерді және басқа да қамауда ұстау орындарын жүйелі түрде тексеруге өкілетті.¹⁸ Сонымен қатар, АҚКФХ БҰҰ Азаптаудың алдын алу жөніндегі кіші комитеті (БҰҰ ААКК) атты халықаралық бақылау тетігін құрды, оның сарапшылары хаттамаға қатысушы кез келген елдегі бас бостандығынан айыру орындарына барып, онда ұсталған адамдардың жағдайын бағалауға құқылы.¹⁹ Бұл тетіктер бірін-бірі толықтырып, адамды азаптаудан қорғау құқығының сақталуына көпдеңгейлі бақылау жүйесін қамтамасыз етеді.



Уақыт өте келе азаптауға тыйым салу тек шарттық және конституциялық деңгейде ғана емес, сонымен бірге әмбебап-императивтік сипатқа ие болды. Бүгінде ол жалпы халықаралық құқықтың нормасы ретінде танылып, қандай да бір келісімдерді ратификациялағанына қарамастан барлық мемлекеттер үшін міндетті деп есептеледі және *jus cogens* – яғни, қайшы келетін кез келген ережеден жоғары заңдық күші бар императивтік норма ретінде қарастырылады.²⁰ Басқаша айтқанда, азаптауға тыйым салу әмбебап әрі шартсыз сипатқа ие. БҰҰ Халықаралық соты, өңірлік сот инстанциялары және беделді құқық қорғау ұйымдары әдетке, дәстүрге немесе бұйрықтарға сілтеме жасау азаптауды ақтай алмайтынын бірнеше рет атап өткен. Халықаралық құқық доктринасында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, соның ішінде азаптаудан бостандықта болу құқығын шектеу адамның қадір-қасиетін тең қамтамасыз етуге бағытталған құқықтың табиғатына қайшы келетінін ерекше көрсетеді. Демек, азаптауды қолдану тәжірибесі қазіргі халықаралық құқықтық тәртіптің негізінде жатқан гуманизм мен теңдік қағидаттарына үйлеспейді.

Азаптауға абсолютті тыйым салуды негізгі адам құқықтарының қатарына енгізу көптеген мемлекеттердің конституциялық актілерінде де көрініс тапқан. Бұл норманың ең жоғары құқықтық мәртебесі оның ішкі заңдар немесе бұйрықтармен қайшы келмеуі тиіс екенін және мемлекеттік органдардың азаптауды болдырмауды басым міндет ретінде жүзеге асыруға тиіс екенін білдіреді.

Сонымен қатар, тек тыйым салушы норманың болуы жеткіліксіз, оны іске асырудың тиімді тетігі қажет. Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттар мемлекеттерден азаптаудан тек қана «теріс міндеттемелер» деп аталатындардан тартынуды ғана емес, сонымен бірге оны алдын алуға оң белсенді шаралар қабылдауды талап етеді.

Мәселен, мемлекеттерге мынадай міндеттер жүктеледі: құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық мекемелер қызметкерлерінің әрекеттеріне қатаң бақылау жүргізу; персоналды адам құқықтарын құрметтеу рухында арнайы даярлауды қамтамасыз ету; азаптау мен қатыгез қарым-қатынас туралы барлық шағымдарды жедел әрі бейтарап тергеу; кінәлілерді сот жауапкершілігіне тарту

¹⁸ Факультативный протокол к Конвенции ООН против пыток. – Нью-Йорк, 18 декабря 2002 г. (вступил в силу 22 июня 2006 г.) // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000048>. (15.07.2025).

¹⁹ Сонда.

²⁰ Сонда.

және оларды құқық қорғау қызметінен шеттету; сондай-ақ азаптау құрбандарына келтірілген зиянды өтеу мен оңалтуды қоса алғанда, құқықтарын қалпына келтірудің нақты мүмкіндіктерін беру.²¹ Бұл міндеттемелерді орындау азаптауға тыйым салудың халықаралық-құқықтық мәртебесінен тікелей туындайды. Зерттеушілер атап өткендей, азаптаудан қорғалу жөніндегі іргелі құқықтан мемлекеттердің азаптау әрекеттерінен аулақ болу, олардың алдын алу, тиімді тергеу жүргізу және кінәлілерді жауапкершілікке тарту міндеттері логикалық түрде туындайды, ол өз кезегінде азаптауға тыйым салудың жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіндегі айрықша маңызын айқындайды.²²

Халықаралық әмбебап шарттардың дамуына байланысты заңдық тұрғыдан міндетті күші жоқ, бірақ мемлекеттер іс жүзінде басшылыққа алатын беделді стандарттар болып табылатын «жұмсақ» халықаралық актілер де қабылданды.



Мұндай актілердің қатарына, ең алдымен, **Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері** жатады. Алғаш рет 1955 жылы қабылданған бұл ережелер 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан қайта қаралып, жаңа редакцияда «Нельсон Мандела ережелері» деген атаумен бекітілді. Онда бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға адамгершілікпен қарау талаптары адамның табиғи қадір-қасиетін құрметтеуге негізделе отырып, егжей-тегжейлі баяндалған. Бұл ережелер тұтқындарға негізсіз дене азабын келтіретін шараларды қолдануға тыйым салады, мысалы, олардың тамақ рационын шектеу немесе қорлау сипатындағы не ауырсыну

Тұтқындарға медициналық қызмет көрсету — мемлекеттің міндеті, ал медициналық персонал тұтқындармен жұмыс істегенде бостандықтағы пациенттермен жұмыс істеу кезіндегідей бірдей этикалық стандарттарды басшылыққа алуға тиіс екені ерекше атап өтіледі: Түрме медициналық-санитарлық қызметтері тұтқындардың дене және психологиялық жағдайын бақылап отыруы керек, әсіресе осал санаттағы адамдарға ерекше назар аударуы қажет.²⁴

Тағы бір маңызды құжат **Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалаудың түрлерін тергеу мен құжаттау принциптері** (яғни «Стамбул хаттамасы» деп аталады). Бұл толық



²¹ Тилеукеш А.Б. Понятие пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания: сравнительный анализ // Қол жеткізу тәртібі: Интернет-портал National Endowment for Prosperity. – 28.08.2024. – URL: <https://nepfund.org/tpost/7li9uyux21-ponyatie-pitok-i-drugih-zhestokih-besche> (16.07.2025).

²² Сонда.

²³ Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері 1955 жылдың 30 тамызында Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі БҰҰ-ның Бірінші Конгрессінде қабылданған, 1957 жылдың 31 шілдесінде Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 994-толық мәжілісінде мақұлданған // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O5700000001> (18.07.2025).

²⁴ Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері 1955 жылдың 30 тамызында Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі БҰҰ-ның Бірінші Конгрессінде қабылданған, 1957 жылдың 31 шілдесінде Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 994-толық мәжілісінде мақұлданған // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O5700000001> (18.07.2025).

сипаттағы нұсқаулық құжат БҰҰ-ның қатысуымен әзірленіп, азаптаудың салдарын тіркеудің халықаралық деңгейде танылған әдістерін, жәбірленушілермен сұхбат жүргізу тәсілдерін және сот үшін сараптамалық қорытындылар дайындау тәртібін қамтиды. Стамбул хаттамасын қолдану азаптау істерін тергеу сапасын арттырып, кінәлілерді жауапкершілікке тартуға ықпал етеді.²⁵



Сонымен қатар, 1988 жылғы БҰҰ БА резолюциясымен **Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жинағы** бекітілді. Ол ұсталғандар мен тұтқындалғандар үшін негізгі кепілдіктерді белгілейді: бостандықтан айырылған барлық адамдар олардың

құқықтық мәртебесі мен денсаулық жағдайына сәйкес жағдайларда ұсталуы тиіс; ешбір ұсталған адам азаптауға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын не қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жазалауға ұшырамауы керек; әрбір мұндай адамның уақтылы медициналық тексеруден өтуге, адвокатқа қол жеткізуге және өз тұрған жері туралы отбасына хабарландыру құқығы бар.²⁶ Осы қағидастарды сақтау адамдардың із-түссіз жоғалып кетуінің алдын алатын және ұстаудың алғашқы сағаттарында, зорлық-зомбылық қаупі әсіресе жоғары кезде, қатыгез қарым-қатынастың алдын алатын маңызды ескерту шарасы болып табылады.

Ең осал топтарды қорғау үшін де арнайы стандарттар әзірленген. 1985 жылғы БҰҰ Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») балаларға қатысты дене жазаларын және қадір-қасиетті қорлайтын басқа да шараларды қолдануға қатаң тыйым салады. Кәмелетке толмағанның дене немесе психикалық денсаулығына зиян келтіретін кез келген тәртіптік жазалар (соның ішінде қарцерге қамау, жалғыз оқшаулау ж



ә
н
е
т
.
2011 жылғы БҰҰ бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі (Бангкоктік ереже) гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, әмбебап стандарттарды толықтырады. Атап айтқанда, бұл құжатта қамауда отырған әйелдердің зорлық-зомбылық қаупіне көбірек ұшырайтыны ескеріледі және олардың қауіпсіздігі мен қадір-қасиетін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша кепілдіктер қарастырылған (мысалы, а

к
Т
25 Руководство по эффективному расследованию и документированию пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания («Стамбульский протокол»). – ООН, 2000 // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/training8Rev1ru.pdf> (18.07.2025).

а
26 Қандай да бір түрде ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау қағидаларының жинағы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1988 ж. 9 желтоқсандағы 43/173 Қарарымен бекітілді // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/detent.shtml (19.07.2025).

а
27 Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O8500000002> (19.07.2025).

әйелдер мекемелерінің персоналы негізінен әйелдерден тұруы тиіс, әйел тұтқындардың

Р Азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы бағытталған халықаралық
е Стандарттар жиынтығы құқықтық та, тәжірибелік та аспектілерді қамтитын
к қешенді жүйені қалыптастырады. Бұл нормалар адам тұлғасының ең жоғары
III құндылығын мойындауға негізделген және мемлекеттерден әрбір адамның
негізгі құқықтарын құрметтеу мен қорғауды талап етеді.

М Азаптауға және басқа да қатыгез немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-
қатынас түрлеріне тыйым салу қазіргі халықаралық құқықтың өзекті, іргелі
Д элементі болып табылады. Оның бірқатар әмбебап және өңірлік шарттарда
И (АҚЖД, АСКХП, АҚЕК, Азаптауға қарсы Конвенция және т.б.) бекітілуі адамның қадір-
II қасиетінің қол сұғылмайтындығы туралы жаһандық консенсусты көрсетеді. Бұл
тыйым абсолютті сипатқа ие және jus cogens нормасы ретінде танылған, яғни
өшқандай жағдайларда азаптауды ақтауға немесе оған жол беруге болмайды.
Мемлекеттер осы іргелі құқықты қамтамасыз ету жөнінде оң міндеттемелерге ие
Ы тиімді заңнаманы қабылдау, қажетті институттарды құру және кінәлілерді
к сөзсіз жауапкершілікке тарту тәжірибесін қамтамасыз ету. Азаптауға қарсы күрес
тек қатаң құқықтық нормаларды ғана емес, оларды жүйелі түрде сақтауды да
талап етеді: саяси ерік-жігерден бастап соттардың тәуелсіздігіне дейін, сондай-
ақ құқық қорғау органдарында адам құқықтарын құрметтеу мәдениетін
қалыптастыруға дейінгі барлық деңгейде жүзеге асырылуы тиіс.

к Сонымен, адам құқықтарының іргелі қағидалары, ең алдымен азаптаудан
к бостандыққа құқығы, азаптаудың және қатыгез қарым-қатынастың алдын алу
жөніндегі бүкіл қызметтің тұжырымдамалық негізі болып табылады. Жеке
тұлғаның құқықтық қорғалуын күшейту, ағартушылық жұмыстар жүргізу және
өсы саладағы азаматтық қоғамның белсенділігі жарияланған нормалардың нақты
тәжірибеге айналуына ықпал етеді әрі азаптаудың бірде-бір жағдайы назардан
е тыс қалмай, дер кезінде тоқтатылуына кепіл болады.
н

к
а
ж
е
т
т
і
л
і
к
т
е
р
і

е ²⁸ БҰҰ-ның бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен
бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі (Бангкоктік ереже) Біріккен Ұлттар
Ұйымының Бас Ассамблеясының 2011 жылғы 16 наурызда қабылдаған № A/RES/65/229 қарары // Қол жеткізу
к тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O1100000002> (19.07.2025).
е

р
і
л
у

Азаптауларға, қатыгездікке және жазалауға қарсы іс-қимылдың институционалдық маңыздылығын бекітетін халықаралық құқық қағидағтары

Халықаралық құқық азаптауларға және басқа да қатыгез іс-әрекеттер түрлеріне абсолютті тыйым салуға бағытталған, олардың алдын алу институттарының негізін құрайтын іргелі қағидағтар кешенін әзірледі. Бұл қағидағтар құқық үстемдігі мен адам құқықтарын құрметтеу мұраттарына сүйенеді: азаптаулар жеке адамның қадір-қасиеті мен негізгі бостандықтарын өрескел бұзу ретінде қарастырылады. Азаптауларға тыйым салу императивті және сөзсіз сипатқа ие, бұл негізгі халықаралық актілерде көрсетілген. Жоғарыда көрсетілгендей, АҚЖД-да азаптауларға жол берілмейтіні жария етілді (5-бап)²⁹, ал АСҚХП-да бұл тыйым салудың абсолютті табиғаты көрсетіле отырып, 7-бапта бекітілді.³⁰ Кейіннен БҰҰ-ның 1975 жылғы Барлық адамдарды азаптаулардан қорғау туралы декларациясында ешбір мемлекеттің азаптауларға жол беруге немесе төзуге құқығы жоқ екендігі және ешқандай төтенше жағдайлар (соғыс, тұрақсыздық және т.б.) азаптаулардың ақтауы бола алмайтындығы тікелей белгіленді.³¹ Осы азаптауларға тыйым салу қағидаты 1984 жылғы Азаптауларға қарсы конвенцияда да расталған: Конвенцияның 2-бабына сәйкес қандай да бір соғыс жағдайы, басқа да төтенше жағдай, жоғары тұрған органдардың бұйрығы азаптауларға абсолютті тыйым салудан босатпайды.³² Осылайша, халықаралық құқықта кез-келген мән-жайларда азаптауларға жол берілмейді деген сөзсіз талап бекітілді.

Азаптаулардың жазасыздығына жол бермеумен тығыз байланысты **азаптаулар үшін жазаның бұлтартпаушылығы** қағидаты да маңызды. Халықаралық нормаларда мемлекеттерді кез-келген азаптаулар актілерін қылмыстық құқық бұзушылық ретінде жіктеуге және кінәлілерді қудалауға міндеттейді. Азаптауларға қарсы конвенцияның 4-бабында мемлекеттерге азаптауларды қылмыс деп тануды қамтамасыз ету және азаптаулар жасауға тырысқаны және оған қатысқаны үшін жауаптылықты қоса алғанда, оның ауырлығына мөлшерлес жазалар белгілеу жүктелген. Мемлекет азаптаулар туралы барлық хабарламаларды жедел және бейтарап тергеуге, сондай-ақ оларға қатысы бар адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға міндетті.³³ Қандай да

²⁹ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қарарымен қабылданды // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (19.07.2025).

³⁰ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. БҰҰ БА 16.12.1966 ж. қабылдады, 23.03.1976 ж. күшіне енді // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.ohchr.org/ru/instruments-mechanisms/instruments/international-covenant-civil-and-political-rights> (19.07.2025).

³¹ Барлық адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы декларация. БҰҰ БА 9.12.1975 ж. 3452 (XXX) қарарымен қабылданды // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/torture.shtml (19.07.2025).

³² БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясы. 12.12.1984 ж., 26.06.1987 ж. күшіне енді // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml (19.07.2025).

³³ Сонда.

бір лауазымдық жағдай, бастықтардың өкімі ақтау бола алмайды, азаптауларды әрбір орындаушы немесе ұйымдастырушы жеке жауаптылыққа тартылуы тиіс. Бұл тәсіл кез-келген институционалдық жеңілдікке жол берілмейтіндігін көрсетеді: азаптауларға кінәлі адамдар жазадан құтылмауы тиіс. Бұл қағидатты халықаралық сот тәжірибесі де растайды. БҰҰ АҚК өз тұжырымдарында азаптауларға кінәлі адамдар жауаптылықтан жалтаратын жағдайларға жол берілмейтіндігін үнемі көрсете отырып, мемлекеттерден жазасыздықты жою үшін барлық шаралар қабылдауды талап етеді.

Жазаның бұлтартпастығы идеясы халықаралық құқықта **азаптаулар қылмыстарына қатысты әмбебап юрисдикцияны** бекіту арқылы одан әрі өз дамуын тапты. Азаптаулар соншалықты ауыр құқық бұзушылық деп танылып, оларды жасаған адамдар ешбір елде пана таппауы тиіс. Азаптауларға қарсы конвенцияның 5-7-баптарында әр мемлекеттің азаптауларға кінәлі адамдарды соттау немесе оларды сот қудалауы үшін беру міндеті (*aut dedere aut judicare* қағидаты³⁴) енгізіледі. БҰҰ Халықаралық сотының «Бельгия Сенегалға қарсы» (2012)³⁵ ісі бойынша шешімінде 1984 жылғы Азаптауларға қарсы конвенция бойынша мемлекеттердің азаптауларға айыпталушыларын соттау немесе экстрадициялау міндеті көрсетілген. Бұл азаптауларды қолданатын адамдар үшін «қауіпсіз айлақтарды» алып тастауға арналған бүкіләлемдік юрисдикция желісін құрады. Әмбебаптық қағидаты, мысалы, Чилидің бұрынғы диктаторы А. Пиночеттің ісінде, Ұлыбритания мен Испанияның сот органдары халықаралық құқық нормаларына сілтеме жасай отырып, азаптаулар жасалған жеріне қарамастан барлық мемлекеттер қудалайтын қылмыс деп таныған кезде расталды.³⁶ Осылайша, халықаралық қауымдастық азаптауларға кінәлі бірде-бір қылмыскер мемлекеттер арасындағы шекаралардың арқасында сот төрелігінен құтылмауы тиіс деген маңызды қағидатты бекітті.

Жеке және институционалдық жауаптылық қағидатын бөлек атап өту қажет. Халықаралық құқықта азаптауларды белгілі бір орындаушының ғана емес, сол сияқты ол атынан әрекет еткен мемлекеттің де жауаптылығына әкеп соқтыратын іс-әрекет ретінде қарастырылады. 1975 жылғы Декларацияда азаптаулар үшін жауаптылық тікелей орындаушыларға ғана емес, сонымен бірге оларды орындауға қатысатын, итермелейтін немесе саналы түрде рұқсат ететіндерге де қатысты екендігі көрсетілген.³⁷ Бұл рұқсат етілмеген әдістерді қолдануға бұйрық беретін бастықтар мен азаптауларға жағдай жасайтын мекемелер де жауапты екенін білдіреді. Мемлекет азаптаулардың алдын алу

³⁴ «Aut dedere aut judicare» қағидаты (латын тілінен аударғанда «не ұстап бер, не сотта») халықаралық құқықта аумағында қылмыс жасады деп күдік келтірілген адам бар мемлекет оны сот арқылы қудалау үшін басқа елге ұстап беруге немесе сол адамға қатысты сот талқылауын өзі жүргізуге міндетті екенін білдіреді.

³⁵ Сольвейг Анри, Сот арқылы қудалау жүргізу немесе ұстап беру міндеттемесіне қатысты мәселелер (Бельгия Сенегалға қарсы) ісі: БҰҰ Халықаралық Сотының 2012 жылғы 20 шілдедегі шешімінің мағынасы // Қол жеткізу тәртібі: <https://academia.ilpp.ru/wp-content/uploads/2021/10/MP-1-9-2014-011-023-Anri.pdf> (20.07.2025).

³⁶ Andrea Bianchi, Immunity versus Human Rights: The Pinochet Case // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.ejil.org/pdfs/10/2/581.pdf> (19.07.2025).

³⁷ Барлық адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы декларация. БҰҰ БА 9.12.1975 ж. 3452 (XXX) қарарымен қабылданды // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/torture.shtml (20.07.2025).

бойынша институционалдық шаралар қабылдауға міндетті: персоналды тиісінше оқыту, қадағалау және есеп беру тетіктерін енгізу, тәуелсіз тергеу органдарын құру. Егер азаптаулар жасалса, мемлекет шарттар мен әдеттегі құқық бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін халықаралық-құқықтық жауаптылықта болады. Институционалдық жауаптылықтың бір аспектісі – мемлекеттің азаптаулар құрбандарына зиянды өтеу және оңалту құқығын қамтамасыз ету міндеті. Азаптауларға қарсы конвенцияның 14-бабында азаптаулар құрбандарына медициналық және психологиялық көмекті қоса алғанда, барабар өтемақы беруді талап етіледі.³⁸ Осылайша, жауаптылық қағидаты кінәлі адамдарды жазалауды да, зардап шеккендерге қатысты әділеттілікті қалпына келтіруді де, азаптауларға жол берген институттарды реформалауды да қамтиды.

Келесі маңызды қағидат – азаптауларға тыйым салуды іске асыру кезінде **кемсітушілікке жол бермеу**. Адам құқықтары бәріне бірдей таралады және нәсіліне, жынысына, діни сеніміне, әлеуметтік мәртебесіне немесе басқа да белгілеріне қарамастан азаптауларға тыйым салынады. Сонымен қатар, халықаралық құқық азаптаулар көбінесе осал топтарға немесе белгілі бір этникалық немесе әлеуметтік топтарға қатысты қолданылатынын ескереді. Сондықтан Азаптауларға қарсы конвенцияда азаптаудың анықтамасына «кез келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез келген себеп бойынша» азап шеккен жағдайларын тікелей енгізіледі.³⁹ Бұл мемлекеттердің барлық адамдарды, соның ішінде кемсітушілік зорлық-зомбылықтың ерекше қаупіне ұшырауы мүмкін адамдарды азаптаулардан қорғау міндеттемесін күшейтеді. Кемсітпеушілік қағидаты сондай-ақ азаптауларға барлық кінәлілер өздерінің лауазымына немесе атағына қарамастан бірдей жауапқа тартылуы тиіс, ал құрбандар сот төрелігі мен көмекке тең қол жеткізуі керек дегенді білдіреді. Мемлекеттер өшпенділікпен немесе біржақты түсінікпен уәжденген азаптаулардың алдын алуға ерекше назар аударуы және жәбірленушінің «ерекше мәртебесімен» қатыгез іс-әрекеттерді кез келген ақтауды әрекеттерін тоқтатуы тиіс.

Жоғарыда аталған қағидаттардан басқа, азаптауларға қарсы күрестің институционалдық базасын нығайтатын **өзге де қағидаттар мен нормалар** бар. Олардың қатарында лауазымды адамдардың әрекеттері заңға және халықаралық стандарттарға қатаң бағынуын талап ететін құқық қорғау және пенитенциарлық қызметтегі **құқық үстемдігі қағидаты** бар. Құқықтық рәсімдерден кез келген ауытқу (мысалы, жасырын ұстау, адвокатты беруден бас тарту, мойындау үшін қолданылатын азаптаулар) заңдылық қағидатына сәйкес келмейді. Дамыған құқықтық жүйелерде азаптау арқылы алынған дәлелдемелер автоматты түрде сотта жарамсыз деп танылады. Бұл **азаптаулар арқылы алынған дәлелдемелерді алып тастау қағидаты** Азаптауларға қарсы конвенцияның 15-бабында бекітілген және азаптауларға қарсы қосымша кепілдік болып табылады.

³⁸ Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция, Бас Ассамблеяның 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен қабылданды // Қол жеткізу тәртібі: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/torture.shtml (20.07.2025).

³⁹ Сонда.

Бұған қоса ұсталғандарға адамгершілікпен қарау қағидаты мемлекеттерді бас бостандығынан айырылған кез келген адамға адамгершілікпен және қадір-қасиетін құрметтеумен қарауға міндеттейді (мысалы, АСКХП 10-бабында және БҰҰ-ның бірқатар «жұмсақ» нормаларында бекітілген). Бұл қағидатты іске асыру ұстау жағдайларын институционалдық бақылау шараларының, мысалы, тұрақты медициналық тексерудің, тәуелсіз органдарға шағымдану мүмкіндігінің, detention⁴⁰ орындарына қоғамдық мониторингтің болуын талап етеді. Аталған қағидаттардың жиынтығы халықаралық-құқықтық іргетасты құрайды, оның негізінде мемлекеттер заңнамадан бастап құқық қолдану практикасын қоса алғанда, азаптаулардың алдын алудың тиімді жүйесін құруы тиіс.

Азаптауларға қарсы іс-қимылдың халықаралық органдары мен тетіктері. Аталған қағидаттардың институционалдық маңыздылығы олардың сақталуын бақылауға және мемлекеттерге міндеттемелерді іске асыруға көмектесуге бағытталған арнайы халықаралық органдардың қызметі арқылы көрініс табады. Жаһандық ауқымда 1984 жылғы Азаптауларға қарсы конвенцияға сәйкес құрылған БҰҰ АҚК маңызды рөл атқарады. Бұл сараптамалық орган Азаптауларға қарсы конвенцияның орындалуын қадағалайды: қатысушы мемлекеттердің тұрақты баяндамаларын қарайды, оларға жалпы тәртіптегі ұсынымдар мен ескертулер береді, сондай-ақ ұлттық қорғау құралдары таусылған адамдардан жеке шағымдарды қабылдауға өкілетті. Комитеттің практикасы Азаптауларға қарсы конвенцияның ережелеріне, атап айтқанда қажетті алдын алу шаралары, азаптауларды тергеу стандарттары, құрбандардың құқықтарын қорғау туралы және т.б. ережелеріне түсіндірмелердің үлкен жиынтығын қалыптастырды. Сонымен қатар, Азаптауларға қарсы конвенция шеңберінде Комитетке өз бастамасы бойынша қандай да бір мемлекетте азаптауларды жүйелі түрде қолдану туралы хабарламаларды тергеуге мүмкіндік беретін құпия тергеулер рәсімі (20-бап) бар. Бұл тетіктер мемлекеттердің институционалдық жауаптылығын арттырады: халықаралық бақылау туралы біле отырып, биліктер БҰҰ АҚК ескертулеріне сәйкес заңнама мен практиканы жетілдіруге мәжбүр.

Азаптауларға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың ережелеріне сәйкес құрылған БҰҰ ААКК азаптаулар мен тиісті емес іс-әрекеттердің алдын алуға проактивті көзқарасқа бағытталған алдын алу мандатына ие. БҰҰ ААКК Факультативтік хаттамаға қосылған мемлекеттердің ұлттық алдын алу тетіктерімен жұмыс істейді. БҰҰ ААКК қатысушы мемлекеттерге сапарлар жасайды, олардың барысында кез келген бас бостандығынан айыру орындарына барады, сондай-ақ қатысушы мемлекеттерге ҰАТ қызметі бойынша кеңестер береді. БҰҰ ААКК мүшелері түрме қызметкерлерінің немесе басқа куәгерлердің қатысуынсыз, бас бостандығынан айырылған адамдармен жеке сұхбаттар жүргізеді. Өздерінің сапарлары барысында БҰҰ ААКК мүшелері лауазымды адамдармен, адвокаттармен, дәрігерлермен де кездеседі және тұтқындалғандардың жағдайын жақсарту бойынша шұғыл шаралар қабылдау жөнінде ұсыным бере алады. Азаптаулардың алдын алу мақсатында БҰҰ ААКК

⁴⁰ Detention – ұстап алу, қамау, күзетпен ұстау, қамаққа алу, бас бостандығынан айыру, ұстау, жазалау.

БҰҰ-ның тиісті органдарымен және тетіктерімен, сондай-ақ халықаралық, өңірлік және ұлттық институттармен немесе ұйымдармен ынтымақтасады. БҰҰ ААКК Азаптауларға қарсы комитетке және БҰҰ Бас Ассамблеясына жыл сайын өз қызметі туралы жария баяндама ұсынады.

БҰҰ жүйесінде **Азаптаулар мәселесі жөніндегі арнайы баяндамашы** – мандатын БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы (қазіргі Кеңес) бекіткен тәуелсіз сарапшы да жұмыс істейді. Арнайы баяндамашы бүкіл әлемдегі азаптаулар жағдайларына мониторинг жүргізеді, елдерге сапарлар жасайды, тақырыптық баяндамалар дайындайды және үкіметтерге шұғыл жағдайлар бойынша өтініштер жібереді. Арнайы баяндамашының қызметі (1985 жылы П.К. Бермехоның мандатымен басталған) азаптаулар проблемасына әлемдік қоғамдастықтың назарын аударады және мемлекеттерді оны шешуде ынтымақтастыққа шақырады. **БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі** (БҰҰ АҚК) өз сессияларында азаптауларды айыптайтын қарарлар қабылдайды және Арнайы баяндамашының мандатын ұзартады, осылайша азаптауларға қарсы жаһандық консенсусты саяси тұрғыдан бекітеді. Сонымен қатар, БҰҰ АҚК алаңында Әмбебап кезеңдік шолу (ӘКШ) тетігі бар, оның шеңберінде әрбір 4-5 жыл сайын барлық мемлекеттердің адам құқықтарын сақтауы қарастырылады және әр елдің ӘКШ ұсынымдарында азаптаулардың алдын алу шаралары туралы мәселе көтеріледі. Осылайша, БҰҰ тетіктері арқылы азаптауларға абсолютті тыйым салу қағидаты және онымен байланысты міндеттемелер **әмбебап мониторинг жүйесіне** енгізілген.

Еуропалық өңірлік деңгейде азаптауларға тыйым салудың сақталуын қамтамасыз ететін ең маңызды сот тетігі – АҚЕС. АҚЕК-ке сәйкес (3-бап) Еуропа Кеңесі кеңістігінде азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерге мүлдем тыйым салынған.⁴¹ АҚЕС шешімдерінің мемлекеттер үшін заңды түрде міндетті күші бар. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің жанында 1987 жылғы Азаптауларға қарсы еуропалық конвенция бойынша құрылған ААЕК алдын алу органы жұмыс істейді. ААЕК сарапшылары қатысушы елдердің бас бостандығынан айыру орындарына тұрақты кенеттен баруды жүзеге асырады, олардың қорытындысы бойынша үкіметтерге құпия есептер мен ұсынымдар дайындайды. ААЕК есептері ұсынымдық сипатта болады. Осындай алдын алу мониторинг тетігі АҚКФХ⁴² сәйкес БҰҰ ААКК түрінде жаһандық деңгейде енгізілген, БҰҰ ААКК Хаттаманы ратификациялаған мемлекеттердегі ұстау орындарына баруға және ҰАТ-пен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті.

Қатарына жүйелі түрде жасалған азаптаулар да кіретін ең ауыр қылмыстарға қарсы күрес институты ретінде **Халықаралық қылмыстық сотты (ХҚС)** де атап өткен жөн. 1998 жылғы Рим статуты шеңберінде азаптау адамзатқа қарсы қылмыс (7-бап) немесе нақты мәнмәтінге байланысты әскери

⁴¹ Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық конвенция (АҚЕК, 1950 ж.) // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (21.07.2025).

⁴² БҰҰ-ның Азаптауларға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама. – Нью-Йорк, 2007 жылғы 25 қыркүйек (2008 жылғы 22 маусымнан бастап күшіне енді) // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z080000048> (21.07.2025).

қылмыс (8-бап) ретінде жіктеледі.⁴³ Егер ұлттық органдар сот төрелігін жүзеге асырғысы келмесе немесе жүзеге асыра алмаса, ХҚС жоғары лауазымды адамдарды азаптаулар жасағаны үшін қудалай алады. ХҚС-ның қазіргі практикасында азаптау жағдайлары, мысалы, Конгодағы, Малидағы, Дарфурдағы бейбіт тұрғындарға қатысты қылмыстар туралы істерде болды. ХҚС юрисдикциясы Статутқа қатысушы елдердің шеңберімен немесе БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерімен шектелген.

Соңында, азаптауларға жол бермеу қағидаттарын институттандыру бағытында **азаматтық қоғамның және басқа да халықаралық ұйымдардың рөлі** де айтарлықтай. Олардың қызметі көбінесе халықаралық органдардың (БҰҰ, өңірлік ұйымдар) ден қою шараларын қабылдауына түрткі болады. Халықаралық Қызыл Крест комитеті (ХҚКК) өзінің гуманитарлық мандаты аясында көптеген елдердегі түрмелер мен тергеу изоляторларына барып, тұтқындалғандарға адамгершілікпен қарауға қол жеткізеді.

Осылайша, БҰҰ-дан бастап ҮЕҰ-ға дейінгі органдардың көпдеңгейлі жүйесі проблемаларды анықтауға және азаптауларға қарсы іс-қимылдың үздік практикаларын ендіруге көмектесе отырып, азаптауларға тыйым салу туралы халықаралық-құқықтық қағидаттардың іс жүзінде қолданылуын қамтамасыз етеді. «Азаптауларға абсолютті тыйым салудан бастап оларды тергеу және жазалау міндетіне дейінгі» халықаралық құқықтың қағидаттық нормалары адам құқықтарын институционалдық қорғаудың іргетасы болып табылады.

⁴³ Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты // Қол жеткізу тәртібі: [https://www.un.org/ru/law/icc/rome_statute\(r\).pdf](https://www.un.org/ru/law/icc/rome_statute(r).pdf) (22.07.2025).

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР МЕН ЖАЗАЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Бірқатар елдің азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер нысандарының алдын алу тәжірибесі заңнамалық тыйым салуларды, тәуелсіз бақылау тетіктерін, тиімді сот арқылы қорғауды және зардап шеккендерді оңалту шараларын қамтитын кешенді тәсілді көрсетеді.

Бұл бөлімде бірқатар елдің (Германия, Франция, Швеция, Нидерланды, Ұлыбритания, Канада, Жапония, Корея Республикасы және т.б.) ұлттық заңнамасы қарастырылған: халықаралық міндеттемелерге сәйкестігі; ұлттық алдын алу тетіктері мен омбудсмен институттарының жұмыс істеуі; сот және құқық қорғау практикасы; персоналды оқыту, құрбандар мен куәгерлерді қорғау, оңалтуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар.

Аталған мемлекеттерде, әдетте, азаптауларға және қатыгез іс-әрекеттерге тыйым салатын ұлттық заңнама жүйесі бар. Германия, мысалы, Азаптауларға қарсы конвенцияны ратификациялап, барлық азаптаулар жағдайларын тергеуді және кінәлілерді жауапқа тартуды міндеттейтін оның ережелерін ішкі заңнамаға енгізді. Германияның құқықтық жүйесінің негізі Конституция⁴⁴ болып табылады, онда адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық жария етіледі және адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерге тікелей тыйым салынады. Осы ел АҚЕК-ті де ратификациялады және АҚЕС юрисдикциясына жатады. Азаптауларға қарсы конвенция нормаларына мазмұны жағынан ұқсас АҚЕК 3-бабында азаптауларға және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттерге тыйым салынады. Германияның қылмыстық заңнамасында азаптаулар үшін қылмыстық жазалау қарастырылады, зорлық-зомбылықты ақтаудың кез келген әрекетіне жол берілмейді. Осыған ұқсас тәсілдер **Францияда** да байқалады, онда 1986 жылы ратификацияланған Азаптауларға қарсы конвенцияға сәйкес келтірілген Қылмыстық кодексте азаптауларға тікелей тыйым салынған.⁴⁵ Француз заңдарында құзыретті органдарды азаптаулар немесе қатыгез іс-әрекеттер туралы әрбір хабарламаны тергеп-тексеруге міндеттейді, сондай-ақ адамдарды азаптау қаупі бар мемлекеттерге беруге немесе

д
е
п
о

Швеция да Азаптауларға қарсы конвенцияны ратификациялап, ішкі заңнаманы оның талаптарына сәйкестендірді. Швеция заңдарында

а

Ц ⁴⁴ Германия Федеративтік Республикасының 1949 жылғы 23 мамырдағы Конституциясы. // Қол жеткізу тәртібі: <https://legalns.com/download/books/cons/germany.pdf> (17.07.2025).

И ⁴⁵ Францияның Қылмыстық кодексі, 1992 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/14297> (17.07.2025).

Я ⁴⁶ «Non-refoulement» қағидаты немесе шығарып жібермеу қағидаты босқындар мен пана іздеген адамдарды олардың нәсіліне, дініне, азаматтығына, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығына немесе саяси наным-сеніміне байланысты қудалауға байланысты өміріне немесе бостандығына қауіп төнуі мүмкін елдерге мәжбүрлеп қайтаруға болмайтынын білдіреді.

Ғ
а

Т

айыпталушылардың лауазымдық жағдайына қарамастан, азаптаулар туралы кез келген мәлімдемелерді міндетті түрде тергеп-тексеруді талап етіледі, сондай-ақ адамдарды азаптау қаупі бар жерге беруге қатаң тыйым салынады.⁴⁷ Адам құқықтарын қорғаудың конституциялық негіздері жалпы құқық мемлекеттерінде де бекітілген: мысалы, **Канадада** Құқықтар мен бостандықтар хартиясында (1982 жылғы Конституциялық актінің құрамында) азаптаулардан және қатыгез іс-әрекеттерден бостандыққа кепілдік беріледі, атап айтқанда, Хартияның 12-бабында «ешкім қатыгез және ерекше жазаға тартылмауы тиіс» деп жазылған.⁴⁸ Бұл конституциялық ереже Канададағы адам құқықтары саласындағы барлық құқық қолдану практикасының негізін қалайды. Бұдан басқа, Қылмыстық кодекске азаптауларға тыйым салатын және оларды қолданғаны үшін жаза белгілейтін арнайы 269.1-бап енгізілді.⁴⁹ Канада заңнамасында Азаптауларға қарсы конвенцияның 3-бабына толық сәйкес келетін, адамдарды азаптау қаупі төнуі мүмкін мемлекеттерге экстрадициялауға тыйым салатын «шығарып бермеу қағидаты» нормасы да бар.

Ұлыбритания Еуроодақтан шыққанына қарамастан, АҚЕК мүшесі болып қала береді. Оның 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заңында азаптауларға тыйым салуды қоса алғанда, АҚЕК ережелері имплементтелген (3-бап). Британдық қылмыстық құқықта азаптауларға қылмыстық сипат беріледі (1988 жылғы Қылмыстық сот төрелігі туралы заңның 134-бабы) және төтенше

ж

а

ғ

д

а

й

л

а

р

ғ

а

н

е

м

е

⁴⁷ Sara Isman, Diplomatic Assurances – Safeguard against Torture or Undermining the Prohibition of Refoulement? // Қол жеткізу тәртібі: <https://lup.lub.lu.se/luur/download?func=downloadFile&recordId=1558562&fileId=1564695> (17.07.2025).

⁴⁸ Канаданың құқықтар мен бостандықтар хартиясы, 1982 ж. // Қол жеткізу тәртібі: https://publications.gc.ca/collections/collection_2017/pch/CH37-4-1-2005-rus.pdf (17.07.2025).

⁴⁹ Канаданың Қылмыстық кодексі, 1985 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/9332> (17.07.2025).

⁵⁰ Ұлыбританияның қылмыстық әділет туралы заңы, 1988 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1988/33/contents> (17.07.2025).

⁵¹ Нидерланды Корольдігінің Конституциясы, өзгерістермен және толықтырулармен, 1983 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://legalns.com/download/books/cons/netherlands.pdf> (17.07.2025).

⁵² Жапонияның Конституциясы, 1947 ж. // Қол жеткізу тәртібі: <https://legalns.com/download/books/cons/japan.pdf> (17.07.2025).

ы

қ

т

ы

ны және 1995 жылы Азаптауларға қарсы конвенцияны ратификациялады, осылайша өзіне тиісті міндеттемелерді алды. Корея Республикасының ұлттық қылмыстық заңнамасында азаптаулар қылмыс ретінде сараланады, сондай-ақ конституциялық кепілдіктер еріксіз жолмен (яғни қысым немесе азаптаулар арқылы) алынған дәлелдемелердің сотта жол берілмейтіндігі туралы ережемен толықтырылды.⁵³

Қазіргі құқықтық мемлекеттерде АҚКФХ-да көзделген, азаптауларға қарсы іс-қимылдың ажырамас бөлігі **бас бостандығынан айыру орындарына мониторинг жүргізудің тәуелсіз тетіктерін құру** (ҰАТ) болып табылады. Германия АҚКФХ бойынша міндеттемелерді орындап, федералдық деңгейде жерлер бойынша өңірлік комитеттерге бөлінген тәуелсіз комиссия түрінде ҰАТ құрды. Бұл тетік қамаудағы адамдар ұсталатын барлық мекемелерге (тергеу изоляторлары, түрмелер, полиция учаскелері, арнайы қабылдау орындары, психиатриялық стационарлар, мигранттарды ұстау орталықтары және т.б.) кедергісіз кіру құқығына ие. ҰАТ ұсынымдарын мемлекеттік органдардың міндетті орындауы заң жүзінде қамтамасыз етіліп, оның жыл сайынғы есептері жарияланып отырады.⁵⁴

Франция АҚКФХ ратификациялағаннан кейін көп ұзамай 2008 жылы ҰАТ-ты құрды. Францияда ҰАТ функцияларын атқарушы билікке тәуелсіз сарапшылар тобынан тұратын тәуелсіз орган – Бас бостандығынан айыру орындары бойынша бақылаушы орындайды.⁵⁵ Бұл сарапшылар пенитенциарлық мекемелерге, полиция изоляторларына, шетел азаматтарын ұстау орталықтарына және басқа да бас бостандығынан айыру орындарына ескертусіз тұрақты барады, ұстау жағдайларын бағалайды, қамаудағы адамдармен және персоналмен құпия әңгімелесулер жүргізеді, қатыгез іс-әрекеттер жағдайларын құжаттап отырады. Бақылаушы сапарлардың нәтижелері бойынша егжей-тегжейлі ұсынымдары бар есептер жасайды, олар мемлекеттік органдарға беріледі және ашық қолжетімділікте жарияланады. Францияда ҰАТ-тан бөлек, күш құрылымдарының әрекеттеріне қатысты азаматтардың шағымдарын қарайтын Құқықтар бойынша уәкіл институты бар.⁵⁶ Уәкілдің қызметі бас бостандығынан айыру орындары саласын да қамтиды, ол ұсталғандар мен сотталғандардың құқықтары қалай сақталатынын, оның ішінде ұстау жағдайларын, медициналық көмекке қолжетімділігін және басқа мәселелерді бақылайды.

Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттердің міндеттемелерін орындау жөніндегі комиссияның 2023 жылғы баяндамасының деректері Францияда пенитенциарлық жүйе мекемелерінің толып кетуі, бас бостандығынан айыру орындарында ұстаудың қанағаттанарлықсыз жағдайлары проблемалары бар

⁵³ Amnesty International. Republic of Korea: Urgent need for OPCAT ratification. – AI Index ASA 25/15/93, 1993 // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.amnesty.org/ar/wp-content/uploads/2021/06/asa250151993en.pdf> (17.07.2025).

⁵⁴ Азаптаулардың алдын алу. Ұлттық алдын алу тетіктерінің рөлі, Кәсіби дайындық мәселелері бойынша материалдар сериясы № 21 // Қол жеткізу тәртібі: https://www.ohchr.org/sites/default/files/Documents/Publications/NPM_Guide_RU.pdf (17.07.2025).

⁵⁵ Франция дипломатиясы. Зорлық-зомбылық жоғалулар, азаптаулар мен өз бетінше ұстауға қарсы күрес // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/politique-etrangere/droits-de-l-homme/disparitions-forcees-lutte-contre-la-torture-et-detentions-arbitraires/> (17.07.2025).

⁵⁶ Франция Әділет министрлігінің ресми сайты // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.justice.gouv.fr/justice-france/acteurs-justice/professionnels-du-droit/mediateur> (17.07.2025).

екенін көрсетеді.⁵⁷ Түрмелердің толып кету проблемасы Мажарстанда да бар. Бұдан басқа, ААЕК Мажарстан билігіне мүмкіндіктері шектеулі тұтқындалғандардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін персоналды медициналық және әлеуметтік көмек саласында тиісті түрде даярлауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ медбикелер штатын ұлғайтуға ұсыным жасады.⁵⁸

Швецияда дербес ҰАТ жоқ, оның функцияларын Омбудсмен кеңсесіндегі бас бостандығынан айыру орындарына алдын алу баруға жауапты бөлімше орындайды.⁵⁹ Тексерулер барысында тұтқындалғандармен және ұсталғандармен құпия әңгімелесулер жүргізіледі, есепке алу журналдары, шағым беру рәсімдері және қамаудағы адамдармен қарым-қатынас кезінде процестік кепілдіктердің сақталуы тексеріледі. Тексеру нәтижелері есептер түрінде ресімделеді, олар тиісті ведомстволарға жіберіледі және жалпыға ортақ ақпарат үшін жарияланады.⁶⁰

2021 жылы Швецияға сапарының қорытындысы бойынша ААЕК баяндамасында Комитет полицияның заңсыз әрекеттеріне қарсы негізгі құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етуге, атап айтқанда ұсталғандардың жақын туыстарына немесе үшінші тұлғаларға ұсталғаны туралы хабарлау, адвокатқа және медициналық көмекке қол жеткізу құқығына қатысты кемшіліктердің сақталуына алаңдаушылық білдірді.⁶¹

Ұлыбритания АҚКФХ ережелерін ҰАТ-қа (Ұлыбританияда ҰАТ ресми түрде 2009 жылы құрылды) біріктірілген органдар желісін құру арқылы іске асырды. ҰАТ құрамына 21 ұйым кіреді (түрмелер инспекциялары, полиция, иммиграциялық орталықтар, мәжбүрлеп ұстау орындарын қадағалау жөніндегі комиссиялар, түрмелер жанындағы тәуелсіз байқау кеңестері және т.б.), бұл органдардың жұмысын үйлестіруді ҰАТ хатшылығы ретінде Ұлы Мәртебелінің тұтқындалғандар жөніндегі инспекциясы (HM Inspectorate of Prisons)⁶² жүзеге асырады. Мұндай модель алдын алу мониторингі үшін қолда бар ресурстарды пайдалануға мүмкіндік берді, ҰАТ-тың барлық мүшелері қамауда ұстау орындарына кедергісіз баруға және құжаттамаға қол жеткізуге заң жүзінде бекітілген құқыққа ие. Тексеру нәтижелері парламентке жіберілетін, Біріккен Корольдіктің ҰАТ жөнінде жыл сайынғы жиынтық баяндамасында жарияланады.⁶³ 2023 жылдың наурыз-сәуір

⁵⁷ RFI порталындағы мақала // 2005 // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.rfi.fr/ru> (29.08.2025).

⁵⁸ Report to the Hungarian Government on the visit to Hungary carried out by the European Committee for the Prevention of Torture and Inhuman or Degrading Treatment or Punishment (CPT) from 20 to 29 November 2018 // Қол жеткізу тәртібі: <https://rm.coe.int/16809ce9ec> (18.09.2025).

⁵⁹ Сунгуров Александр. Омбудсман институты: дәстүрлердің эволюциясы және қазіргі заманғы практика (салыстырмалы талдау тәжірибесі), Санкт-Петербург 2005 // Қол жеткізу тәртібі: https://aspirant.at.ua/Books/Sungurov_Ombudsman.pdf (17.07.2025).

⁶⁰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасы Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 5/1 қарарына қосымшаның 15 b) тармағына және Кеңестің 16/21 қарарына қосымшаның 5-тармағына сәйкес дайындаған жинақ, Швеция // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.refworld.org/ru/policy/comp/unhrc/2014/ru/103508> (17.07.2025).

⁶¹ АҚЕК-тың Швецияға сапарының қорытындысы бойынша баяндамасы // Қол жеткізу тәртібі: <https://rm.coe.int/1680a3c257> (02.09.2025).

⁶² «Inspectorate of prisons» - түрмелер инспекциясы. Түрме инспекторлары терминін де қолдануға болады.

⁶³ Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің ҰАТ ресми сайты // Қол жеткізу тәртібі: <https://nationalpreventivemechanism.org.uk/about/how-we-are-structured/> (17.07.2025).

қоғам өкілдерінен құрылатын қоғамдық бақылау комиссиялары жұмыс істейді. Мысалы, **Ұлыбританияда** әр түрмеде Тәуелсіз бақылау кеңесі (Independent ерікті негізде түрмелерге үнемі барады, тұтқындармен сөйлеседі, ұстау шарттарын тексереді және Әділет министрлігіне есеп береді. **Германия** мен **Францияда** да алдын алу тетіктерінің жұмысына үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары тартылады: омбудсмендер жанында немесе өз бетінше жұмыс істейтін қоғамдық кеңестердің мүшелері ведомстволық бағынысты мекемелерге жеке немесе уәкілдермен бірлесіп барады және мониторингтік сапарларға қатысады. Шетелдік тәжірибені зерттеу көрсеткендей, онда омбудсмен консультативтік қоғамдық кеңес пен ҰЕҰ өкілдерін алдын ала болуға тарта отырып, ҰАТ жұмысын үйлестіретін «Омбудсмен+» моделі ең көп таралған болып табылады. Сонымен, Дания мен Словенияда келесі формат бар: омбудсмен арнайы құрылған кеңес мүшелерімен және құқық қорғау ұйымдарынан шақырылған сарапшылармен бірге бас бостандығынан айыру орындарына сапарларды жүзеге асырады. Алдын алу тетіктерінің қызметін қаржыландыру әдетте мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады, бұл мемлекеттерге олардың тәуелсіздігін ресурстық қамтамасыз ету міндетін жүктейді.

Германияда, Францияда, Ұлыбританияда, Нидерландыда, АҚШ-та және кейбір басқа елдерде шартты түрде соттау немесе келісім бойынша жазадан босату мұндай қылмыстарға жол берілмейтін азаптау үшін жауапкершілікті жеңілдететін кез келген сот төрелігі мәмілелеріне тыйым салынған. Азаптауды қолдануда ұсталған құқық қорғаушы қызметтің «ерекше жағдайлары» деген сылтаумен жұмсақтыққа сене алмайды. Көптеген юрисдикцияларда азаптау туралы айыптауларды тергеуді күдікті құрылымдарға бағынбайтын тәуелсіз органдар жүзеге асыруы керек деп белгіленген. Мысалы, **Францияда** полицейлердің азаптау айыптарының әр жағдайында тергеуді тергеу судьясы жүргізеді. **Канадада** полиция қызметкерлері жасаған қылмыстар туралы істер сол полициядан тәуелсіз бөлімшелерге берілуі мүмкін (мысалы, Квебекте тәуелсіз тергеу бюросы бар).

Әдебиеттер мен жалпылаулар азаптау мен қатыгездікке қарсы тұрудың тиісті тетіктері мен модельдерінің әртүрлі жіктелуін ұсынады⁶⁹.

Осылайша, мысалы, қоғамдық элементті тарта отырып, полицияға қатысты сыртқы органдардың түрлерін үш модельге бөлу ұсынылды: қарауды (шешім қабылдауды) және жазаны ұсынуды қамтитын қоғамдық (азаматтық) қарау; шағымдарды тіркеуді және қарауды қамтитын қоғамдық тартуды; шағымдарды қарауды қадағалауды қамтитын азаматтық мониторинг⁷⁰. Алайда, бұл жіктеулер тиісті модельдер мен тетіктердің қылмыстық іс жүргізу және процедуралық аспектілері тұрғысынан жеткілікті түрде егжей-тегжейлі және дәйекті емес.

⁶⁹ См. Smith, G., Every complaint matters: Human Rights Commissioner's opinion concerning independent and effective determination of complaints against the police, *International Journal of Law, Crime and Justice* (2010), doi:10.1016/j.ijlcj.2010.03.001.

⁷⁰ См. M. De Boer, R. Fernhout, Policing the Police. Police Oversight Mechanisms in Europe: Towards a Comparative Overview of Ombudsmen and Their Competencies. Background Report for the Asia-Europe Foundation; 2008, стр. 3: www.asef.org/images/docs/1270-Police_Oversight_Mechanisms_in_Europe.pdf.

Нақты істерді, шағымдарды, оқиғаларды тергеу тәсілдерін нақтылау, нақты адамдарды жауапқа тарту, адам құқықтарының халықаралық стандарттарын сақтау және жалпы тенденцияларды суреттеу мақсатында тәуелсіздік пен ашық көзқарастың институционалдык кепілдіктері, ал кейбір жағдайларда оларды мүдделі тараптарға да, бүкіл қоғамға да ерекше көрсету маңызды.

Бұл тұрғыда мемлекет органдары жүйесіндегі тиісті тетіктердің орны, олардың биліктің атқарушы тармағымен және, ең алдымен, полиция және басқа да құқық қорғау ведомстволарымен байланысы неғұрлым көрнекі болып табылады. Қолданыстағы тәжірибе кең ауқымға ие. Бұл бір жағынан полиция бөлімдеріне қатысты, бірақ үкіметпен немесе жоғары тұрған азаматтық министрлікпен еншілес сыртқы органды, ал екінші жағынан заң шығарушы билік шеңберіндегі органдарды құруды көздейтін модельдер.

Полицейлерге және өзге де құқық қорғау ведомстволарына қатысты сыртқы, бірақ үкіметпен немесе жоғары тұрған азаматтық министрлікпен еншілес модельдің мысалы ретінде **Англия** мен **Уэльсте** (Біріккен Корольдігі шеңберінде дербес юрисдикция ретінде) жұмыс істейтін Полицияға қатысты шағымдар жөніндегі тәуелсіз комиссияны (Independent Office for Police Conduct) көрсетуге болады.⁷¹

Комиссияның құзыретіне тиісті органдардың қызметкерлері тарапынан: өлім және ауыр дене жарақаттары; ауыр және ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық туралы деректер; жоғары офицерлердің істері; нәсілшілдік туралы мәлімдемелер; сот төрелігіне кедергі келтіретін аса ауыр оқиғаларды, шағымдар мен бұзушылықтар туралы мәлімдемелерді тергеу кіреді. Полиция органдары мен басқа да құқық қорғау органдарының барлық осындай жағдайлар немесе оқиғалар туралы Комиссияға хабарлау міндеті бар.

Кейбір елдер мамандандырылған тергеу-прокурорлық бөлімшелер құру жолымен кетті.

Осылайша, **Норвегияда** 2005 жылдан бастап Полиция істерін тергеу бюросы құрылды, ол полиция да, прокуратурадан да жүйелерінен тыс жұмыс істейді. Әкімшілік жағынан бұл бюро Әділет министрлігіне есеп бергенімен, айтарлықтай автономияға ие. Айта кету керек, ол полиция мен мемлекеттік прокуратура қызметкерлеріне қатысты қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ олардың қызметінен туындаған өлім немесе дене жарақатын келтіру фактілері бойынша прокурорлық функцияларды тергеп қана қоймайды, сонымен қатар жүзеге асырады.⁷²

Дәл осындай идея **нидерландтық** моделінде де бар, онда Арнайы мемлекеттік қылмыстық-тергеу департаменті жұмыс істейді, бірақ оның аймақтық бөлімшелері мен айыптауды қолдау үшін прокурорлық өкілеттіктері жоқ. Бұл тетіктің халықаралық-құқықтық талаптарға сәйкестігін АҚЕС қарады,

⁷¹ Полицияға шағымдарды қарау жөніндегі басқармасының ресми сайты (Independent Office for Police Conduct) // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.policeconduct.gov.uk/about-us/what-we-do> (17.07.2025).

⁷² Сванидзе Э. Развитие независимого механизма по расследованию случаев пыток в Казахстане, материалы Международной экспертно-практической конференции «Разработка эффективного механизма расследования фактов пыток в странах Центральной Азии», Алматы, 2013 – 95 с.

ол істерді бірінші кезеңнен бастап тергеуге қосу қажеттілігі (алғашқы тергеу әрекеттерін полиция жүргізді) және оны прокурорлық қадағалаудың тәуелсіздігі (полиция қатысты сол әкімшілік бірлік прокурорының көмекшісі жүзеге асырды) туралы мәселені көтерді. Осыған байланысты нидерландтық билігі мұндай істерді тергеу процедураларына тиісті өзгерістер енгізгені тән. Атап айтқанда, олар бойынша тергеу және өзге де іс-қимылдарды аталған департамент оқиғадан немесе тиісті ақпарат түскеннен кейін бірден жүргізе бастады. Полиция құрылымдарының оларды жүргізуге құқығы жоқ. Оларға тек оқиға болған жерді күзету және Департаменттің өзі тергеу басталғанға дейін қажет болған жерде куәгерлердің есебін жүргізу міндеті жүктеледі. Оларды тергеуге басшылықты басқа аумақтық бірліктердің прокурорлары жүзеге асырады.⁷³

Осы бағытта (жеке тергеу немесе прокурорлық органдар құру) посткеңестік кеңістіктің кейбір елдерінің жүйелері дамуда. Мәселен, **Молдавияда** 2010 жылғы мамырдан бастап Бас прокуратураның азаптау және қатыгездік істерін тергеу жөніндегі арнайы бөлімі жұмыс істейді, ол жергілікті жерлерде прокурорлардың жұмысын ұйымдастырады (олар өздерінің функционалдық міндеттері бойынша полиция органдарымен байланысты болмауы тиіс), сондай-ақ оларды дербес тексереді.

Арменияда 2008 жылдан бастап жеке арнайы тергеу қызметі құрылды, ол жоғары лауазымды тұлғаларға қатысты қылмыстық істерді, сондай-ақ полиция мен басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері жасаған қылмыстарды, соның ішінде азаптауды зерттейді.

Белгілі бір дәрежеде тиісті органдар мен тетіктерді биліктің заң шығарушы тармағымен байланыстыратын модельдер айтарлықтай таралды.

Осылайша, 2007 жылы **Мажарстанда** полиция туралы Заңға өзгерістер енгізілді, оған сәйкес полицияға қарсы шағымдар жөніндегі Тәуелсіз Комитет құрылды. Оның құрамына бес мүше кіреді, олар іргелі құқықтарды қорғау саласында үлкен тәжірибесі бар заңгер болуы керек. Комитеттің құзыретіне қылмыстық процеске қатысы барларды қоспағанда, полицияның іргелі құқықтар мен бостандықтарды бұзғаны туралы шағымдарды, хабарламаларды, жария мәлімдемелерді және өзге де ақпаратты қарау кіреді. Полицияның кез келген істері мен құжаттарына қол жеткізуді көздейтін тергеу нәтижелері бойынша Комитет полиция қызметінің басшысына жіберілетін шешімдерді қабылдайды, ол өз кезегінде қабылданған шаралар туралы екі апта ішінде хабарлауға міндетті. Барлық шешімдер Комитеттің веб-сайтында жарияланады.

Құзыреті шектеулі және шағымдарды бастапқы қарау органы болып табылатын **Мажарстан тетігінен айырмашылығы, бельгиялық моделінде** қызметтің тиімділігін жалпы парламенттік бақылау да, ішінде қылмыстық іс жүргізу, құқық қорғау органдарының теріс пайдалануына тергеу де функциялары біріктірілген.

⁷³ Сванидзе Э. Развитие независимого механизма по расследованию случаев пыток в Казахстане, материалы Международной экспертно-практической конференции «Разработка эффективного механизма расследования фактов пыток в странах Центральной Азии», Алматы, 2013 – 95 с.

1991 жылы **Бельгияда** Парламентке тікелей есеп беретін полицияның мониторингі жөніндегі Тұрақты Комитет құрылды. Оның тетігі Өкілдер Палатасы бес жыл мерзімге сайлайтын бес мүшеден тұратын (кейіннен екі мерзімге қайта сайлану мүмкіндігімен) Комитетті қамтиды. Оның өкілеттік саласына полициядан басқа құқық қорғау немесе тергеу қызметін жүзеге асыратын әртүрлі ведомстволар (кеден, қаржы министрлігінің бөлімшелері, табиғатты қорғау полициясы және т.б.) кіреді.⁷⁴

Заңнама мен алдын-ала қадағалаудан басқа, азаптаудың алдын алуда **сот және тергеу тәжірибесі** маңызды рөл атқарады, атап айтқанда күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарына кепілдік беру. Мұндағы негізгі элементтер болып келесілер табылады: азаптау немесе мәжбүрлеу арқылы алынған дәлелдемелерді сотта пайдалануға жол бермеу, ұстау және жауап алу процедураларын қатаң сақтау («процессуалдық кепілдіктер» деп аталатын), сондай-ақ тиімді тергеу және кінәлілерді жауапқа тарту.

Көптеген елдерде мынадай қағидат бекітілген: азаптау, физикалық немесе психологиялық қысым қолдану арқылы алынған кез келген кінәні мойындау туралы көрсетпелер немесе өзге де мәліметтер заңды күшіне ие болмайды және кінәсінің дәлелі ретінде пайдаланыла алмайды. Бұл қағида Азаптауға қарсы конвенцияның 15-бабынан туындайды және, мысалы, Жапония мен Корея Республикасының конституцияларында тікелей белгіленген. Алайда, бір декларативті тыйым жеткіліксіз – мойындауларды күштеп алудың алдын алу үшін практикалық тетіктер қажет. Мемлекеттер осындай бірқатар тетіктерді әзірледі. Олардың бірі – ұстау басталғаннан бастап қорғаушыға құқықты қамтамасыз ету және жауап алудың міндетті аудио немесе бейнежазбасы. Классикалық мысал ретінде **Ұлыбритания** болады, онда 1970-ші жылдары 1980-ші жылдардың басында полицияның қысымымен алынған мойындауларды қолданудан туындаған бірқатар танымал сот істерінен кейін, 1984 жылы Англия мен Уэльсте Полиция және қылмыстық дәлелдемелер туралы Заң қабылданды.⁷⁵ Бұл заң күдіктілердің барлық жауап алуларының міндетті аудиожазбасын енгізді, сондай-ақ ұсталған адамның ұсталған сәттен бастап адвокатқа қол жеткізу құқығын белгіледі (жауап алу кезінде адвокаттың болуын қоса) және айыптаусыз қамауда ұстау уақытын шектеді. Жауап алуды үздіксіз аудио (және кейінірек бейне) жазу талабы тергеу әрекеттері кезінде азаптауға немесе рұқсат етілмеген қысымға қарсы кепілдік болды. Бұл стандарт қазір кеңінен танылды: жауап алу жазбасы зорлық-зомбылықтың алдын алып қана қоймайды, сонымен қатар адал полицейлерді жалған айыптаулардан қорғайды, сонымен қатар сотта мойындаулардың тексерілуін қамтамасыз етеді.

Жауап алу барысын міндетті түрде тіркеу және адвокатқа ерте қол жеткізу тәжірибесі континентальды Еуропада да кең таралды. Осылайша, **Нидерланды мен Швецияда** күдікті ұсталған сәттен бастап қорғаушының қатысуына құқылы,

⁷⁴ Сванидзе Э. Развитие независимого механизма по расследованию случаев пыток в Казахстане, материалы Международной экспертно-практической конференции «Разработка эффективного механизма расследования фактов пыток в странах Центральной Азии», Алматы, 2013-95 С.

⁷⁵ 1984 жылғы Полиция және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер туралы заң // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/60/contents> (17.07.2025).

ал барлық жауап алулар аудио немесе бейнежазбаға жатады. Бұл күдіктіге қысым жасау, өзін-өзі айыптауға мәжбүрлеу немесе жауап алу хаттамаларын бұрмалау қаупін азайтады. **Францияда** заң бойынша адвокат сот тергеушісінің бақылауымен жүргізілетін барлық жауап алуға қатысады (яғни тергеудің негізгі кезеңдерінде), бұл жауап алынушының құқықтарының сақталуына кепілдік береді. **Германияда** күдіктімен тергеу іс-әрекетін жүргізу кезінде адвокаттың болмауы алынған ақпаратты жарамсыз деп тануға, ал іс-әрекеттің өзі жол берілмейтін деп тануға әкелуі мүмкін. Ұлыбританияда РАСЕ ережелеріне сәйкес адвокаттың қатысуынсыз немесе тиісті жазбасыз алынған кез-келген тану автоматты түрде дерлік күмәнді болып саналады және қорғаныс наразылығы кезінде сот алып тастайды. Сонымен қатар, британдық соттар айыпталушының құқықтарын бұза отырып (мысалы, мәжбүрлеу немесе алдау арқылы) алынғаны анықталса, кез-келген дәлелдемені алып тастауға міндетті. Мұндай нормалар бірқатар басқа жалпы құқық елдерінде де бар.

Құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық мекемелердің қызметкерлерін мақсатты оқытусыз және даярлаусыз азаптаудың тиімді алдын алу мүмкін емес. Шет мемлекеттер кәсіптік даярлау жүйесіне адам құқықтары, ұсталғандар мен қамаудағылармен қарым-қатынас этикасы, азаптауға және адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасқа жол бермеу жөніндегі арнайы бағдарламаларды енгізе отырып, осы бағытқа маңызды көңіл бөледі. Осылайша, **Канадада** азаптауға абсолютті тыйым салу туралы хабардарлықты арттыруға және ұсталғандарға адамгершілікпен қарау дағдыларын дамытуға бағытталған полиция мен түрме қызметкерлерін оқытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылады. Тренингтерге ұлттық және халықаралық құқық қорғау нормаларын зерделеу, теріс пайдаланудың нақты жағдайларын және олардың кінәлілерге тигізетін салдарын, сондай-ақ қақтығыстарды бәсеңдету және зорлық-зомбылықсыз ақпарат алу техникасын талдау кіреді. **Ұлыбританияда** РАСЕ⁷⁶ реформаларынан кейін тергеудің дәстүрлі «мойындаушылық» моделінен бас тартуға бағытталған полиция детективтеріне арналған әдістемелік материалдар мен курстар кешені құрылды. Осыған ұқсас **Швеция мен Норвегияда** болашақ түрме офицерлері 1-2 жылдық дайындықтан өтеді, онда адам құқықтары, психология және коммуникация пәндері айтарлықтай орын алады, тіпті қатаң режим жағдайында да тұтқындарға

қ
ұ
р
м
е

т Кейбір елдер осал санаттар мен арнайы тақырыптарды ескеретін мамандандырылған тренингтерді жүзеге асырады. Халықаралық стандарттар

е
Н ⁷⁶ 1984 жылғы Полиция және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер туралы заң // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/1984/60/contents> (17.07.2025).

К ⁷⁷ Е.А. Тимофеева Состояние и особенности профессиональной подготовки сотрудников пенитенциарных систем скандинавских стран // Қол жеткізу тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/sostoyanie-i-osobennosti-professionalnoy-podgotovki-sotrudnikov-penitentsiarnyh-sistem-skandinavskih-stran/viewer> (17.07.2025).

р
а
у
ғ

(Азаптауға қарсы конвенцияның міндеттемелерін және БҰҰ-ның тұтқын әйелдерге арналған «Бангкок ережелерін» қоса алғанда) қызметкерлерді жынысы бойынша зорлық-зомбылықтың алдын алуға, әйелдер мен кәмелетке толмағандардың ерекше қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, нәсілдік, этникалық және өзге де белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеуге үйретуді ұйғарады. Мысалы, **Канада** мен **Францияда** ұсталған әйелдермен жұмыс істеу туралы (әйелдер гигиенасы, жаракат психологиясы және т.б. мәселелерді қамтитын), сондай-ақ ұстау орындарындағы балалардың құқықтары туралы (кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін) жеке оқу модульдері бар. **Корея Республикасы** да оқытуды күшейтті, онда ННРСК мәліметтері бойынша тергеушілер мен бақылаушыларға азаптаудың алдын алу және ұсталғандардың құқықтарын сақтау тақырыптары бойынша тұрақты курстар енгізілген, олар жие университеттерімен және БҰҰ сарапшыларымен бірлесіп жүргізіледі.⁷⁸

Көптеген елдер судьялар мен прокурорларға азаптауға қарсы халықаралық стандарттар туралы хабардар болу үшін тренингтер өткізеді. Мысалы, **Францияда** Магистратура мектебі судьяларды даярлау курсына Еуропалық конвенцияны және АҚЕС прецеденттерін 3-бап бойынша зерделеуді қосады, осылайша судьялар азаптау белгілерін тани алады және сотталушылардың

а
н
ы
қ
т
а
у

Осылайша, барлық деңгейдегі кадрларды даярлау азаптау ықтималдығын азайта отырып, құқықтық және институционалдық шараларды толықтырады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, азаптауға қарсы күрес кінәлілердің алдын алу мен жазалауды ғана емес, сонымен бірге олардың әділеттілікке, қауіпсіздікке және өтемақыға қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, **зардап шеккендердің құқықтарын қорғауды да** қамтуы керек. Қарастырылып отырған елдерде азаптау құрбандары мен куәгерлерін қорғау жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда. Біріншіден, заңнама әдетте азаптау туралы хабарлаған адамдарға кепілдік береді: мұндай өтініштер туралы ақпарат өтініш берушіге ықтимал қысымның алдын алу үшін тек құзыретті қадағалау органдарына құпия түрде жеткізіледі. Мысалы, **Германия** мен **Францияның** пенитенциарлық жүйесінің ережелерінде сотталушының омбудсменмен немесе ҰАТ-мен хат алмасуы түрме өкімшілігінің цензурасына жатпайтындығы белгіленген, мұндай хаттар құпия болып саналады және ерікті тексеруден қорғалған. **Ұлыбританияда** бақылау кеңесінің мүшелері шағымдарды тікелей тұтқындардың жеке қабылдауында

⁷⁸ Кореяның адам құқықтары жөніндегі ұлттық комиссиясының ресми сайты // Қол жеткізу тәртібі: <http://www.humanrights.go.kr/eng/main/view> (17.07.2025).

⁷⁹ Лужина А.Н. Профессиональное образование в области правосудия в России и Франции: вопросы подготовки, переподготовки и повышения квалификации // Қол жеткізу тәртібі: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalnoe-obrazovanie-v-oblasti-pravosudiya-v-rossii-i-frantsii-voprosy-podgotovki-perepodgotovki-i-povysheniya-kvalifikatsii/viewer> (17.07.2025).

ы

м

ә

ратификациялау / оған қосылу													
АҚФХ ратификациялау	+	+	+	+	-	-	-	+	-	+	+	+	+
Конституцияда азаптауға тыйым салуды тікелей бекіту	+	-	-	+	-	+	+	-	-	-	+	+	+
Қылмыстық заңнамада азаптау туралы арнайы норманың болуы	+	+	+	-	+	-	-	+	-	+	+	+	+
«Омбудсмен+» моделі	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+
ҰАТ болуы	+	+	+	+	-	-	-	+	-	+	+	+	+
Қоғамдық бақылау комиссияларының болуы	+	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Зардап шеккендерге өтемақы	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	-	-	+

Кестеден көрініп тұрғандай, Қазақстанда және кейбір басқа мемлекеттерде азаптауға заңнамалық тыйым салуды, ұсталғандардың құқықтарын қорғаудың институционалдық кепілдіктерін, сондай-ақ азаматтық қоғамды және халықаралық мониторинг тетіктерін тартуды қоса алғанда, халықаралық алдын алу жүйесінің барлық дерлік негізгі элементтері жұмыс істейді. Дегенмен, бірқатар елдерде осы жүйенің жекелеген компоненттерінің болмауы немесе жеткіліксіз дамуы байқалады. Мысалы, кейбір юрисдикцияларда АҚК-ге Факультативтік хаттамада көзделген ҰАТ жоқ. Сондай-ақ, белгілі бір мемлекеттердің заңнамасында азаптаудың дербес қылмыстық-құқықтық біліктілігі жоқ. Талдау көрсеткендей, азаптауға қарсы шараларды іс жүзінде жүзеге асыруда кейбір кемшіліктер бар. Бірқатар елдердің пенитенциарлық жүйесінің мекемелері сотталғандармен толып жатыр, бұл оларды ұстау жағдайларына әсер етеді.

Кейінгі бөлімдерде осы нормаларды ұлттық құқықтық жүйеге және тәжірибеге енгізу тетіктеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілетін болады, сондай-ақ азаптаудың, қатыгездікпен және ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның алдын алу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында институционалдық және заңнамалық базаны одан әрі жетілдіруге арналған бағыттар белгіленетін болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗДІККЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаптауларға, қатыгез қарым-қатынасқа және жазалауға мүлдем тыйым салынатынын жариялайды. Конституцияның 17-бабында: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкім азаптауларға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамдық қатынасқа жол бермеуі тиіс».

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болды және адам құқықтарын қорғау саласындағы негізгі халықаралық шарттарды ратификациялады. Мәселен, 1998 жылы Қазақстан азаптауларға қарсы конвенцияға қосылды, ол бойынша міндеттемелер ұлттық заңнаманың оның ережелерін имплементациялауға бағытталған реформаларын талап етті. Атап айтқанда, заң шығарушы азаптаулардың алдын алудың тиімді шараларын қабылдау туралы Конвенцияның 2-бабының және азаптауларды қылмыстық қылмыс ретінде криминализациялау туралы 4-бабының талаптарын ескерді. (1-сурет)

АЗАПТАУЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ГЕНЕЗИСІ




Рисунок 1

е
т
т
е
г
е
н

⁸⁰ Қазақстан Республикасының Конституциясы (30.08.1995 жылғы республикалық референдумда қабылданды; 2025 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар) // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (09.07.2025).

Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттер өзінің юрисдикциясындағы кез келген аумақта азаптау актілерінің алдын алу үшін тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот немесе басқа да шараларды қабылдауға міндетті және жоғары тұрған бастықтың немесе мемлекеттік биліктің бұйрығы азаптауды ақтауға қызмет ете алмайтынын білуі тиіс.

Конвенцияны іске асыру шеңберінде елімізде заңнамалық, сондай-ақ институционалдық және практикалық салаларда азаптауларға және қатыгез қарым-қатынас пен жазалаудың басқа да түрлеріне қарсы күрес саласында жүйелі сипаттағы шаралар қабылданды.

1999 жылы «Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін және айыпталатын адамдарды күзетпен ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Заң қабылданды, онда ұсталғандардың құқықтарын сақтаудың, оның ішінде азаптаудан қорғаудың бірқатар кепілдіктері бекітілді. Бірақ бұл заңда азаптау ұғымы мен мұндай әрекет үшін жауапкершілік толық қамтылмады.

Ұлттық заңнамада «азаптау» ұғымы 2002 жылғы 21 желтоқсанда ҚК (1997 жыл) және ҚПК (1997 жыл) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде пайда болды, оған сәйкес қылмыстық заңнама азаптауды қолданғаны үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін 347-1-баппен толықтырылды, ал қылмыстық-процестік заңнамада азаптауды қолдану арқылы алынған дәлелдемелерге жол берілмейтіндігі туралы норма бекітілді. Осылайша, «азаптау» қылмысының дербес құрамы сот төрелігі мен жазаларды орындау тәртібіне қарсы қылмыстарға жатқызылды. Кейін 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодексті қабылдау кезінде азаптау туралы нормалар қайта қаралып, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар туралы тарауға ауыстырылды.⁸¹ Осылайша, заң шығарушы азаптаулар адамның негізгі құқықтарына қол сұғатынын атап өтті.

Халықаралық-құқықтық міндеттемелермен күшейтілген азаптауларға тыйым салу туралы конституциялық норма азаптаулардың алдын алуға бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыру үшін берік негіз қалады. Ратификацияланған шарттардың үстемдігі қағидатына сәйкес (1995 жылғы Конституцияның 4-бабы), Азаптауларға қарсы конвенция нормаларының әдеттегі заңдардан басымдығы бар, бұл ұлттық құқықтық базаны халықаралық стандарттармен салыстыруға итермелейді. Осы конституциялық және шарттық нормалардың қылмыстық құқықта, қылмыстық процесте, сондай-ақ азаптаулардың алдын алудың институционалдық тетіктерінде қалай іске асырылғанын қарастырайық.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық процесті одан әрі ізгілендіруге бағытталған жаңа ҚК және ҚПК қолданысқа енгізілді. Қылмыстық кодекстің 146-бабында көзделген қылмыстың субъектілері ретінде тек құқық қорғау органдарының қызметкерлері – тергеушілер мен анықтауды жүзеге асыратын адамдар ғана емес, сонымен қатар арандатуымен немесе үнсіз келісімімен азаптау қолданылған өзге де адамдар анықталды.

⁸¹ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (07.07.2025).

ҚК-нің 146-бабы азаптаудың өзін де, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазаның басқа да түрлерін қамтиды. Бұл бап соңғы жылдары заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін айтарлықтай жаңартылды. Біріншіден, 2023 жылғы 17 наурыздағы заңмен ҚК-нің 146-бабына қатыгез қарым-қатынас үшін жауапкершілік туралы ережелер енгізілді, яғни тек азаптау ғана емес, қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынастың онша ауыр емес көріністері де қылмыстық жазаланатын болды. Іс жүзінде қылмыс құрамы сараланды, Қылмыстық кодекстің 146-бабының 1-бөлігі қазір азаптаудың барлық белгілерін қамтымайтын әрекеттер үшін жазаны қарастырады (ауыр емес қылмыстарға жатқызылған), ал азаптау осы баптың неғұрлым ауыр бөліктері бойынша айыпталады.

Екіншіден, азаптау үшін жауапқа тартылуы мүмкін субъектілердің шеңбері кеңейтілді. Бастапқыда азаптау субъектісі ретінде тек билікті пайдаланатын лауазымды немесе оларға теңестірілген тұлғалар танылды. 2023 жылғы түзетулермен «ресми тұлға ретінде әрекет ететін адам» ұғымы енгізілді, бұл, мысалы, тәрбиелеу, емдеу, ұстау мекемелерінің персоналын, тіпті олар ресми түрде мемлекеттік қызметші болмаса да, жауапкершілікке тартуға мүмкіндік берді. ҚК-нің 146-бабының ескертуіне сәйкес, ресми тұлғалар қатарына білім беру, тәрбиелеу, медициналық және медициналық-әлеуметтік ұйымдардың сол жерде емделуде, оқуда немесе қамқорлықта жүрген адамдарға билік ету өкілеттіктері бар қызметкерлері жатқызылған. Бұл анықтама Азаптауларға қарсы конвенциямен салыстырғанда азаптау субъектісі ұғымын біршама тарылтты деген жекелеген пікірлер бар. Ол мемлекеттің еркінен тыс барлық ықтимал орындаушыларды қамтымайды – мысалы, биліктің үнсіз келісімімен әрекет ететін жеке тұлғалар (аталған салалардан тыс) әрекет етеді. БҰҰ АҚК Қазақстанға тек білім беру және денсаулық сақтау салаларына нұсқауды алып тастап, заңдағы азаптау субъектісін анықтауды кеңейтуді жеке ұсынды, сонда «азаптау субъектісі лауазымды тұлғалардың білуімен іс жүзінде әрекет ететін de facto кез келген адам бола алады».⁸²

Біздің ойымызша, ҚК-нің 146-бабының диспозициясына сәйкес, лауазымды тұлғалардың немесе ресми түрде әрекет ететін адамдардың арандатуымен немесе үнсіз келісімімен азаптауды қолданған кез келген адам, оның ішінде аталған салалардан тыс жеке тұлғалар да азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, ҚК-нің осы бабында адамдарды физикалық немесе психикалық ауырсыну мен азап шегуге әкелетін кез келген іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай тұжырымдама ықтимал бұзушылық жағдайларын кеңірек қамтуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде алдын алу әсерін тигізеді және азаптаудың тиімді алдын алуға ықпал етеді.

⁸² БҰҰ-ның азаптауларға қарсы комитеті. Қазақстанның 4-ші баяндамасы бойынша қорытынды ескертулер NoCAT/C/KAZ/CO/4, 2023 жылғы 8 маусым // Қол жеткізу тәртібі: <file:///C:/Users/NCPCH6/Downloads/final-conclusions-4-review.pdf> (18.07.2025).

Соңғы жылдары азаптаумен байланысты қылмыстар үшін санкциялар айтарлықтай күшейтілді. 2010 жылдардағы заңнаманы ізгілендіру аясында ҚК бастапқыда салыстырмалы түрде жеңіл жазаларға жол берді: ең төменгі санкциялар айыппұл немесе түзеу жұмыстарын қамтуы мүмкін еді. Алайда, азаптаудың қоғамдық қауіптілігін түсіну оны қатаңдатуға әкелді. 2015 жылы азаптау ауыр қылмыс санатына жатқызылды. Азаптау бабы бойынша ең жоғары жаза 12 жылға дейін ұзартылды. Санкцияның жоғарғы шегін арттыру азаптауларға төзбеушіліктің символдық мағынасына ғана емес, сонымен қатар практикалық салдарларға да ие: 12 жыл максималды санкциясы бар қылмыс ауыр санатына жатады (ал 12 жылдан асса – аса ауыр санатына), бұл тергеу және жазаны өтеу тәртібіне әсер етеді. Осылайша, егер азаптау нәтижесінде жәбірленушінің өлімі немесе басқа да ауыр зардаптар орын алса, кінәлілерге осы баптың шегінде ең қатаң санкция (12 жылға дейін бас бостандығынан айыру) қарастырылған. Сондай-ақ, ҚК-нің 146-бабында азаптауды адамдар тобымен немесе қайталап жасау сияқты жазаны ауырлататын белгілер көзделген, бұл жазаның дәрежесін арттырады.

Құқықтық олқылықтарды жою арқылы жазасыздықты жою 2019-2023 жылдардағы реформалардың негізгі бағыты болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен азаптаумен байланысты қылмыстар үшін ескіру мерзімі жойылды. Енді азаптауды жасаған адамдар қандай да бір мерзім өткеннен кейін жауапкершіліктен құтыла алмайды – бұл санаттағы қылмыстарға ескіру мерзімі қолданылмайды. Сонымен қатар, рақымшылық бойынша жазадан босату мүмкіндігі алынып тасталды, 2019 жылдан бастап рақымшылық актілері азаптау үшін сотталғандарға қолданылмайды. Сол сияқты, жәбірленушімен татуласу немесе кінәлінің іс жүзінде өкінуі негізінде азаптау туралы қылмыстық істерді тоқтатуға тыйым салынады – мұндай нормалар (ҚК-нің 65, 68, 71-баптары) азаптаулар сөзсіз үкімге дейін жеткізілетіндей етіп өзгертілді. Ақырында, 2023 жылы азаптауды жасаған адамдарға шартты жаза тағайындауға тыйым салынды. Бұрын тәжірибеде азаптаулар үшін үкімдер шартты түрде шығарылатын, бұл жазаның жеңілдік сезімін туғызды, енді заң бұл істер бойынша жазаны нақты өтеуді талап етеді.

Аталған өзгерістердің барлығы, атап айтқанда, ескірудің, рақымшылықтың, шартты түрде сотталудың, татуласудың жойылуы «азаптауларға нөлдік төзімділік» саясаты жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Азаптау адам құқықтарының өрескел бұзылуы болып табылатыны және мемлекет кінәлілерге әдетте қылмыстардың басқа санаттары үшін қолжетімді жеңілдіктерді қолданбайтыны заңмен бекітілген. Осылайша, ҚР Қылмыстық кодексінің 2023-2025 жылдардағы редакциясы азаптау үшін жазаның бұлтартпастығы талабына сәйкес келеді. Азаптаулар айқын түрде криминализацияланды, олардың анықтамасы халықаралық стандарттар бойынша біртіндеп нақтыланып, санкциялар адамға қарсы аса ауыр қылмыстармен салыстырылатын деңгейге дейін қатаңдатылды.

ҚК-нің арнайы 146-бабынан басқа, байланысты жауапкершілік басқа да нормативтік актілерде белгіленгенін атап өту маңызды. Мысалы, лауазымды

тұлғалар азаптауды немесе лайықсыз қарым-қатынасты жасырғаны үшін сыбайлас ретінде немесе билікті теріс пайдалану баптары бойынша жауапқа тартылуы мүмкін. Сондай-ақ, 2009 жылғы 28 желтоқсанда Жоғарғы Сот «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» № 7 араны нормативтік қаулы қабылдады, онда соттарға азаптауларды саралау мәселелері түсіндірілді және азаптаулар немесе қатыгез қарым-қатынас нәтижесінде азаматқа келтірілген зиян белгіленген тәртіппен өтелуі керек екендігі көрсетілді.⁸³

Жоғары сот инстанциясының бұл түсініктемелері заң күшіне ие және барлық соттар үшін міндетті болып табылады, жәбірленушілердің құқықтарын қорғау бөлігінде ҚК және ҚПК нормаларын толықтырады.

Осылайша, Қазақстанның қазіргі қылмыстық заңнамасы азаптау үшін жазалаудың кешенді тетігін қалыптастырады: ол азаптаудың анықтамасын береді, жауапкершіліктен жалтару мүмкіндіктерін жояды және қатаң жазаларды қарастырады.

ҚПК азаптаулардың алдын алуға және олардың нәтижелерін сот төрелігінде пайдалануға жол бермеуге бағытталған арнайы кепілдіктерді қамтиды. Негізгі қағида – азаптау немесе зорлық-зомбылық қолдану арқылы алынған дәлелдемелерге жол бермеу. Атап айтқанда, ҚПК-нің 112-бабында нақты деректер (көрсетулер, заттай дәлелдемелер және т.б.) егер олар «азаптауды, зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді және қатыгез қарым-қатынасты қолдана отырып» алынса, жол берілмейтін деп танылатыны тікелей белгіленген.⁸⁴ Азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу арқылы алынған кез келген мәліметтер айыптаудың негізі бола алмайды. Бұл норма рұқсат етілмеген әдістермен алынған барлық дәлелдемелерді процестен алып тастауды талап ететін «fruit of the poisonous tree» халықаралық стандартына сәйкес келтірілген.⁸⁵ Оны қолдану тәжірибесін соттар бақылайды: ҚПК судьяға немесе прокурорға азаптау туралы әрбір арыз кезінде бұзушылықтың нақты неден көрінгенін анықтауды және дәлелдемелерге жол берілмейтіндігі туралы уәжді шешім шығаруды міндеттейді. ҚПК-нің алғашқы редакцияларында бекітілген және 2021 жылғы түзетулермен күшейтілген осы норманың арқасында қазақстандық соттар қысыммен алынған кез келген мойындауды қабылдамауға негіз алды. Осылайша, азаптауды қолданудың басты себебі – сот үшін мойындау айғақтарын «күштеп алу» жойылады.

⁸³ «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 нормативтік қаулысы // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000007S> (18.10.2025).

⁸⁴ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (18.07.2025).

⁸⁵ «Fruit of the poisonous tree» - «уланған ағаш жемістері» немесе «ұлы ағаш жемістері». Бұл заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынған, өздігінен сотта жол берілмейтін дәлелдемелерді білдіретін заңдық термин.

Дәлелдемелерді алып тастаудан басқа, ҚПК және ілеспе актілер ұсталған адамдар үшін азаптау қаупін азайтатын процестік кепілдіктерді қарастырады. Біріншіден, ұсталған адамның іс жүзінде ұсталған сәттен бастап адвокаттың көмегіне құқығы бекітілген. Адвокат дереу кіргізілуі тиіс, онымен құпия қарым-қатынасқа кепілдік беріледі.

Екіншіден, ұсталған адамның медициналық тексеруден өту құқығы іске асырылды. Адамды УҰИ немесе ТИЗО-ға орналастыру кезінде медициналық қызмет қызметкерлері тексеру жүргізуге және дене жарақаттарын тіркеуге міндетті. 2022 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен құқық қорғау органдары ұсталғандарды тексерудің клиникалық хаттамасын Стамбул хаттамасына сәйкес жаңартты, бұл дәрігерлерді азаптау белгілерін құжаттауға міндеттейді. Медициналық актілерде жарақаттарды тіркеу зорлық-зомбылық жағдайларын кейіннен тергеу үшін дәлелдемелік базаны қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, ҚПК сот санкциясыз қамауда ұстау мерзімін шектейді. Ұсталған адам қысқа мерзімде (жалпы жағдайда 48 сағаттан аспайтын) қамауға алуға санкция беру үшін судьяға жеткізілуі тиіс. Бұл азаптау тұрғысынан ең қауіпті⁸⁶ ұзақ мерзімді ұстау практикасына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, ұлттық заңнамада ұсталған адамның өзінің ұсталғаны туралы отбасына немесе үшінші тұлғаларға хабарлау құқығы туралы, сондай-ақ прокурорлар мен (2013 жылдан бастап) ҰАТ өкілдерінің барлық қамауда ұстау орындарына мерзімді баруы туралы нормалар енгізілді. Осы нормалардың барлығы – АСКХП 11-бабының ережелеріне және Азаптауларға қарсы конвенцияның 2-бабына сәйкес келетін маңызды процестік кепілдіктер.

Азаптау туралы арыздарды тергеудің тәуелсіздігі мен тиімділігіне ерекше назар аударылды. Бұған дейін азаптау оқиғаларын тергеумен қызметкерлері азаптаған деп айыпталған органдар айналысқан (мысалы, полиция полиция қызметкерлерінің азаптаулары туралы шағымдарды тергеген). Бұл мүдделер қақтығысын тудырып, жасырушылыққа алып келді. Соңғы жылдары Қазақстан тергеудің объективтілігін қамтамасыз ету үшін институционалдық өзгерістер енгізді. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап азаптаулар туралы барлық қылмыстық істерді тергеу прокуратураның айрықша құзыретіне берілді. Яғни, енді прокуратура органдары (полициядан тәуелсіз жоғары қадағалау органы ретінде) ҚК-нің 146-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізеді. Бұл полицияның өз құқық бұзушылықтарын өзі тергейтін жағдайды болдырмайтын маңызды кепілдік. ҚПК-ге және прокуратура туралы заңға тиісті өзгерістер Президенттің 16.03.2022 жылғы халыққа Жолдауындағы «Әділетті Қазақстанды» құру және заң үстемдігін нығайту туралы тапсырмасын орындау мақсатында қабылданды.⁸⁷

Бұл новелланы әдістемелік қамтамасыз ету үшін Бас прокуратура ведомстволық стандарт пен нұсқаулықты бекітті. 2023 жылы «Прокуратура

⁸⁶ «Incommunicado» – «оқшауланған», «байланыссыз», «қарым-қатынастан айырылған» немесе «сыртқы әлемнен ажыратылған».

⁸⁷ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жанару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қол жеткізу тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_1 (18.07.2025).

органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру туралы»⁸⁸ арнайы нұсқаулық шықты. Ол прокурорлардың Стамбул хаттамасына толық сәйкес келетін әрбір азаптау фактісі бойынша жылдам, мұқият және бейтарап тергеу жүргізу міндетін белгілейді. Осылайша, прокуратураның басшылығымен азаптауларды тергеудің жеке вертикалы құрылды, бұл «азаптауларды тергеудің тәуелсіз тетігі» туралы халықаралық талапқа сәйкес келеді.

Прокуратурадан басқа, маңызды қадағалаушы рөлді соттар атқарады. 2021 жылы ҚПК-ге тергеу судьяларына ұсталғандардың құқықтарының сақталуын бақылау бойынша кеңейтілген өкілеттіктер беретін өзгерістер енгізілді. Тергеу судьясы қамауға алуға санкция беру үшін жеткізілген әрбір ұсталған адамнан ұстау жағдайлары және заңсыз әдістердің қолданылуы мүмкін екендігі туралы жауап алуға міндетті. Егер ұсталған адам азаптау туралы мәлімдесе, судья дереу әрекет етеді: арыздарды хаттамаға тіркейді, медициналық куәландыруды қамтамасыз етеді, прокуратураны хабардар етеді. Мұндай жан-жақты сот тексерісі азаптау оқиғаларын процестің ең алғашқы кезеңдерінде жасыруға жол бермейді.

Прокуратура органдары қамауда ұстау орындарын қадағалау функциясын да сақтап қалды («Прокуратура туралы» Заңға және ҚПК-ге сәйкес). Күн сайын кезекші прокурорлар ПМ уақытша ұстау изоляторлары мен басқа да арнайы мекемелерді тексереді. Олар үшін азаптауларды уақтылы анықтауға және қажетті тергеу әрекеттерін дереу жүргізуге бағытталған кезекші прокурор жұмысының арнайы стандарты бекітілді.

Азаптаудың алдын алу үшін де жұмыс істейтін нормативтік бекітілген техникалық және ұйымдастырушылық шараларды атап өткен жөн. Мәселен, 2023 жылы құқық қорғау органдарының бірлескен бұйрығымен ұсталғандарды ұстау орындарында бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеу қағидалары енгізілді. Осы ережелерге сәйкес, қылмыстық қудалау органдарының барлық ғимараттарында (тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторлары, жауап алу кабинеттері және т.б.) тәулік бойы бейнебақылау орнатылған, оның жазбалары белгілі бір мерзімге сақталады және қорғалады. Камералар резервтік қуатпен жабдықталады, ал прокурорлар оларға қол жеткізе алады. Азаптау туралы хабарлама түскен жағдайда, уәкілетті тұлғалар зерттеу үшін тиісті уақыт аралығындағы бейнежазбаларды дереу алуға міндетті.⁸⁹

Сондай-ақ ұсталғандардың шағым беру тәсілдері де нормативтік түрде реттелген. ПМ мекемелерінде қадағалау органдарына немесе соттарға тікелей шағым беру үшін электронды терминалдар орнатылады.

⁸⁸ Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР Бас Прокурорының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 49 бұйрығы // Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39398226 (08.07.2025).

⁸⁹ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 46, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2023 жылғы 23 ақпандағы № 54, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2023 жылғы 27 ақпандағы № 85, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 21 жылғы 2023 ақпандағы № 176 бірлескен бұйрығымен бекітілген «Пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ құқық қорғау органдарының барлық жедел-тергеу бөлімшелерінде бейнебақылау жүйелерінің жұмыс істеуі (жабдықтау және пайдалану) қағидаларын бекіту туралы» // Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32829381 (19.07.2025).

Осылайша, Қазақстанның қылмыстық-процестік базасы қазір кепілдіктердің барлық спектрін қамтиды: азаптау арқылы алынған дәлелдемелерге жол бермеуден бастап, прокуратураның азаптауларды тәуелсіз тергеуіне, тұрақты прокурорлық қадағалауға, бейнемониторингке және шағым берудің жеңілдетілген рәсіміне дейін. Бұл шаралардың барлығы азаптаулардың алдын алуға және осындай қылмыстардың ашылуы мен жазалануының болмай қоймайтын жағдайын жасауға бағытталған. Бұл Азаптауларға қарсы конвенцияның 12 және 13-баптарының талаптарына жауап береді (жедел тергеу және шағымдану құқығы туралы) және азаптаулардың көптеген жағдайлары тиісті тергеусіз қалған он жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда елеулі қадам болып табылады.

Қазақстандағы азаптаулардың алдын алудың ұлттық жүйесінің негізгі элементтерінің бірі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан жұмыс істейтін ҰАТ болып табылады. Оның құрылуы АҚКФҚ бойынша міндеттемелерде қарастырылды және Қазақстан бұл талапты орындады: 2013 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ҰАТ жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.⁹⁰ Шын мәнінде, Қазақстан таңдаған ҰАТ моделі «Омбудсмен+» моделі болып табылады: ҰАТ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтына біріктірілген және онымен үйлестіріледі, бірақ азаматтық қоғамның ең белсенді қатысуымен.

ҰАТ мәртебесі мен өкілеттіктері бірқатар заңнамалық актілерде бекітілген. 2014 жылы ҰАТ туралы ережелер Уәкіл туралы заңнамаға, ҚПК-ге және басқа да заңдарға енгізілді. ҰАТ қатысушылары – бұл мемлекеттің шешімі бойынша бас бостандығынан айырылған немесе бас бостандығы шектелген адамдар бар барлық орындарға кедергісіз, кенеттен және тұрақты қол жеткізуге құқығы бар қоғамның арнайы іріктелген өкілдері (құқық қорғаушылар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер және т.б.). Сапарлардың мақсаты – ұстау жағдайларына, тұтқындармен қарым-қатынасты бақылау, қатыгез қарым-қатынас факторларын анықтау және жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар беру. ҰАТ өкілеттіктеріне қамауда отырған адамдармен оңаша сұхбаттасу, үй-жайларды тексеру, құжаттамамен танысу, бұзушылықтарды тіркеу және кейіннен тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстары бар есептерді ұсыну кіреді. Заң ҰАТ қатысушыларына еркін қол жеткізу құқығына (куәлік бойынша) және иммунитетке кепілдік береді: оларды анықталған бұзушылықтар туралы хабарлағаны үшін қудалауға болмайды. ҰАТ қызметіне лауазымды тұлғалар тарапынан кедергі келтірілген

⁹⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 111-V Заңы // Қол жеткізу тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000111> (20.07.2025).

жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте айыппұл салуға әкеп соғатын жауапкершілік көзделген (507-бап).

Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап жабық мекемелердің мониторингін Омбудсмен өкілдері жүзеге асырады, олар бару нәтижелері бойынша ұсынымдар береді (осы баяндаманың 5-бөлімінде толығырақ).

Азаптауларды, басқа да қатыгез қарым-қатынас пен жазалау түрлерін қолдануға тыйым салудың абсолютті сипаты мемлекетке белгілі бір міндеттерді, соның ішінде ұлттық заңнамада азаптауларды және басқа да қатыгез қарым-қатынас түрлерін анықтау кезінде халықаралық құқықтың басымдығын сақтауды, сондай-ақ осы құқық бұзушылықтың ауыр сипатын ескере отырып, азаптау актілері үшін тиісті жазаны белгілеуді жүктейді.

Бұл қоғамның осы қылмысты сөзсіз қабылдамайтынын көрсету және азаптауларды қолдануға тыйым салу адам құқықтары саласындағы стандарттардың абсолютті және жол берілмейтін шегінулерінің бірі болып табылатынын атап көрсету үшін қажет.

Бөлім бойынша қорытындылай келе, Қазақстанның азаптаулардың алдын алу және жолын кесу саласындағы ұлттық заңнамасы 2022-2025 жылдары елеулі өзгерістерге ұшырағанын және жалпы халықаралық стандарттар мен қағидаттарға сәйкес келетінін атап өтуге болады. Азаптауларға конституциялық тыйым салу қатаң қылмыстық нормалар (азаптау дербес құрамға бөлінді, жазалау шаралары күшейтілді, құқықтық олқылықтар жойылды), тиімді қылмыстық-процестік кепілдіктер (тәуелсіз тергеуді қамтамасыз ету, бұзушылықтармен алынған дәлелдемелерді пайдалануға жол бермеу, прокурорлық қадағалау), мониторингтің институционалдық тетіктері (Омбудсмен, ҰАТ, ҚБК және т.б.), сондай-ақ оңалту және өтемақы рәсімдерін жетілдіру түрінде тиімді дамыды.

4. АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗДІККЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл бөлімде статистикалық деректермен және нақты мысалдармен азаптаудың, қатыгез қараудың және жазалаудың алдын алу мен бақылаудың ұлттық тәжірибесі берілген.

Азаптаудың, қатыгез қараудың және жазалаудың алдын алу және жолын кесу. Азаптау фактілерін тергеу.



1. Елімізде пенитенциарлық жүйе мекемелерінде заңдылықтың сақталуын қадағалаумен айналысатын төрт мамандандырылған прокуратура жұмыс істейді (Шымкент қаласында, Қарағанды, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында). Қалған өңірлерде қадағалауды облыстық прокуратуралардың басқармалары, ал шалғай аудандарда – аудан прокурорларын тарта отырып жүзеге асырады, бұл жұмыстың жеделдігін қамтамасыз етеді.

«Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру туралы» Нұсқаулыққа сәйкес міндетті түрде сот-медициналық, ал қажет болған жағдайда психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындау көзделеді.

Көрсетілген сараптамалар дереу тағайындалады. Регламент прокуратураның барлық бөлімшелері үшін міндетті және шағымдарды қарау кезінде кідірістер мен формальды тәсілді болдырмауға бағытталған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне азаптау туралы арыз тіркелген сәттен бастап қылмыстық істің аяқталғаны туралы есепті жасағанға дейін азаптау туралы арыздарды (хабарламаларды) тіркеу және шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде прокурорлардың іс-қимыл алгоритмі әзірленді.

Халықаралық стандарттарға сәйкес ұстау мерзімі 48 сағатқа дейін, кәмелетке толмағандарды ұстау мерзімі 24 сағатқа дейін қысқартылды. Прокурорға заңсыз ұсталған адамдарды дереу босату өкілеттігі берілген.

Егер іс жүзінде ұсталған сәттен бастап 48 сағат ішінде, ал кәмелетке толмағандарға қатысты 24 сағат ішінде ұсталған адамды ұстау орнының бастығына күдіктіні күзетпен ұстауға санкция беру туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұсталған адамды ұстау орнының бастығы оны өз қаулысымен дереу босатады және бұл туралы іс жүргізуінде жатқан адамға және прокурорға хабарлайды.

Азаматтардың азаптау туралы уақтылы жүгінбеу факторын азайту үшін прокурорларға барлық ұсталған тұлғалардан жауап алу, сондай-ақ күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау кезінде азаптауды қолдану фактісін анықтау жөніндегі талап бекітілді (Бас Прокурордың 30.12.2023 жылғы № 237 бұйрығымен Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа түзетулер енгізілді).

Барлық өңірлерде арнайы мобильді топтар жұмыс істейді, олар сигнал түскен кезде күдіктілерді азаптау оқиғасы болған жерге барып, шұғыл тергеу амалдарын жүргізеді.

2024 жылғы 23 тамызда ведомствоаралық кеңес қорытындысы бойынша Бас прокуратура мен ІІМ-нің Ішкі қауіпсіздік департаменті азаптаулар мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша өзара ынтымақтастық жоспарын бекітті.

Бас прокуратура алқасының 2025 жылғы 24 маусымдағы кеңейтілген отырысының шешімімен азаптаулар туралы барлық арыздар мен хабарламаларды тіркеуді, олар бойынша істерді сапалы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қамтамасыз ету және бір тәулік ішінде барлық шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу тапсырылды.

Ведомстволық бақылау тәртібімен нақты істер бойынша нұсқаулар жіберіледі. Прокурорлар ұстау жағдайларын, мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңдылығын тексере отырып, УҰИ, ТИ, түрмелерге және басқа да жабық мекемелерге тұрақты негізде барады.

Пенитенциарлық жүйе мекемелерінде бейнежазбалардың күнделікті мониторингі ұйымдастырылды, прокурорларға онлайн қолжетімділік қамтамасыз етілді.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бірқатар қылмыс құрамы, оның ішінде азаптаулар

б
о ҚСЖАЕК статистикалық деректеріне сәйкес, 2024 жылы алқабилердің

й
ы **3. Қылмыстардың «ашылу көрсеткіштері»** деп аталатындардың

полицияның жұмысына әсерін болдырмау үшін ҚР Заңдылықты, құқықтық

ш
а

у ⁹¹ ҚСЖАЕК статистикалық деректері//Қол жеткізу режимі: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

ң (13.02.2026).

м

е

н

л

тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі (Бас прокуратура жанындағы консультативтік-кеңесші орган) ІІМ-ге 2022 жылдың желтоқсанында ашылу пайызына баса назар аударып, полицияның тиімділігін бағалау әдістемесін қайта қарауды тапсырды.

2023 жылғы сәуірде полиция департаменттері мен ҚАЖ туралы ережелерге олардың басшыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреспен қатар, заңдылықты сақтауды және азаптауларға қарсы іс-қимылды және өзге де рұқсат етілмеген жұмыс әдістерін қамтамасыз ету бойынша өз қауіпсіздігі бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға, осы жұмыс желісі үшін барлық деңгейдегі басшылардың дербес жауапкершілігі қағидатын іске асыруды қ

а Полицияға жеткізілген адамдарды электрондық есепке алу енгізілді.

м Тергеушілердің қылмыстық істер бойынша барлық іс жүргізу шешімдері қылмыстық процестің үш буынды моделі шеңберінде ғана қабылданады.

а Негізгі шешімдер – күдіктілердің әрекеттерін саралау, бұлтартпау шарасын таңдау тек прокурормен келісіледі, күдіктілерді ұстау туралы ұстау хаттамасы жасалған кезден бастап он екі сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарланады. Тінту, алу, бұлтартпау шараларын санкциялау сияқты тергеу әрекеттері тергеу соттарының қаулылары негізінде жүргізіледі.

з Сонымен қатар, күдіктілерді жеткізу және ұстау процесі нақтыланды. Заңнамада ұсталған адамға оның құқықтарын міндетті түрде түсіндіруді, соның ішінде қорғауға, адвокатқа қол жеткізуге және медициналық көмек алуға құқықты көздейтін «Миранда ережелері» имплементацияланған.

у Тиісті ережелер Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында да көрсетілген, бұл адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық кепілдіктерін нығайтуға жүйелі көзқарасты айғақтайды.

Ұстау хаттамасын жасау уақытын және нақты ұстау уақытын бұрмалағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген.

і Жеке құраммен жұмыс істеу маңызды аспектіге айналды. Қызметкерлердің кәсіби және психологиялық даярлығын арттыруға ерекше дөңіл бөлінеді.

е Барлық ведомстволық оқу бағдарламаларына адам құқықтары бойынша арнайы курс енгізілді, ол азаптауларға қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі халықаралық стандарттарды, Стамбул хаттамасы мен Нельсон Манделаның ережелерін зерделеуді қамтиды.

й Құқық қорғау органдарына қызметке кіретін адамдарды бастапқы кәсіптік даярлаудың, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларында азаптауларды, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе нәрсені қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалауды қолдануға жол бермеу мәселелері бойынша оқу материалдарын қамтитын тақырыптар көзделген.

т Жоғары сот кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясы 2025 жылы аудандық және оған теңестірілген соттардың судьяларына, облыстық және оған теңестірілген соттардың қылмыстық істер жөніндегі сот алқаларының судьяларына арнап азаптауларға жол бермеу мәселелері бойынша біліктілікті

қ

т

ы

р

у

арттыру курстарын өткізді. Халықаралық стандарттарға, азаптаудың алдын алу тетіктеріне, рұқсат етілмеген әдістерді қолдану фактілерін тіркеу және тергеу тәртібіне ерекше назар аударылды.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ҚАЖ қызметкерлерінің, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің сотталғандармен өзара іс-қимыл жасау кезінде дене күшін, арнайы құралдарды, атыс қаруын және өзге де қаруды қолдануы бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар арнайы контингенттің нақты іс-қимылдарына сүйене отырып, олардың жауап шараларын санаттай отырып, ҚАЖ қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің дағдарыстық жағдай туындаған жағдайдағы іс-қимылдарының алгоритмін қамтиды.

2025 жылғы 30 қаңтарда 2025-2027 жылдарға арналған ішкі істер органдарында азаптауларға, қатыгез қарым-қатынасқа және тергеу мен анықтаудың өзге де рұқсат етілмеген әдістеріне жол бермеу жөніндегі одан әрі іс-шаралар жоспары бекітілді (ПМ-нің 30.01.2025 жылғы № 73 бұйрығы).

Жоспардың негізгі бағыттары:

- азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз сақтау;
- қызметкерлер арасында азаптауларға нөлдік төзімділікті қалыптастыру;
- қызметкерлердің психологиялық және кәсіптік даярлығы;
- адам құқықтарын қорғау және сақтау мәселелерінде ПО басшыларының ролі мен жауапкершілігін арттыру;
- Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының және басқа да құқық қорғау ұйымдарының тұрақты келуі үшін ПО қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігі;
- сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс жүргізу кепілдіктерін қамтамасыз ету (ұсталғандардың өз құқықтары туралы хабардар болу, адвокатқа дереу қол жеткізу, медициналық көмек алу, өзінің орналасқан жері туралы хабарлау, сондай-ақ азаптауларды қолдану туралы арыздарды қоса алғанда, қамауда ұстаудың заңдылығы мәселесін уақтылы және бейтарап қарау құқығын қоса алғанда);
- ПО материалдық-техникалық жарақтандыруды жаңғырту және одан әрі дамыту.

2023 жылы қамаудағыларға медициналық қызмет көрсету ДСМ-ге берілді, бұл ведомстволық тәуелділікті болдырмайды және ықтимал зорлық-зомбылық жағдайларын тіркеудің объективтілігін күшейтеді. Сотталғандарға уақтылы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін электрондық денсаулық сақтау жүйелерімен интеграция енгізілді.

Барлық жерде сотталғандарға телеконсультация беру қызметі енгізілуде.



Мәселен, 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін Қарағанды және Ақмола облыстарының түзеу мекемелерінде «DIGITAL MED 365» (телемедицина) пилоттық жобасы іске асырылды.

Денсаулық сақтау министрлігі ҚАЖ-ның барлық мекемелерінде қашықтықтан телемедицинаны енгізу, сондай-ақ «MED 365» жүйесімен кешенді медициналық ақпараттық жүйені (КМАЖ) Damumed ұлттық платформасына интеграциялау мәселесін

пысықтауда.

ҚАЖ қызметкерлерінің қызмет атқару кезінде портативті бейнежетондарды тиісінше пайдалануы бойынша жұмыс ерекше бақылауда. Бейнежетондарды өшіргені үшін лауазымынан босатуға дейін жаза қарастырылған. Күн сайын олардың пайдаланылуына мониторинг жүргізіледі.

Азаптауларға және басқа да заңсыз әрекеттерге шағымдарды тексеру кезінде бейнематериалдарды міндетті түрде талап ету және пайдалану қамтамасыз етілді. Олар болмаған жағдайда камералар болған кезде лауазымды адамдардың тиісті жауаптылығы да көзделген.

Әрбір мекеме мен ҚАЖ аумақтық департаментінде өзінің бейнебақылау пункті орнатылған, онда жауапты қызметкерлер бейнеағын мониторингі бойынша қызмет атқарады.

Сотталғандардың құқықтарын мүлтіксіз сақтау бойынша шаралар қабылданды, олардың шеңберінде тінту іс-шаралары прокуратура органдары мен қоғамдық байқау комиссиялары (ҚБК), ҰАТ өкілдерінің тікелей қатысуымен, бүкіл процесті толық бейнетіркеумен жүргізіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің барлық жалпыға қолжетімді орындарында шағымдар мен арыздарды беруге арналған 608 электрондық терминал орнатылған. ҚАЖ-ның барлық 78 мекемесі үздіксіз бейнебақылау жүйесіне қосылған және 40 мыңнан астам камера орнатылған. Сурет бір мезгілде ПМ ҚАЖ комитетінің ахуалдық орталығына және Бас прокуратураға шығарылады.

Бұл бағытта Бас прокуратура жоспарлы жұмыс жүргізуде, мысалы, ҚАЖ мекемелерін неғұрлым кең мүмкіндіктері бар заманауи терминалдармен қайта жарақтандыру бойынша пилоттық жоба іске асырылуда.



Функционал сотталғандарды «Face-ID» арқылы сәйкестендіру және «TouchScreen» көмегімен құжаттарға қол қою бойынша заманауи шешімдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Мұндай тәсіл сотталғандарға мемлекеттік органдарға, оның ішінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өтініштер, шағымдар, сондай-ақ арыздар беруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, терминалдың көмегімен сотталғандардың туыстарымен байланысу құқығын бейнеқоңырау арқылы іске асыру мүмкіндігі бар.

Бұл терминалды сынақтан өткізу Атбасар қаласындағы №1 мекемеде сәтті жүргізілуде.

«Жәбірленушілерге келтірілген залалды өтеу қоры туралы» Заң аясында азаптау құрбандарына өтемақы төлеу тетіктері енгізілді. Азаптаудан зардап шеккендер 1 санатқа жатқызылды (сексуалды зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандар, адам саудасына және азаптауларға байланысты қылмыстардан зардап шеккен деп танылған адамдар), өтемақы мөлшері – 30 АЕК құрайды.

2025 жылы Қаржы министрлігі азаптау істері бойынша 15 жәбірленушіге 1 541 850 теңге төледі (2024 жылы - 24 жәбірленушіге 2 856 510 теңге, 2023 жылы - 22 жәбірленушіге 2 265 060 теңге). (2-сурет)



-сурет

2025 жылы өтемақы сомасының төмендеуі ҚК-нің 146-бабы бойынша СДТБТ-да тіркелген құқық бұзушылықтардың жалпы санының азаюымен байланысты (2024 жылы – 39, 2025 жылы – 31). Бұл тетіктер құрбандардың тиімді құқықтық қорғау және өтемақы алу құқығын мойындайтын халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Азаптау фактілерін тергеу статистикасы

Мемлекет қабылдайтын шаралар кешені – заңнамалық, институционалдық және техникалық – азаптауларға қарсы іс-қимыл саласындағы ахуалды айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді.

Нәтижесінде елімізде азаптауларды тіркеу көрсеткіші жыл сайын төмендеп келеді: 2025 жылы олар 60,9%-ға (289-дан 113-ке дейін) азайды. (3-сурет)



3-сурет

106 іс бойынша тергеу мерзімдері үзілді (2020 – 5, 2021 – 1, 2022 – 14, 2023 – 72, 2024 – 9, 2025 – 5). (4-Сурет)



-сурет

789 сотқа дейінгі тергеп-тексерулер, тіркеуден шығаруды қоса алғанда, ақтау негіздері бойынша тоқтатылды (2020 – 703, 2021 – 583, 2022 – 819, – 352, 2024 – 250, 2025 – 82). (5-сурет)



-сурет

ҚСЖАЕК деректері бойынша 2022 жылға дейін жыл сайын орта есеппен шамамен 700 іс қысқартылды; прокурорға тергеулікті бергеннен кейін қысқартылған істердің саны тұрақты түрде төмендей бастады: 2023 жылғы 352-ден 2025 жылы 82-ге дейін.

Соңғы жылдары азаптау фактілері бойынша жауапкершілікке тартудың шын мәнінде оң үрдісі байқалуда.

2023-2024 жылдары азаптау үшін сотталғандар санының айтарлықтай өсуі байқалып, 84 адамды құрады, бұл алдыңғы үш жылдағы (2020 – 23, 2021 – 7, 2022 – 12, барлығы 42 адам) жиынтық көрсеткіштерінен екі есе артық. Бұл бақылаудың дәйекті түрде күшейтілгенін және осындай құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығын айғақтайды.

Сонымен қатар, уақыт өте келе алдыңғы кезеңдердегі статистикалық көрсеткіштер апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот актілерінің күшін жоюы немесе өзгертілуі салдарынан, соның ішінде негізінен әрекеттерді қайта жіктеуге байланысты түзетілуі мүмкін екенін атап өткен жөн.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2025 жылы сотталғандар санының да (19 адам), азаптаулар мен қатыгездік таныту фактілерінің де азайғаны тіркелді, бұл жауапкершілікті күшейтудің алдын алу әсерін көрсетеді. (6-сурет)



6-сурет

Егер 2021-2022 жылдары сотқа азаптау туралы 17 қылмыстық іс жіберілсе, 2023-2024 жылдары олардың саны 2,5 есеге артып, 41 істі құрады.

2025 жылы қабылданған шаралар нәтижесінде сотқа жіберілген осы санаттағы қылмыстық істер санының тұрақты төмендеу үрдісі тіркелді (9).

Осылайша, 2023-2024 жылдардағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсуінен кейін 2025 жылы табиғи кері динамика байқалады – қылмыстық іс жүргізудің барлық негізгі кезеңдері бойынша дәйекті төмендеу байқалуда, бұл жағдайдың тұрақтанғанын және азаптаулар мен қатыгездікпен қараудың өзге де нысандарының барынша азайғанын айғақтайды. (7-сурет)



7-сурет

Ресми статистика оң динамиканы растайды: азаптау және қатыгездікпен қараудың өзге де түрлері ретінде сараланатын қылмыстар санының азаюы тіркелуде, бұл жазаның бұлтартпастығы қағидатының тиімділігін көрсетеді.

Проблемалық мәселелер және одан арғы шаралар

- ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ САРАЛАНУЫ, ҚК 146 ЖӘНЕ 362-БАПТАРЫ БОЙЫНША ҚҰРАМДАРҒА БӨЛУ**
- СОТПЕН ТИЗО-ҒА ЖӘНЕ ЖАК-ҒА АУЫСТЫРУДЫ САНКЦИЯЛАУ**
- МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ҚАЖ-ДА КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАРЛАР АШУ**
- БАРЛЫҚ АУЫР ЖӘНЕ ӨТЕ АУЫР ІСТЕР БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ҚАТЫСУЫ**
- КӨП БЕЙІНДІ МЕКЕМЕЛЕР САЛУ**
- ҚОСЫМША ЖАЗА МЕРЗІМІН ҰЛҒАЙТУ**
- БЕЙНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ТӘУЕЛСІЗ САҚТАУ**
- ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ**

1. Күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту арқылы, сондай-ақ қаруды немесе арнайы құралдарды пайдалана отырып (ҚК 362-бабы 4- бөлігінің 1, 2-тармақтары), айғақ беруге мәжбүрлеу (ҚК 415-бабы) сияқты жасалған билікті немесе лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану баптары бойынша азаптауды қолдануға байланысты әрекеттерді саралау (қайта саралау) құқық қолдану тәжірибесінің проблемалық аспектілерінің бірі болып табылады.

Төменде 2025 жылғы құқық қорғау институтының тәжірибесінен мысал келтірілген.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдері өз өкілеттіктері шеңберінде азаптау белгілері анықталған кезде материалдарды қылмыстық қудалау органдарына беру бойынша дереу шаралар қабылдайды.

Шымкент қаласы бойынша өкіл жеткілікті материалдарды жинады (№ 53 мекемеде жазасын өтеп жатқан жәбірленуші А.Е-нің арызы, оқиға куәгері А.А-ның түсініктемесі, медициналық құжаттар), соның негізінде тергеу басталды.

2025 жылдың қазан айында аталған мекеменің қызметкерлеріне қатысты ҚК-нің 362-бабы 4-бөлігінің 1) тармақтары бойынша сотқа дейінгі тергеу тіркелді.

ҚК-нің 146-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болғандықтан, Уәкіл Бас Прокурордың атына қылмыстық істі қайта саралау және арнайы прокурорлардың іс жүргізуіне беру туралы өтініш жолдады.

2025 жылдың желтоқсанында күдіктілердің әрекеті ҚК-нің 146-бабының 3-бөлігі бойынша қайта сараланды. Тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 Нормативтік қаулысының 15-тармағына сәйкес, **азаптауларды ҚК-нің 362-бабында жауаптылық көзделген билікті** немесе лауазымдық өкілеттіктерді **асыра пайдаланумен** байланысты өзге де әрекеттерден ажырату қажет.

ҚК-нің 13-бабының 3-бөлігінде белгіленген жалпы және арнайы нормалар арасындағы бәсекелестік туралы ережеге сәйкес жәбірленушіге тән зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіруге әкеп соғатын әрекеттер, егер оларды лауазымды адам осы бапта көзделген мақсаттарға жету үшін жасаса, ерекше норма – ҚК-нің 146-бабы бойынша сараланады.

Көрсетілген ережелердің болуына қарамастан, сот-тергеу тәжірибесін талдау көрсетілген құрамдардың әрдайым нақты ажыратылмайтынын көрсетеді.

Азаптау белгілерінің анық болмауына қарамастан, бірінші сатыдағы сот ҚК-нің 146-бабының 1-бөлігі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері У. және Н. сотталды, олар іс жүргізу құжаттарын жасамай-ақ Н. және А. есімді азаматтарды жауапқа тартумен қорқытып, оларды ынтымақтастыққа көндіруге тырысқан. Апелляциялық сатыда қызметкерлердің әрекеттері ҚК-нің 362-бабының 1-бөлігіне қайта сараланды.

Азаптаулар мен сабақтас құқық бұзушылықтарды саралау мәселесін шешу үшін, **көрсетілген құрамдарды нақты ажырата отырып** «Қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы

мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 7 ЖС НҚ-ға толықтырулар енгізу туралы мәселені қарастыру қажет деп санаймыз.

2. Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың денсаулығын қорғау мәселелері құқық қорғау институты жұмысының маңызды бағыты болып қала береді.

2025 жылғы мамырда біз Денсаулық сақтау министрлігінің атына қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық сүйемелдеу мәселелері бойынша БҰҰ Даму Бағдарламасымен бірлесіп жүргізілген зерттеудің қорытындылары бойынша дайындалған ұсыныстар жібердік.⁹²

Атап айтқанда, медициналық объектілер желісінің нормативін әзірлеп және бірыңғай қаржыландыру көзіне көшумен Пенитенциарлық медицина орталығын құру мәселесіне бастамашылық жасау, сондай-ақ тәулік бойы стационарлық бөлімшелер ашу мәселесін шешу ұсынылды.

Аталған мәселені уәкілетті орган халықаралық тәжірибе мен клиникалық-экономикалық негізділікті ескере отырып қарайды.

Бұдан басқа, есепке алу процестерін цифрландыруды қамтамасыз ету мақсатында ІІМ арнайы мекемелерінде ҚАЖ мекемелерімен (ОАДБ) ұқсастығы бойынша орталықтандырылған электрондық ақпараттық жүйені енгізу, сондай-ақ ҚАЖ және ДСМ (Кешенді медициналық ақпараттық жүйе) қолданыстағы ақпараттық жүйелерін интеграциялау мәселесін қарастыру орынды болып көрінеді.

Тергеу изоляторлары мен колониялардың материалдық-техникалық жағдайын жақсарту өзекті міндеттердің бірі болып қала береді. Мүгедектігі бар адамдар үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету ерекше назар аударуды талап етеді.

Бұл бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу үшін **көпбейінді мекемелер салу** мәселесін өзектендіреді.

Осы кешенді мәселені шешу үшін Омбудсмен 2024 жылғы маусымда ҚР Үкіметінің атына өмір бойы бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамдардан бастап, қоныс-колонияларына дейін әртүрлі ұстау түрлері бойынша оқшауланған учаскелері бар аралас қауіпсіздіктің көпбейінді колонияларын салу туралы ұсыныспен жүгінді.

Мұндай көпбейінді мекемелерде жекелеген, өзара байланысты емес блоктарда әйелдерді, оның ішінде жас балалармен, кәмелетке толмағандарды және тұтқындардың басқа да санаттарын ұстауға болады. Бұл ретте колонияларды қауіпсіздік жөніндегі талап етілетін шараларды сақтай отырып, қалалар шегінде орналастырған жөн, бұл қорғалған жоғары жылдамдықты интернетпен және жедел медициналық көмекпен қамтамасыз ету, кадрлармен қамтамасыз ету, бизнесті логистикалық сүйемелдеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

⁹² Әлеуметтік саланың және қылмыстық-атқару жүйесінің жабық мекемелерінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету мәселелері бойынша зерттеу: проблемалар мен шешу жолдары // Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/861681?lang=ru> (6.01.2026).

Мұндай жаңа үлгідегі мекемелерді құру және енгізу объектілерді әлемдік стандарттарға жақындатуға, сондай-ақ жазасын өтегеннен кейін сотталғандарды қоғамдық өмірге қайта әлеуметтендірудің салдарын азайтуға мүмкіндік береді.

Бірінші кезеңде ел аумағында 5 көпбейінді колония (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс, орталық) салу ұсынылды. Екінші кезеңде елдің барлық аймақтарында мұндай мекемелерді қажеттілікке байланысты құруға болады.

2024 жылғы 9 желтоқсанда Премьер-Министрдің бірінші орынбасары ҚР ПМ-ге Солтүстік Қазақстан облысындағы мекемелер кешені негізінде көпбейінді мекеме салу бойынша жұмысты жалғастыру туралы тапсырма берді.

Осыған байланысты, 2024 жылғы желтоқсанда СҚО-да мекемелер салу туралы ПМ-ге Үкімет Аппаратының тапсырмасын іске асыру туралы кезекті хат жолданды, сондай-ақ Орал қаласында мекеменің құрылысын аяқтау және қайта бейіндеу мәселесін қарауға қайта оралу ұсынылды.

Осылайша, пікірталастар мен тақырыптық талқылау қорытындысы бойынша ПМ құқық қорғау институтының ұсынысымен абайлап келісіп, оны іске асыру бойынша біртіндеп шаралар қабылдауда.

2024 жылғы желтоқсанда № 2 (Астана қ.), 7 (Ақмола облысы), 15 (Атырау қ.), (Павлодар қ.) мекемелерінде сегіз тұрғын үй блоктарының құрылысы аяқталды (әрқайсысында 140 орынды толтыру лимитімен). Өскемен қаласында ТИЗО (400 орынға), № 30 мекемесінде (Қарағанды қ.) үш тұрғын блоктың (420 орынға), № 39 мекемеде (Қостанай қ.) бір тұрғын блоктың (140 орынға) ЖСҚ әзірленді және құрылысы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынды. 2024 жылы көктемгі су тасқыны кезінде су басқан СҚО бойынша ҚАЖ департаментінің үш мекемесінің орнына Петропавл қаласында мекемелер кешенін («500 орындық ТИЗО құрылысы» бірінші кезеңі) салу жұмыстары басталды.

Құқық қорғау институты осы процестің орындалу барысын қадағалайды.

4. Бейнебақылау жүйелері құқық қорғау органдарының барлық дерлік бөлімшелерінде орнатылғанына қарамастан, бейнежазбаларды сақтау және оларға қол жеткізу мәселелері өзектілігін сақтайды. Қазіргі уақытта жергілікті серверлерде орналастырылған бейнематериалдар тиісті бөлімшелердің қызметкерлерінің иелігінде болуы мүмкін, бұл оларды жоғалту, өзгерту немесе жою қаупін тудыруы мүмкін.

Осыған байланысты сарапшылар **бейнедеректерді тәуелсіз сақтау** тетіктерін, оның ішінде прокуратура органдарының қадағалауымен қорғалған бұлтты қоймаларды пайдалана отырып енгізудің орындылығын атап өтеді, бұл дәлелдемелердің сенімді сақталуын қамтамасыз етуге және процестік

к

5. Режимнің ерекшеліктерін ескере отырып, тәртіптік изоляторлар (ТИЗ) және жалғыз камералар (ЖК) өздеріне қатысты сотталғандардың құқықтарының сақталуына күшейтілген мониторинг жүргізу қажеттілігі сақталатын бөлімшелер болып табылады.

д

і ⁹³ Халықаралық тәжірибеге шолу, азаптаудың және қатыгездік пен жазалаудың басқа да нысандарының алдын алу мәселелері бойынша ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын талдау, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы // Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/861686?lang=ru> (15.01.2026).

е

р

л

ҚАК-тің 131-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотталғандарға жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін басқа түрлерімен қатар он бес тәулікке дейін ТИЗ-ға қамау не төрт айға дейінгі мерзімге ЖК-ға ауыстыру түріндегі жазалар қолданылады.

Осы тәртіптік жаза түрлерін ҚАЖ мекемесінің бастығы тиісті қаулы шығару жолымен қолдана алады.

ТИЗ-да, ЖК-да ұстау кезеңінде сотталған адам мекеме аумағында жүріп-тұру, басқа сотталғандармен қарым-қатынас жасау, туыстарымен кездесу мүмкіндігінен айырылады.

Сотталғандардың құқықтық қорғалуын арттыру және тәртіптік жазаларды қолданудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-атқару заңнамасына сотталғандарға **ТИЗ-ға қамау және ЖК-ға ауыстыру түріндегі жаза қолдану туралы мәселелерді қарау жөніндегі функцияны сотқа беруді** көздейтін өзгерістер енгізу мәселесін қарастыру орынды деп санаймыз.

Мұндай тәсіл көрсетілген шараларды субъективті қолдану мүмкіндігін жояды және сотталғандардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге ықпал етеді.

2

0

2 Мысалы, ҚПК-нің 67-бабына сәйкес, егер адамға жазалау шарасы ретінде **он жылдан** астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін болатын қылмыс жасады деп күдік **желтірілсе**, айып тағылса қорғаушының қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге **қатысуы** міндетті.

л Бұл ретте ҚК-нің 11- бабына сәйкес, **бес жылдан он екі жылға** дейін бас бостандығынан айыру көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер ауыр **қылмыстар** деп танылады. Осылайша, ауыр қылмыстардың көп бөлігі үшін қорғаушының болуы заңды түрде **міндетті емес**.

з Тәжірибеде көрсетілгендер күдіктінің немесе айыпталушының білікті заң **көмегін** уақтылы пайдалану мүмкіндігін шектеуге әкелуі мүмкін.

Адвокаттардың тергеудегілердің мүдделерін тергеудің бастапқы сатысында қорғауы оларды қылмыстық қудалау органдары тарапынан ықтимал теріс пайдаланудан қорғайды.

е Күдікті адамның кепілдіктерін арттыру мақсатында ҚПК-нің 67-бабына **барлық** ауыр және аса ауыр істер бойынша қорғаушының міндетті қатысуын көздейтін түзетулер енгізу ұсынылады.

е Адвокаттардың тергеудің бастапқы сатысына қатысуы көптеген елдердегі тергеудегілердің құқықтарын қорғаудың негізі болып табылады. Ұлыбританияда, Францияда, Германияда, АҚШ-та, Нидерландыда және Швецияда күдіктілер ұсталған сәттен бастап адвокат алуға құқылы, ал жауап алу дыбыс және бейнежазбаға жазылады. Бұл қысым жасау, дәлелдемелерді мойындауға мәжбүрлеу және бұрмалау қаупін жояды. Мысалы, Францияда адвокат сот

е

с ⁹⁴ Халықаралық тәжірибеге шолу, азаптаудың және қатыгездік пен жазалаудың басқа да нысандарының алдын алу мәселелері бойынша ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын талдау, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы, // Қол жеткізу режимі: <https://www.unhcr.org/refugees/86086266> қорғаушының көмегімен уақтылы қамтамасыз етумен байланысты.

тергеушісінің бақылауымен барлық жауап алуға қатысады, ал Германияда адвокаттың болмауы іс жүргізу әрекеттерін жарамсыз етеді.

Азаптау мен қатыгездіктің жоғары қоғамдық қауіптілігі мұндай әрекеттерді жасаған адамдардың негізгі жазасын өтегеннен кейін де билік немесе мәжбүрлеу функцияларын жүзеге асыруға байланысты салаларда одан әрі кәсіби қызмет ету мүмкіндігін болдырмауды қажет етеді.

Бұл тұрғыда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі **қосымша жаза мерзімін ұлғайту** туралы мәселені қарастыру орынды болып көрінеді. Сонымен бірге, ҚК-нің 146-бабы санкцияларының қолданыстағы редакциясы аталған қосымша жазаны **үш жылдан** аспайтын мерзімге тағайындауды көздейді, бұл

а Шет елдердің қылмыстық заңнамасын зерделеу азаптау фактілері бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза Грузияда, Әзірбайжанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Ресейде және Молдовада қолданылатынын көрсетті.

ш Сонымен қатар, Грузиядан басқа барлық елдерде жазаның бұл түрі міндетті болып табылады. Ең ұзақ мерзімдер Ресейдің ҚК-де – **20 жылға дейін** (жәбірленуші қайтыс болған немесе денсаулығына ауыр зиян келтірілген жағдайда) және Молдовада – **15 жылға дейін** (жәбірленуші қайтыс болған немесе өз-өзіне қол жұмсаған жағдайда) белгіленген. Басқа елдерде (Грузия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан) **1 жылдан 5 жылға дейін** белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айырылады.

ы Соттардың санкцияның қолданыстағы жоғарғы шегімен үш жыл шектелген осындай жазаның ең жоғары мерзімін тағайындаудың қалыптасқан сот практикасын ескере отырып, **белгілі бір лауазымдарға орналасуға тыйым салу түрінде қосымша жаза мерзімін ұлғайту** туралы мәселені қарастыру орынды болып көрінеді.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянды **оңалту және толық көлемде өтеу мәселелері** ҚПК-нің 4-тарауының 37-42-баптарында, сондай-ақ АҚ-нің 922-923 және 951-баптарында реттелген.

і Азаматқа бас бостандығынан заңсыз айыру, оны өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайларда ұстау, оған қатыгез қарым-қатынас жасау салдарынан келтірілген зиян ҚР ҚПК-да (14-баптың 8-бөлігі) көзделген тәртіппен өтелуге жатады. Бұл ретте осы нормада келтірілген залал өтелуге жататын әрекет ретінде ⁹⁵**азаптау туралы тікелей айтылмайды**. Бұдан басқа, ҚПК-нің 38-бабының 2-бөлігінде сөйскардвизднғамднүтқауікынк бәрсақасндардыңізбөксеналамғауі және қатыгездік құрбандары кірмейді.

«Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 ЖС НҚ-нің 3-тармағына сәйкес, көрсетілген тізім түпкілікті болып табылады

⁹⁵ Халықаралық тәжірибеге шолу, азаптауды және қатыгездік пен жазалаудың басқа да нысандарын болдырмау бойынша ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін талдау, БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасы // Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/861686?lang=ru> (15.01.2026).

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың әрекеттерінің заңсыздығы зиянды өтеу құқығы танылатын соттың үкімімен немесе қаулысымен не анықтау, алдын ала тергеу органының немесе прокурордың тиісті қаулысымен белгіленеді.

Бұл ретте аталған ЖС НҚ-нің 3-тармағында қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттеріне күш қолдану, қатыгездік немесе арнамысты қорлайтын әрекеттер, қылмыстық процеске қатысушылардың арнамысын немесе қадір-қасиетін қорлайтын шешімдер қабылдау және іс-әрекеттер жасау жатады.

«Зорлық-зомбылық» ұғымы «азаптауды» қамтиды. Сонымен қатар, «азаптау» терминін нормаға тікелей енгізу дәлірек және біркелкі түсіндіруді қамтамасыз етеді деп сенеміз.

Азаптау тек қылмыстық процесс барысында ғана емес, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу кезінде де қолданылуы мүмкін екенін ескере отырып, ЖС-тің осы нормативтік қаулысына түсініктеме беру аясын кеңейткен жөн.

АК-нің 923-бабының 2-бөлігіне сәйкес, анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура органдарының өзге де заңсыз іс-әрекетінің салдарынан (заңсыз сотталу, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту, қамауға алу қорытындысын заңсыз қолдану, ұйқамаққа алу, кетпеу туралы жазылу, әкімшілік қамаққа алу немесе түзеу жұмыстарын жүргізу, психиатриялық немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру жағдайларынан басқа) азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян АК-нің 922-бабы негізінде өтеледі.

2024 жылы Сот әкімшілігі Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарын орындау шеңберінде (ҚР Президентінің 2023 жылғы 8 желтоқсанда № 409 Жарлығы) БҰҰ және Ыстамбұл хаттамасының ұсынымдарына сәйкес оларды оңалтуды қоса алғанда, азаптау және қатыгездік құрбандарына зиянды өтеу тетігін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірледі.

Атап айтқанда, Азаматтық кодекске мыналарды көздейтін өзгерістер енгізу ұсынылды:

1) әділ және барабар өтемақы мен оңалтуды қоса алғанда, азаптау және қатыгездік құрбандарының өтемақы алу құқығын нақты бекіту;

2) моральдық зиянды өтеудің өзге де нысандарын, оның ішінде мемлекеттік органдар тарапынан жария түрде кешірім сұрауды ұсыну мүмкіндігі;

3) азаптаулар мен қатыгездік жасауға кінәлі адамдар анықталмаған жағдайда азаматтық тәртіппен мемлекеттен өтемақы алу құқығы.

Сондай-ақ Қылмыстық кодекске және «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заңға мыналарды көздейтін түзетулер ұсынылды:

1) ҚК-нің 146-бабының 4-бөлігі бойынша жәбірленуші деп танылған адамдарды қордан өтемақы алуға құқығы бар адамдар санатына қосу;

2) ҚК-нің 146-бабы бойынша жәбірленушілерге өтемақы мөлшерін 100-ден 300 АЕК-ке дейін ұлғайту.

Осы уақытқа дейін өтемақы мөлшерін ұлғайту туралы ұсыныс орындалмады.

Азаптау және қатыгездік құрбандарын оңалту, олардың психологиялық қолдауын, медициналық көмегін және құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етуді, сондай-ақ материалдық және моральдық зиянды өтеу тетіктерін жетілдіруді қоса алғанда, оларды одан әрі ведомствоаралық пысықтауды жалғастыру қажет деп санаймыз. Азаматтық тәртіпте жүгіну мүмкіндігін қоса алғанда, құқықтық реттеуді кеңейту және зиянды өтеу рәсімін нақты бекіту құрбандарды қорғаудың тиімділігін арттыруға, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге және қоғамның адам құқықтары саласындағы мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында азаптауларға және қатыгездіктің өзге де нысандарына қарсы іс-қимылдың жүйелі және көп деңгейлі моделі қалыптасқанын айғақтайды. Тергеудің институционалдық тәуелсіздігі күшейтілді, қылмыстық қудалаудың алғашқы кезеңдерінде іс жүргізу кепілдіктері енгізілді, прокурорлық қадағалау және сот бақылауының тетіктері кеңейтілді, тіркеу мен мониторингтің цифрлық құралдары белсенді қолданылады. Соңғы жылдардағы статистикалық көрсеткіштер тіркелген азаптау фактілерінің төмендеу үрдісін және тоқтатылған өндірістер санының азаюын көрсетеді, бұл жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидасының күшейгенін және тергеу сапасының жақсарғанын көрсетеді.

Азаптаудың алдын алу бойынша одан әрі шаралары қабылдау контекстінде негізінен реактивті модельден азаптауға нөлдік төзімділікке, тәуелсіз бақылауға, жабық мекемелердің ашықтығына және іс жүргізу кепілдіктерін сөзсіз қамтамасыз етуге негізделген тұрақты профилактикалық жүйеге көшу ерекше маңызға ие.

Қол жеткізілген нәтижелер азаптауға абсолютті тыйым салу қағидатын толық іске асыруға одан әрі үдемелі қозғалыс үшін берік негіз жасайды. Нормативтік базаны жетілдіру және алдын алу тетіктерін дәйекті іске асыру адамның қадір-қасиетін қорғау кепілдіктерін нығайтуға, ұлттық практиканың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге және әрбір адамның құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗДІККЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ИНСТИТУТЫНЫҢ РӨЛІ

Азаптаудың, қатыгездікпен қараудың және жазалаудың алдын алу Уәкіл институтының тұрақты назарында..

2025 жылдың негізгі деректері



Өтініштерді қарау

Жыл сайын құқық қорғау институтына азаптауға, адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынас пен жазалауға байланысты жүздеген шағымдар келіп



-сурет

ҚСЖАЕК мәліметтеріне сәйкес, азаптау фактілері бойынша тіркелген құқық бұзушылықтар санының төмендеуі байқалады: 2025 жылы олар 60,9% -ға (289-дан 113-ке) азайды.

Бұл ретте 2025 жылы құқық қорғау институтына жүгіну динамикасы өсу үрдісін көрсетеді (2024 ж. 111-ден 2025 ж. 240-қа дейін). Бұл ретте едәуір бөлігін қайталама шағымдар құрады (55). Қайталанғандарды есепке алмағанда, шағымдар саны 185-ті құрайды немесе 1,6 есеге өскен.


Мәселен, П.А. және А.Н. есімді азаматтар тергеу изоляторындағы азаптаулар туралы 10 шағым жолдаған. Бұл фактілер сот отырыстары барысында қаралды және сот оларға тиісті баға берді.

2016 жылы орын алған азаптау оқиғалары сипатталған өтініштер де түсті. Мысалы, М.Р. есімді азаматтан осындай 5 өтініш келіп түсті.

Құқық қорғау институтының атына жолданған осы санаттағы шағымдардың өсу үрдісі жалпы алғанда ҚСЖАЕК-тің құқықтық статистика мәліметтерімен сәйкес келеді: егер 2024 жылы Ақпаратты есепке алу кітабына азаптаулар туралы 163 хабарлама енгізілсе, 2025 жылы олардың саны 223 құрады (36,8%-ға өсті).

Сонымен қатар, азаптаудың барлық фактілері кейіннен расталмайтынын түсіне отырып, біз мұндай өтініштерге құзыретті органдар егжей-тегжейлі баға беруі үшін мұндай өтініштерді прокуратураға әдістемелік түрде қайта жіберетін боламыз. Бұдан басқа, біз азаптауларға қарсы іс-қимыл саласында тұрақты және жүйелі мониторингті жүзеге асыру мақсатында құқықтық статистика органдарымен бірлескен жұмысты жалғастырамыз.

2025 жылы құқық қорғау институтына келіп түскен шағымдардың басым бөлігін Омбудсменнің өңірлердегі өкілдері қараған (126, 52,5%). (9-сурет)



-сурет

Біз өңірлердегі сотталғандардың санына қатысты азаптауларды қолдану туралы келіп түскен шағымдар санына, соның ішінде АҚУ қараған өңірлерден келген шағымдарға (1 мың адамға шаққанда) есептеу жүргіздік. (2-кесте)

№	Өңір	Сотталғандар саны	Азаптау туралы шағымдар	1 мың сотталған және қамауға алынған адамға
1.	Түркістан обл.	831	18	21,6
2.	Солтүстік Қазақстан обл.	1 761	33	18,7
3.	Ұлытау обл.	249	4	16
4.	Алматы қ.	2 108	29	13,7
5.	Маңғыстау обл.	348	4	11,5
6.	Астана қ.	1 627	17	10,4
7.	Жетісу обл.	333	3	9
8.	Батыс Қазақстан обл.	1 418	10	7
9.	Ақмола обл.	2 950	18	6,1
10.	Алматы обл.	2 612	16	6,1
11.	Шымкент қ.	2 916	17	5,8
12.	Қостанай обл.	1 980	9	4,5
13.	Павлодар обл.	2 576	11	4,3
14.	Қарағанды обл.	4 568	17	3,7
15.	Шығыс Қазақстан обл.	3 253	11	3,4
16.	Ақтөбе обл.	1 319	4	3
17.	Жамбыл обл.	3 103	7	2,2
18.	Қызылорда обл.	1 424	3	2,1
19.	Абай обл.	2 227	4	1,8
20.	Атырау обл.	1 377	1	0,7

Талдау көрсеткендей, азаптауды қолдануға шағымдардың ең көп саны (өңірдегі сотталғандардың санын ескере отырып) **Түркістан облысында (21,6), СҚО-да**



Осы санат бойынша өтініштерді қарау нәтижелері 11-суретте көрсетілген.



Рисунок 11

Шағымдарды талдау көрсеткендей, өтініштердің 51%-ында пенитенциарлық жүйе мекемелеріндегі, ал 49%-ында сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы болжамды азаптаулар туралы хабарланған. (12-сурет)



-сурет

Бұл мәліметтер негізінен 2023-2025 жылдардағы зерттеу негізінде

Д
а
й

Б

⁹⁶ «Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің пенитенциарлық жүйесі халықаралық құқық призмасы арқылы: стандарттардан практикаға» монографиясы // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/933826> (9.01.2026).

а
Л
Ғ
а

Келіп түскен шағымның ішінде 117 жағдайда өтініш берушілер сотқа дейінгі тергеу барысында оларға күш қолданылғанын немесе психологиялық қысым көрсетілгенін, оның ішінде олардан мойындау айғақтарын алу мақсатында жасалғанын хабарлады.

Уәкілдің атына С.Д. гр. ұлын заңсыз ұстау және Алматы облысы Іле аудандық Полиция басқармасы қызметкерлерінің рұқсат етілмеген ықпал ету шараларын қолданғаны туралы шағыммен жүгінді.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ҚК-нің 146-бабының 3-бөлігінде көзделген құқық бұзушылық белгілері бойынша сотқа дейінгі тергеу тіркелді.

123 жағдайда азаматтар жазасын өтеу кезеңіндегі азаптаулар мен қатыгездік таныту фактілері туралы мәлімдеген.

2025 жылғы 8 желтоқсанда Ақтөбе облысы бойынша өкіл сотталғандар мен мекеме қызметкерлерінің қатысуымен болған оқиға туралы ақпаратты тексеру үшін №70 мекемеге барды.

Сапар барысында медициналық қызметкердің қатысуымен сотталғандарды жеке қабылдау және визуалды тексеру жүргізілді. Бірқатар адамдарда аздаған гематомалар мен сызаттар тіркелген.

2025 жылдың 9 желтоқсанында құқық қорғау институтына сотталушы С.Д.-ның азаптау қолданылғаны туралы шағымы келіп түсті.

Омбудсмен өкілінің Ақтөбе облысының прокуратурасына жүгіну нәтижелері бойынша Қылмыстық кодекстің 362-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелгені хабарланды.

Азаптауларға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы іс-қимыл мәселелері сондай-ақ құқық қорғау институты өкілдерінің жанындағы өңірлік сараптамалық кеңестердің қарауындағы мәселе болып табылады.



Жамбыл облысы бойынша өкіл жанындағы сараптамалық кеңесте азаптау мен қатыгездіктің алдын алу мәселесі қаралды.

Құқық қорғау органдары жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат берді, прокурорлар мамандандырылған бөлімше тергеп жатқан үш қылмыстық іс туралы хабарлады.

Отырыс қорытындысы бойынша профилактиканы күшейту және азаптаулардың алдын алу бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ҰАТ қатысушысы ретінде және оның тапсырмасы бойынша өңірлік өкілдер жабық мекемелерге барады. Әрбір бару кезінде бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға олардың құқықтары түсіндіріледі, қолжетімді қорғау тетіктері, оның ішінде шағым беру тәртібі туралы ақпарат беріледі.

2024 жылы 801 мандатқа жататын мекеме барулармен қамтылса, 2025 жылы – 817. Ал ҰАТ қатысушыларының, Омбудсменнің және оның жергілікті жерлердегі өкілдерінің барлық баруларын қоса есептегенде, 2025 жылы олардың саны 1 242-ні құрады.

Яғни әр 4 жылда бір рет қамтылуы тиіс ҰАТ-тың 964 мандатқа жататын нысаны іс жүзінде бір жыл ішінде дерлік қамтылып отыр.

ҰАТ қатысушылары жүргізген барулар туралы толық ақпарат осы Баяндаманың 6-бөлімінде ұсынылған.

Уәкілдің мониторингтік барулары

Жабық мекемелерде азаматтарды ұстау жағдайларына мониторинг жүргізу мақсатында Уәкіл 2025 жылы ел өңірлеріне іссапарлар жасап, **13** мекемеге **барды** және РФ-ның Мәскеу қаласындағы шетел азаматтарын уақытша ұстау орталығына **1 рет бару** жүзеге асырды.



қаңтарда Уәкіл Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болды. Сапардың мақсаты - қызмет алушылардың құқықтарын сақтау және ұстау жағдайларына мониторинг жүргізу.


«Шарапат» орталығы егде жастағы және ерекше мұқтаж адамдарға, сондай-ақ тұрақты күтімге мұқтаж жалғызбасты азаматтарға

кешенді көмек көрсетеді. Орталықтың қызметі стационарлық әлеуметтік қызмет көрсетуге мемлекет кепілдік берген құқықты іске асыруға бағытталған, бұл халықтың белгілі бір санаттары үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Сапар барысында Орталықтың тұрғын бөлмелері, демалыс аймақтары, ас блогы және медициналық блоктар, карантиндік үй-жайлар, стоматологиялық кабинет, сондай-ақ мекеменің өзге де функционалдық аймақтары тексерілді.

ақпанда Омбудсмен Ақмола облысының Гранитный кентіндегі № 7 мекемеге барып, сотталғандардың құқықтары мен оларды ұстау шарттарының сақталуына мониторинг жүргізді.

Уәкіл 2024 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілген екі жаңа тұрғын блоктарды тексерді. Әрбір блок 140 сотталушыны камералық ұстауға есептелген. Тұрғын блоктарда душ, кітапхана және асхана бар.



30 сотталған адамды жеке қабылдау өткізілді, оларға заңнамадағы соңғы өзгерістерге, соның ішінде есірткі өндіру үшін, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың есірткіні дайындағаны, өндегені және өндіргені үшін жазаны қатандатуға, есірткі жасырушылар үшін жазаны жеңілдетуге, ШТМБ және ЖЖА мәселелерін алқабилер сотының қарауына беру туралы ұсынысты ілгерілетуге қатысты және т.б. мәселелер бойынша түсіндірмелер берілді.

Сапар қорытындысы бойынша Омбудсмен мекеме әкімшілігіне сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсарту және олардың құқықтарын сақтау бойынша ұсыныстар берді (5).

Ақмола облысының мекеме әкімшілігі мен Денсаулық сақтау басқармасының дәрігерлік амбулатория базасында тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлер (терапевт, хирург, фтизиатр, рентгенолог, стоматолог, дерматолог, психиатр/нарколог, УДЗ дәрігері), орта және кіші медициналық персонал штаты бар 10 төсектік күндізгі стационар (соматикалық бөлімше) құру бойынша оң тәжірибесі атап өтілді. Бұл аймақтық денсаулық сақтау мекемелеріне қамаудағыларды айдауылмен алып жүру және ұстау қажеттілігін жоққа шығаруға мүмкіндік берді.



наурызда Ақмола облысының Атбасар қаласындағы (орташа қауіпсіз) **№ 1 мекемеге** бару барысында Уәкіл сотталғандарды ұстау, оларға еңбек, білім беру және медициналық көмек көрсету шарттарымен танысты. 17 тұтқынды жеке қабылдады. Қорытындысы бойынша ұстау жағдайларын жақсартуға және сотталғандардың құқықтарын халықаралық минималды стандарттарға сәйкес қамтамасыз етуге бағытталған

ұсынымдар (3) берілді.

сәуірде Уәкіл Қарағанды облысының Абай қаласында орналасқан **№ 29 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесіне** барды.

Сапар барысында медициналық көмек көрсету, ұстау шарттары, сондай-ақ шағым беру үшін терминалдардың жұмысы мәселелері зерделенді.



Омбудсмен мекеме аумағында жұмыс істейтін, тау-кен өнеркәсібіне арналған модульдік контейнерлерді, басқа да металл конструкцияларын дайындауға, ағаш өндеуге, тігін бұйымдарын шығаруға мамандандырылған кәсіпорындардың қызметімен танысты.

27 сотталған адаммен жеке қабылдау өткізді, оларға ШТМБ және ЖЖА қолдану, «жаппай кассация» қағидаты бойынша үкімдерге шағымдану тәртібі туралы мәселелер түсіндірілді, сондай-ақ рақымшылық туралы заң жобасының әзірленіп жатқаны туралы хабарланды.

Қорытындысы бойынша мекеме әкімшілігіне оларды ұстау жағдайларын жақсарту бойынша ұсынымдар берілді (3).



22 мамырда Уәкіл Қарағанды облысының Северное ауылындағы әйелдерді ұстауға арналған **№ 32 орташа қауіпсіз мекемесіне** барды.

Омбудсмен қамауда ұстау, еңбекті ұйымдастыру, медициналық қызмет көрсету жағдайларына, сондай-ақ сотталғандарға арналған білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізді.

23 сотталғандарға жеке қабылдау барысында рақымшылыққа, құқықтық реттеуге, шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәртібіне, жазаны ауыстыруға және басқа да қызықтыратын мәселелерге қатысты мәселелер бойынша түсініктемелер берілді.

Сапар қорытындысы бойынша Уәкіл еңбекпен қамту және білім беру ісінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мекемедегі ұстау жағдайларын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсынымдар (4) берді.

маусымда Омбудсмен Қарағанды облысының Долинка кентінде орналасқан **№ 30 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесіне** жұмыс сапарымен барды. Сотталғандардың тамақтану, медициналық қызмет көрсету және жұмыспен қамту сапасына кешенді мониторинг жүргізді. 25 сотталушының жеке қабылдауы жүргізілді, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану



және жазаны неғұрлым жұмсақ түрлерге ауыстыру мәселелері түсіндірілді, үкімдерге шағымдану үшін 1 шілдеден бастап жаппай кассация енгізілетіні туралы хабарланды. Бұдан басқа, Уәкіл Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойғаны туралы хабардар етті. Сапар қорытындысы бойынша сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға және олардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдар берілді (6).



шілдеде Омбудсмен Орал қаласында орналасқан № 28 қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесіне барды.

Сотталғандардың тамақтану, медициналық қызмет көрсету және жұмыспен қамту сапасына кешенді мониторинг жүргізді. Отрядтарда тұру жағдайларымен, шағым беру үшін терминалдардың жұмысымен, мекеме аумағында жұмыс істейтін ағаш өңдеу

бұйымдары мен металл конструкцияларын дайындауға маманданған кәсіпорындардың қызметімен танысты.

Сапар шеңберінде Омбудсмен онда ұсталатын 25 адамды жеке қабылдауды өткізді, оларға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану және жазаны неғұрлым жұмсақ түрлерге ауыстыру, үкімдерге шағымдану үшін 2025 жылғы 1 шілдеден бастап тұтас кассация енгізу мәселелері түсіндірілді.

Сапар қорытындысы бойынша мекеме әкімшілігіне сотталғандарды ұстау жағдайларын жазаны өтеудің халықаралық қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған ұсынымдар (4) берілді.

шілдеде Уәкіл Атырау қаласындағы әйелдерді ұстауға арналған № 79 орташа қауіпсіз мекемесіне барды.

Омбудсмен отрядтарда тұру жағдайымен, олардың бос уақытымен, тамақпен, медициналық қызмет көрсетумен танысты.

Сапар аясында 17 әйелді жеке қабылдады.

Қорытындысы бойынша мекеме әкімшілігіне оқшаулау жағдайындағы адамдардың жағдайын халықаралық стандарттарға сәйкес жақсарту жөнінде ұсынымдар (5) берілді.



шілдеде Уәкіл жұмыс сапарымен Ақтөбе қаласындағы № 8 орташа қауіпсіз мекемесіне барды.

Омбудсмен сотталғандардың тамақтану, тұру, медициналық қызмет көрсету сапасымен танысты, сондай-ақ 30 сотталушының жеке қабылдауын өткізді. Қорытындысы бойынша мекеме әкімшілігіне ұстау



жағдайларын жақсарту үшін ұсынымдар берілді (5).

қыркүйекте Уәкіл Петропавл қаласындағы № 50 әйелдер колониясына барды. Сапар халықаралық актілерде бекітілген ең төменгі стандарттарға сәйкес сотталғандардың құқықтары мен оларды ұстау шарттарының сақталуына мониторинг жүргізу мақсатында өтті.

Омбудсмен сотталғандарды тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету және еңбекпен қамтуды ұйымдастырумен танысты.

Жасақтарда қамаудағылардың тұру жағдайлары, шағым беру үшін терминалдардың жұмысы, балық өңдеу, киім тігу, нан өнімдерін пісіру және т. б. кәсіпорындардың қызметі зерттелді.

19 сотталған әйелді жеке қабылдау өткізілді, оларға ШТМБ және ЖЖА қолдану мәселелері түсіндірілді.

Қорытындысы бойынша Уәкіл ұстау жағдайларын жазаны өтеудің халықаралық қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған 5 ұсыным берді.



қыркүйекте

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сотталғандардың құқықтарының сақталуына және оларды ұстау шарттарына мониторинг

жүргізу мақсатында Павлодар қаласындағы № 46 орташа қауіпсіз мекемесіне барды.

Омбудсмен 700-ден астам сотталғандарды тамақтандыруды, жұмысқа орналастыруды, медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырумен танысты.

23 сотталушының жеке қабылдауы жүргізілді, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану және жазаны неғұрлым жұмсақ түрлерге ауыстыру, сот актілеріне шағымдану бөлігінде қабылданған заңнамалық түзетулер мәселелері түсіндірілді.

Нәтижесінде халықаралық стандарттарға сәйкес ұстау жағдайларын жақсартуға бағытталған 4 ұсыныс берілді.





қазанда Ресейдің Мәскеу қаласына жұмыс сапары аясында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Ресей Федерациясы ІІМ **шетелдік азаматтарды уақытша ұстау орталығына** (ШАУҰО) барды, ол әкімшілік қамауға алынған немесе депортациялауды күткен шетелдік азаматтарды уақытша ұстауға арналған мамандандырылған мекеме болып табылады.

Омбудсмен ШАУҰО-дағы Қазақстан Республикасының 7 азаматымен кездесу өткізіп, оларды ұстау шарттарымен танысты.

Уәкіл өтініштерді тыңдап, құқықтық рәсімдердің егжей-тегжейін нақтылады және Орталық әкімшілігінің өкілдерімен шетел азаматтарының құқықтарын сақтауға, соның

ішінде медициналық көмекке, тамақтануға қол жеткізуге, сондай-ақ оларды тезірек Отанына жіберуге қатысты мәселелерді талқылады.

қазанда Уәкіл Қарағанды облысының Қарабас кентіндегі **№ 35 орташа қауіпсіз мекемесіне** барды. Омбудсмен тамақтану, медициналық қызмет көрсету сапасымен және сотталғандардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастырумен танысты.

Жасақтарда тұру жағдайлары, шағым беру үшін терминалдардың жұмысы зерттелді. 10 сотталушының жеке қабылдауы өткізілді. Сұрақтардың көпшілігі шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға, кездесулерді ұйымдастырудың және өткізудің нормативтік тәртібіне қатысты болды. Сапар қорытындысы бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұсынымдар (4) берілді.



қазанда Омбудсмен Қарағанды облысының Долинка кентіндегі № 34 орташа қауіпсіз мекемесінде болды. Уәкіл сотталғандарды тамақтандыруды ұйымдастырумен, медициналық қамтамасыз етумен және жұмысқа орналастырумен танысты, жасақтардағы тұтқындардың тұру жағдайларын, шағым беру үшін терминалдардың жұмысын зерделеді.

Сапар шеңберінде 20 сотталушының жеке қабылдауы өткізілді, онда шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану және жазаны неғұрлым жұмсақ түрлерге ауыстыру мәселелері түсіндірілді. Сапар қорытындысы бойынша халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес мекеме жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар (4) берілді.

2025 жылы Омбудсменнің ҚАЖ мекемелеріне барулардың қорытындысы бойынша құзыретті органдардың атына барлығы 52 ұсыным енгізілді, оның 41-і орындалса, 11-і іске асыру сатысында.



Омбудсменнің ұсынымдарын орындау нәтижелері

7 мекемеде (Ақмола облысы) 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік өтінімге бейнебақылау жүйесін кеңейту, өтініш беруге арналған терминалдардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ сотталғандарды ұстау лимитін белгіленген нормаларға сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды енгізу бойынша шаралар қабылданды.

29 мекемеде (Қарағанды облысы) оқыту семинарлары ұйымдастырылып, жаңа өндірістік жобалар іске қосылды. Сотталғандардың еңбекпен қамтылуын кеңейту және бизнес-қауымдастықпен, оның ішінде «Атамекен» ҰКП арқылы өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі шаралар іске асырылуда.

енсаулық сақтау министрлігі ҚАЖ ұйымдарын медициналық ақпараттық жүйелерге қосуды қамтамасыз етті. **№ 5 мекемеде** (Ақмола облысы) – стационары бар жалғыз лицензияланған мекеме, қашықтықтан консультациялар енгізіледі, тәулік бойы төсек ашуды көздейтін нормативтік құжаттар әзірленеді.

32 мекемеде (Қарағанды облысы) жер учаскесін медициналық бөлімнің құрылысына беру ұйымдастырылды.

30 мекемеде (Қарағанды облысы) арнайы автокөлік сатып алынды, медициналық бөлімдерді салу мәселелері пысықталды.

46 мекеменің (Павлодар облысы) медициналық бөлім ғимаратының кіреберісінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қауіпсіз және ыңғайлы қолжетімділік үшін пандус орнатылды, ауданы 1 130 ш.м. өндірістік үй-жай жөнделді. Өндірістік үй-жайлар

мен цехтарды салуға және реконструкциялауға қосымша қаражатты мақсатты бөлу көзделген.

50 мекемеде (СҚО) ангар үлгісіндегі жаңа модульдік ғимарат салу жұмыстары жүргізілуде.


мекемені (БҚО) ұстаудың қатаң шарттарында бір адамға 2,5 ш.м. есебімен тұрғын үй алаңының нормасын сақтау қамтамасыз етілді. Камералар жатын орынмен, үстелмен және орындықпен жабдықталған. Камераларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

79 мекеменің (Атырау облысы) жатақханаларында және басқа да үй-жайларында жылу энергиясы мен ыстық су беруді қамтамасыз ететін автономды қазандықтың жұмысы есебінен температуралық режимнің сақталуы қамтамасыз етілді.

8 мекеменің (Ақтөбе облысы) жекелеген отрядтарында шатырға, ұзақ кездесуге арналған үй-жайларға косметикалық жөндеу жүргізілді. Кешкі мектептің балансына 103 бірлік техника берілді.

Уәкіл өкілдерінің мониторингтік барулары

2025 жылы өңірлік омбудсмендер 804 мекемеге мониторингтік барулар жүргізді, олардың ішінде 420-сы қылмыстық әділет саласына тиесілі (Ішкі істер органдары – 285, Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері – 123, қорғаныс – 8, ұлттық қауіпсіздік – 4); 316-сы әлеуметтік салаға қатысты (білім беру ұйымдары – 143, денсаулық сақтау – 61, әлеуметтік қорғау – 112); 68-і өзге де мекемелер. (13-сурет)



3-сурет



ҚАЖ жүйесінің 123 мекемесіне жүргізілген барулардың қорытындысы бойынша өкілдер **298 ұсыным** енгізді, олардың талдауы ҚАЖ мекемелерінде жүйелі проблемалардың бар екенін көрсетті:

- медициналық қызметтердің қолжетімділігі (стоматологиялық емдеу, кадрлармен қамтамасыз ету, қажетті дәрі-дәрмектермен және көлікпен қамтамасыз ету және т.б.);
- жөндеу жұмыстарын жүргізу және/немесе жаңа ғимарат бөлу/салу қажеттілігі (оның ішінде 2024 жылғы су тасқынынан кейінгі мекемелерде);
- электрондық өтініштер беруге арналған терминалдардың тиісті деңгейде жұмыс істемеуі;
- сотталғандарды, оның ішінде мүгедектігі бар


адамдарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

- санитарлық жағдайлардың сақталмауы, ыстық сумен жабдықтаудың болмауы.

Ішкі істер органдарының қоғамнан уақытша оқшаулау жөніндегі 285 мекемесіне жүргізілген барулардың қорытындысы бойынша өкілдер **708 ұсыным** енгізді, олардың талдауы ҚАЖ мекемелеріне ұқсас проблемалық мәселелердің бар екенін көрсетті.

Білім беру ұйымдарында өкілдер 143 бару жүргізді, **денсаулық сақтау ұйымдарында – 61, әлеуметтік қорғау ұйымдарында – 112.**

Нәтижесінде келесі ұсынымдар берілді: білім беру мәселелері бойынша – **534**, денсаулық сақтау бойынша – **175**, әлеуметтік қорғау бойынша – **407**.



Ұсынымдарды зерделеу және талдау барысында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарына ортақ жүйелі бұзушылықтар анықталды:

- дәрілік заттарды сақтау мерзімдерінің сақталмауы;
- өлшеу құралдарының болмауы;
- санитарлық жағдайлардың бұзылуы;
- ыстық сумен жабдықтаудың болмауы;
- бейнебақылау камераларының болмауы немесе ақаулығы;
- көмелетке толмағандарды медициналық тексерулер мен тексерістен уақытылы өткізбеу.

2025 жылы Омбудсмен өкілдерінің ҚАЖ мекемелеріне жүргізген баруларының қорытындысы бойынша құзыретті органдарға барлығы 2 386 ұсыным енгізілді, олардың 1 988-і орындалды, 398-і іске асырылу сатысында.

Барулар барысында анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша 337 адам тәртіптік жауаптылыққа, 76 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылды, 3 сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелді.

Ұлттық құқық қорғау институты ұстау жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу шараларын қабылдауда.

Жамбыл облысы бойынша өкіл № 67 мекемеге бару барысында мүгедектігі бар адам ұсталатын камераның санитарлық торабына пандус пен тұтқалар орнатуға көмектесті, бұл оның мекемеде болу жағдайларын жақсартты.

2025 жылы сотталғандарды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібінің бұзылу фактілері (4) анықталды.



№ 47 мекемеге бару барысында Павлодар облысы бойынша өкілге сотталған К.А. тамақтанудың белгіленген стандарттарға сәйкес келмеуі және тиісті өнімдерді алмау мәселесі бойынша жүгінді.

Қызметтік тергеу нәтижелері бойынша өтініш берушінің тамақтанудың белгіленген нормаларға сәйкес келмейтіндігі туралы уәждері расталды.

Жол берілген бұзушылықтар үшін № 47 мекеме бастығының орынбасары тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Тамақтану нормалары белгіленген талаптарға сәйкес келтірілді.

Тиісті деңгейде медициналық қызмет көрсетілмеуі туралы шағымдарда медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтуге жібермеу мәселелері көтерілді. Құқық қорғау институтының өкілдері бұл мәселелерге қылмыстық-атқару мекемелеріне бару барысында ерекше назар аударды.



Жамбыл облысы бойынша өкілге У.Г. есімді азаматша № 59 мекемеде оның ағасы У.Е.-ге аяғының білек сүйегі сынғаннан кейін медициналық көмек көрсетілмегені туралы жүгінді.

Өкіл мекемеде қабылдау ұйымдастырды, оның нәтижесі бойынша сотталған адам Тараз қаласының № 1 қалалық көпбейінді ауруханасына жедел емдеуге жіберілді.

Бүгінгі таңда У.Е.-нің жағдайы қанағаттанарлық, ол қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп, жеңілдетілген жағдайға ауыстырылды.

Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету мәселелері өңірлік омбудсмендер сараптамалық кеңес мүшелерімен және ҰАТ қатысушыларымен бірлесіп ұйымдастыратын іс-шаралар аясында қаралады.



АҚУ-дың Павлодар облысы бойынша өкілі Сараптамалық кеңес мүшелерімен, ҰАТ қатысушыларымен бірлесіп «Медициналық қамтамасыз ету және сотталғандарды жұмысқа орналастыру мәселелері» атты дөңгелек үстел өткізді.

Павлодар облысының ҚАЖД, Денсаулық сақтау басқармасының өкілдері баяндама жасады. Өткізілген дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша өңірлік Сараптамалық кеңес мүшелері 9 ұсыным әзірлеп, уәкілетті органдарға жолдады, олардың ішінде ҚАЖ мекемелеріне сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін шағын және орта бизнес субъектілерін тарту бойынша жұмысты жандандыру, өндірістік аймақтардың үй-жайларына жөндеу жүргізу, уақытылы толық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және т.б.

ДСБ ұсынымдарын орындау шеңберінде Павлодар облысының ҚАЖД-мен бірлесіп, медициналық көмектің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ететін (алғашқы көмек көрсету үшін кезекші медицина қызметкерінің болуы) медициналық персоналдың жұмыс кестесін әзірледі және бейінді мамандардың көшпелі консультацияларының санын арттырды; сондай-ақ жазасын өтеу орындарындағы азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдіктерді құжаттандыру бойынша іс-қимыл алгоритмі әзірленді.

Жекелеген жағдайларда тәртіптік жазалар қолданылған сотталғандардың құқықтарын қалпына келтіруге жәрдем көрсету мүмкін болады.

Жамбыл облысы бойынша өкілге О.К. есімді адвокаттан сотталған Б.М.-ны ТИЗО-ға заңсыз қамау туралы өтініш түсті.

ҚАЖК-нің 132-бабына сәйкес, ТИЗ-ға қамау жаза мерзімін көрсете отырып, онда ұстау мүмкіндігі туралы медициналық куәландырудан өткеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Өкіл бейнебақылау камераларының жазбаларын сұратып, медициналық құжаттарды, оның ішінде мекеменің медициналық бөлімінің меңгерушісі берген анықтаманы зерделеді, аталған анықтамаға сәйкес, Б.М.-ның денсаулық жағдайына байланысты ТИЗ-да ұстауға қарсы көрсетілімдер бар екені анықталды. Нәтижесінде сотталған ТИЗ-дан ауыстырылып, оған қажетті медициналық көмек көрсетілді.

Тексеру қорытындысы бойынша мекеме қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2025 жылы құқық қорғау институтына ауыр науқасқа байланысты мерзімінен бұрын босатуға жәрдемдесу туралы азаматтардың өтініштері келіп түсті (3).

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілге азаматша Г.К. С гепатитінің салдарынан ауыр науқасқа (цирроз) байланысты сотталған ұлын мерзімінен бұрын босатуға жәрдем көрсету туралы шағымданды.

Омбудсмен өкілінің СҚО әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасына жолдаған сауалының нәтижесінде сотталғанның диагнозы сырқатына байланысты жазасын өтеуден босатуға негіз болатын аурулар тізбесіне кіретіні анықталды.

2025 жылғы 27 маусымда консилиум қорытындысы куәландыру жүргізу және кейіннен сотқа жолдау үшін № 51 мекемеге жіберілді.

Айыртау аудандық сотының шешімімен азамат Г.Е. жазасын өтеуден босатылды.

Сот төрелігін жүзеге асыру процесіне араласпай-ақ, өтініш берушілердің сұраныстарын қанағаттандыруға негіздер болған жағдайда, біз тиісті уәкілетті органдарға сәйкес сұрау салулар жолдаймыз .

Әлеуметтік желілерді мониторингілеу барысында Жамбыл облысы бойынша ҚАЖД № 25 мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталған Ф.М.-ның мүддесіне қатысты бейнеүндеу анықталды. Жарияланымда сотталушыға медициналық көмек көрсетілмегені және денсаулығының нашарлағаны туралы мәліметтер келтірілген. Оның ауруы ҚК-нің 75-бабына сәйкес босатуға негіз болмаған және сот екі рет ШТМБ-дан бас тартты.

Омбудсмен Бас прокуратураға Ф.М.-ны денсаулығына байланысты босату мүмкіндігін зерделеу туралы өтініш жолдады.

Прокуратура мекеме әкімшілігінің сотталғанға заңсыз түрде тәртіптік жазалар қолданғанын, бұл ШТМБ-дан бас тартуға формалды негіз болғанын анықтады. Нәтижесінде жазалардың күші жойылды, апелляциялық сатыда Ф.М.-ның өтінішхаты қанағаттандырылып, ол дереу босатылды.

Жабық мекемелердегі адамдардың денсаулығын сақтау және оларға қатыгез қарым-қатынастың алдын алу мәселелері құқық қорғау институты қызметінің маңызды бағыты болып қала береді.

Шағым берудің цифрлық тәсілдерін кеңінен енгізу сотталғандардың құқықтарын қорғаудағы маңызды жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта 78 ҚАЖ мекемесінде қамаудағылар үшін қолжетімді орындарда 608 электрондық өтініш терминалы орнатылған.

2024 жылғы қарашада Бас прокуратура Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті мен ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағаларының бірлескен бұйрығымен сотталғандардың өтініш беруі үшін терминалдарды пайдалану кезіндегі жауапкершілік шектелді.



Атап айтқанда, ҚАЖК ҚАЖ мекемелерінің аумақтарында орналасқан және жұмыс істейтін терминалдардың, коммутациялық жабдықтардың және деректерді беру желілерінің үздіксіз жұмысын, терминалдарға сапалы қызмет көрсетуді және техникалық қолдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ терминалдар жұмысының кешігуіне әкелетін күтпеген және авариялық жағдайлардың барлық жағдайлары туралы ҚСЖАЕК аумақтық органын хабардар етеді.

ҚСЖАЕК өз кезегінде сотталғандардың электрондық нысанда өтініштер беруі үшін терминалдарда

белгіленген бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысына, сондай-ақ олардың жұмысындағы анықталған кемшіліктерге жедел ден қоюға және оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға жетекшілік етеді.

Құқық қорғау институты өкілдерінің сапарлары барысында олардың үздіксіз жұмыс істеуіне ерекше назар аударылады.

Есепті кезеңде бірқатар өңірлерде (Түркістан (7 бірлік), Ақтөбе (3 бірлік), Қарағанды (13 бірлік), Солтүстік Қазақстан (2 бірлік), Қостанай (1 бірлік), Қызылорда (1 бірлік), Павлодар (3 бірлік), Жамбыл (3 бірлік) облыстары, Шымкент қ. (7 бірлік) 40 жұмыс істемейтін терминал анықталды, өкілдер жіберген ұсынымдардың қорытындысы бойынша ақаулар жойылды.

Үш өңірде (Қарағанды (8), Қызылорда (2), Батыс Қазақстан облыстарында (2) таксофондардың тиісінше жұмыс істемеу фактілері тіркелді (12 бірлік).

Бұл мәселені біз құқық қорғау институтының 2024 жылғы қызметі туралы баяндамада көтердік. Бас прокуратураға терминалдардың жұмыс істеуін шектеу фактілеріне жол бермеуді қамтамасыз ету, оларды пайдалану үшін техникалық мүмкіндіктерді пысықтау және қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен мекемелердегі адамдар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

2025 жылғы мониторингтік сапарлардың нәтижелері пенитенциарлық жүйе мекемелерінде терминалдар мен байланыс құралдарының жұмыс істеуінің жалғасып келе жатқан проблемасын айғақтайды.



Қарағанды облысы бойынша өкіл № 29 (1 бірлік), 30 (5 бірлік), 32 (2 бірлік) мекемелерінде таксофондардың дұрыс жұмыс істемеу фактілерін анықтады. Осы мәселе бойынша сотталғандардың туыстарынан телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігінің берілмеуі туралы шағымдар да түскен.

Сонымен қатар, № 35 (12 бірлік) және № 29 (1 бірлік) мекемелерінде өтініш беруге арналған терминалдар жұмыс істемейді.

Өкіл жолдаған ұсыным және жүргізілген қызметтік тексеру қорытындысы бойынша таксофондар мен терминалдардың жұмысын қалпына келтіру шаралары қабылданды, жол берілген бұзушылықтар үшін түзеу мекемесінің 3 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Жалпы алғанда, 2025 жылы Уәкілдің, өңірлік өкілдердің және ҰАТ қатысушыларының мониторингтік сапарлары электрондық өтініштер беру бойынша 100-ден астам терминалдың (2025 жылғы қарашадағы жағдай бойынша 143) тиісінше жұмыс істемеу фактілерін анықтады.

Осыған байланысты, 2025 жылғы желтоқсанда Бас прокурордың атына ҚСЖАЕК-ті олардың ажыратылғаны туралы автоматты түрде хабардар ету бағдарламасын енгізе отырып, терминалдардың дұрыс жұмыс істемеу себептерін анықтау және тексеруді ұйымдастыру, сондай-ақ қамаудағылардың терминалдар арқылы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге шағым беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін функционалды іске қосуды аяқтау мәселесі бойынша өтініш жолданды.

Бұл бағытта Бас прокуратура жоспарлы жұмыс жүргізуде, мысалы, ҚАЖ мекемелерін неғұрлым кең мүмкіндіктері бар заманауи терминалдармен қайта жарақтандыру бойынша пилоттық жоба іске асырылуда.

Қазіргі уақытта ҚСЖАЕК «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлесіп, сотталғандардың Омбудсменнің атына өтініштерін беру үшін терминалдарда орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етумен «Е-Отinish» ақпараттық жүйесін интеграциялау бойынша техникалық жұмыстарды жүзеге асырады. Біз осы процестің орындалу барысын бақылауды жалғастырамыз.

Адам құқықтарын қорғау саласындағы мәселелерді кешенді түрде шешу мақсатында құқық қорғау институты **ғылыми зерттеулер** жүргізеді.

Осылайша, ұлттық құқық қорғау тетіктерінің әлеуетін күшейту және Қазақстан Республикасы тарапынан адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелердің орындалуына жәрдемдесу мақсатында, БҰҰ Даму бағдарламасы қолдауымен, ғылыми кеңесшілерді тарта отырып, құқық қорғау институты 2024 жылы азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша іргелі зерттеу жүргізді.

Аталған зерттеулердің Уәкіл жанындағы Сараптамалық кеңестің отырысында таныстырылып, онда нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу және мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар талқыланды. Кеңес құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, құқық қорғаушылар және тәуелсіз сарапшылар кіреді.



Зерттеу қорытындылары 2025 жылғы 10 желтоқсанда Адам құқықтары күніне орайластырылған «Адам құқықтары және пенитенциарлық жүйені дамыту: ұлттық басымдықтар мен халықаралық стандарттар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында «Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің пенитенциарлық жүйесі халықаралық құқық тұрғысынан: стандарттардан тәжірибеге дейін» атты монография таныстырылды.⁹⁸

Монографияның мақсаты – сотталғандарды ұстау жағдайларының халықаралық және ұлттық стандарттары тұрғысынан пенитенциарлық жүйеге кешенді талдау жүргізу, өзекті мәселелерді анықтау және халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, жазаларды орындау жүйесін ізгілендіру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Құқық қорғау институтының қызметінде құқықтық ағартуға ерекше назар аударылады.

2025 жылы бірқатар талдамалық стандарттарды имплементациялау. Азаптауға қарсы іс-қимыл» тақырыбында дәрістер өткізілді.



Мысалы, 2025 жылғы 30 қазанда Орталық қызметкерлері Maqсут Narikbayev University студенттеріне Қазақстандағы Омбудсмен институтының қалыптасу тарихы мен қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндады.

Дәріс барысында Уәкіл үйлестіретін ҰАТ қызметі де қамтылды.

Ұлттық құқық қорғау мекемесінің негізгі міндеттерінің бірі – азаптауға қарсы іс-қимыл саласындағы барлық стандарттардың іс жүзінде сақталуын қамтамасыз ету болып қала береді.

⁹⁷ Астана қаласында Адам құқықтары және пенитенциарлық жүйені дамыту бойынша халықаралық конференция өтуде // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/1122627?lang=kk> (14.01.2026)

⁹⁸ Омбудсмен сайтында орналастырылған // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/933826>.

⁹⁹ «Қазақстандағы азаптауларға қарсы іс-қимыл» тақырыбындағы мақала, // Қол жеткізу тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33764206

Шағымдарды қарау және алдын алу мақсатындағы сапарларды жүргізу жұмысы Уәкілдің тұрақты назарында.



Омбудсменнің қызметі бұдан әрі де Қазақстан Республикасы аумағындағы мәжбүрлі ұстау орындарында адам құқықтарының сақталуына жан-жақты жәрдем көрсетуге және азаптаудың, қатыгез қарым-қатынас пен жазалаудың алдын алуға бағытталған тұрақты шешімдерді әзірлеуге шоғырлана береді. Уәкілдің өңірлік өкілдері де азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа

қарсы іс-қимылға бағытталған жұмысты жүйелі түрде жүргізеді.

Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің, ішкі істер және прокуратура органдарының, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау ұйымдарының еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіледі.

2025 жылы азаптауға және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас түрлеріне қарсы іс-қимылға бағытталған арнайы талдамалық және ағартушылық материалдарды әзірлеу мен таратуға ерекше назар аударылды. Осы жұмыс аясында арнайы материалдар мен мақалалар дайындалып, жарияланды, дәрістер, дөңгелек үстелдер, түсіндіру іс-шаралары өткізілді, сондай-ақ ҰАТ қызметінің ақпараттық сүйемелденуі қамтамасыз етілді.



АУЫЛ ТЫНЫСЫ / 1 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ / №9 (19608) 5

Недопустимость пыток, жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения с лицами, содержания в исправительных учреждениях

Право каждого человека на защиту от пыток и жестокого обращения является неотъемлемым и абсолютным, закрепленным в «Всеобщей декларации прав человека» и ряде международных документов, в которых Казахстан присоединился, включая «Конвенцию против пыток», «Международный пакт о гражданских и политических правах» и «Факультативный протокол к Конвенции против пыток».

Согласно Конвенции, определение «пытка» означает любое действие, которое намеренно или по неосторожности причиняет боль или страдание, физическое или нравственное.

Республика Казахстан придерживается четкой позиции в пытке, и она запрещена на конституционном уровне. Статья 17 Конституции Республики Казахстан предусматривает запрет на применение пыток, ссылаясь на то, что пытка является нарушением человеческого достоинства, унижением или нападением.

Одним из ключевых шагов стало усиление законодательства. Упомянутый кодекс был усовершенствован, что развивает политику пытки и исключает обращение с лицами, имеющими ответственность за такие преступления.

Для обеспечения ответственности и независимости расследования, дела о пытках теперь расследуются исключительно в государственной прокуратуре, что гарантирует беспристрастность и справедливость процесса.

Новые стандарты в системе досудебного расследования, такие как обязательная видеозапись допроса и судебных заседаний, значительно повысили уровень прозрачности и позволили предотвратить злоупотребления.

Кроме того, внедрены системы контроля видеонаблюдения в учреждениях уголовного-исполнительной системы (УИС) и органы полиции, исключившей так называемые «слепые зоны», стало важным инструментом защиты прав граждан и самих сотрудников правоохранительных органов.

Серьезные изменения произошли и в сфере медицинского обслуживания заключенных. В 2023 году медицинская служба пенитенциарных учреждений была передана в ведение Министерства здравоохранения, что обеспечило независимость, объективность, рациональное и высший уровень медицинского обслуживания. Теперь персонал несет обязательные медицинские осмотры и осматриваемые средства, что играет важную роль в защите прав осужденных.

В рамках исполнения срочных международных обязательств с 2014 года в настоящее время функционирует Национальный профилактический механизм борьбы против пыток, направленный на предупреждение пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания.

Целью Национального профилактического механизма является привлечение граждан Казахстана к осуществлению независимых профилактических инспекционных мероприятий в учреждениях, административных, судебных и компетентных государственных органах.

За несколько лет существования Национального профилактического механизма, его участники удалось выявить целый ряд серьезных нарушений и работе организационных органов, администрации пенитенциарных учреждений, связанных с условиями содержания, пытками и жестоким обращением и наказанием лиц, лишенных свободы, что послужило толчком к модернизации системы правоохранительных органов и реализации институциональных реформ в области верховенства права.

В составе 25 региональных групп работают 106 независимых специалистов, включая врачей, психологов и социальных работников, деятельность которых осуществляется автономно от государственных органов, что гарантирует объективность и беспристрастность процесса.

За 2024 год представителям Уполномоченного по правам человека Республики Казахстан по Павлодарской области посетили 25 организаций и учреждений, оказывающих социальные услуги или предоставляющих для исполнения наказания, из которых 20 совместно с участниками региональных групп Национального профилактического механизма.

По итогам каждого посещения участники направляли рекомендации и адрес администрации соответствующего учреждения. Анализ рекомендаций и работы по их реализации проводится в ежегодном консолидированном докладе участников Национального профилактического механизма.

Сегодня Казахстан демонстрирует свою приверженность защите прав человека и продолжает совершенствовать работу в этом направлении.

И.В. ТАРАСЕНКО,
Уполномоченный по правам человека РР по Павлодарской области.

Атап айтқанда, Павлодар облысы бойынша өкілдік түзету мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты азаптаудың және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас түрлеріне жол бермеу тақырыбында жарияланым дайындады.

Азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ Ұлттық алдын алу тетігінің ҰАТ қызметі тақырыптарында дәрістер Қызылорда облысы мен Қарағанды облысы аумақтарында өткізілді.



Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан облысы аумақтарында азаптау мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу тақырыбында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, сондай-ақ осы тақырып бойынша талдамалық материал жарияланды.

2025 жылы Шымкент қаласы және Павлодар облысы бойынша өкілдіктер азаптаудың алдын алу мәселелері, сондай-ақ осы салада мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы бойынша ҰАТ өкілдерінің қатысуымен телевизиялық бағдарламалар ұйымдастырды.

Ақтөбе облысы, Павлодар облысы және Шымкент қаласында ҰАТ қатысушыларымен бірлесіп азаптау мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу мәселелерін ашып көрсететін телевизиялық бейнесюжеттер дайындалып, эфирге шығарылды.



Ерекше назар азаптауға, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас пен жазалауға қарсы іс-қимыл және оның алдын алу саласындағы институционалдық және заңнамалық өзгерістерді жариялауға аударылды.

ҚАЗАҚСТАН: АЗАПТАУҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Өзін азаматтық азаптаудан және қатыгездікпен қараудан қорғау құқымы аяқталғаны және абсолютті болып табылады, ол адам құқықтарының жалпы бәйесі декларациясында және Қазақстан конституциясында бекітілген құқықтарға қарама-қарсы емес. Азаматтық және азаматтық туралы халықаралық пактіде бекітілген. Саяси құқықтар және «Азаптауға қарсы көпмәніне факультативті қатама».

Соның ішінде Қазақстанда азаптауды жою және адам құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін құру бойынша әлеумет қолдауы жасалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қолға алынған ауқымды реформалардың арқасында азаптауларға қарсы күрес жүзесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, ашық әрі тиімді болып бастады.

Негізгі қадамдардың бірі заңнаманы күшейту болды. Қылмыстық кодекстің міндеттері, «азаптау және қатыгездік» ұғымдары осындай қылмыстар үшін жазаны күшейте отырып, нақты ақпаратты берді.

Тергеудің объективтілігі мен тәуелсіздігі қамтамасыз ету үшін азаптау істері енді тек қана прокуратураның қолында, бұл сот тәртібін бейтараптығы мен әділдігіне кепілдік берді.

Сотқа дейінгі тергеу-тексеру жүйесіндегі жауап алу мен сот отырыстарын міндетті түрде бейнежазбаға түсіру сияқты жаңа стандарттар шығарып, дегенмен айтылғанға арттырып, мұқият теріс әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (қылмыстық-атқару жүйесі) және полиция органдарында «соққы дақтарды» жою, «үздіксіз бейнебақылау» жүйесін енгізу азаматтардың құқықтарын

мен заңды қорғаудың маңызы қорғалына айналды. Сот отырыстарының өткізілуі.

Сот отырыстарында медициналық көмек көрсету саласында да әлеуметтік өзгерістер болды.

2023 жылғы тәуелсіз мекемелерінің медициналық қызметі Денсаулық сақтау министрлігіне берілді. Бұл медицина қызметкерлерінің дербестігі және медициналық көмекті қолдары дегенмен қамтамасыз етті. Бұл міндетті медициналық тексерулер мен тексерулер күш пен арнайы құралдар қолданылғанын кейін жүргізгенді, бұл сотталғандардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады.

Шан мандарды берудің, нығайтып тетіктерін құру маңызды қадам болды. Бірінші кезеңдерде барлық түскен атысшыларға жауап берілуіне кепілдік берілетін бейнежазба мүмкіндігі бар «электрондық өтініштер беру терминдері» орнатылды.

Қабылданған шаралар қалайды екендігіне қарамастан, онда азаптау мен күрес саласындағы реформалар әділетті қорғау жүйесіндегі маңызды қадам ретінде таңдалды.

Бүгінде Қазақстан адам құқықтары қорғау институттарына азаматтардың қарсы, осы бағыттағы жұмысты дәйекті түрде жалғастыруда.

Жүргізіліп жатқан реформалар халықаралық міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді қана қоймай, азаматтардың өмірмен олардың тәуелсіз, адал және адамгершілік қорғауға жағдай жасайды. Адал өмір тәртібі мен заңдылықтың, азаматтық қоғамның және халықаралық серіктестіктің бірлескен іс-қимылына ғана кезең.

тәуелсіз жүзеге асырылады. Бұл тексерулердің объективтілігі мен бейтараптығына кепілдік берді.

Соның екі жағында жабық мекемелерге 5 мыңнан астам бару жүзеге асырылып, нәтижесінде мемлекеттік органдарға тәртіпті, жағдай мен медициналық көмек көрсетуді жақсартуға бағытталған 6 мыңнан астам ұсыныс жіберілді.

УІМ-мен қатар 2023 жылдан бастап Уәкіл елдері елдері өз міндетін табысты жүзеге асыруда, ұсыныстарды орындауды бақылауды, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау бойынша оқыту және ағарту жұмыстарын жүргізуді. Бір жыл ішінде олар 1,5 мыңға жуық сапар жасап, 1,8 мыңнан астам ұсыныстар берді, олардың көпшілігі қарсақ мерзімде өтірік деп-сәй жоқ болды.

Қабылданған шаралар қалайды екендігіне қарамастан, онда азаптау мен күрес саласындағы реформалар әділетті қорғау жүйесіндегі маңызды қадам ретінде таңдалды.

Бүгінде Қазақстан адам құқықтары қорғау институттарына азаматтардың қарсы, осы бағыттағы жұмысты дәйекті түрде жалғастыруда.

Жүргізіліп жатқан реформалар халықаралық міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді қана қоймай, азаматтардың өмірмен олардың тәуелсіз, адал және адамгершілік қорғауға жағдай жасайды. Адал өмір тәртібі мен заңдылықтың, азаматтық қоғамның және халықаралық серіктестіктің бірлескен іс-қимылына ғана кезең.

Александр КАРИМОВ,
ҚР адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Улытау облысы бойынша өкілі.

Улытау облысы бойынша өкілдік Қазақстан Республикасында азаптауларға қарсы күрес пен адам құқықтарын қорғаудағы түбегейлі өзгерістерді көрсететін мақала жариялады.

Елде жүргізіліп жатқан азаптау мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу жөніндегі жұмыс туралы халықаралық қауымдастыққа да ақпарат берілуде.

2025 жылғы 21 қаңтарда Уәкіл институты Әмбебап мерзімді шолу жөніндегі жұмысның 48-ші сессиясы аясында (ӘМШ) «Қазақстандағы азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынасқа қарсы күрес»

тақырыбында сайд-ивент өткізді.

2025 жылғы 23 қаңтарда Страсбург қаласында Уәкілдің, дипломатиялық корпус өкілдерінің және Еуропа Кеңесі өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Іс-шара еуропалық серіктестерге зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы реформалардың динамикасын таныстыруға, ҰАТ қызметінің дамуын және азаматтардың өтініштеріне ден қою тәжірибесін көрсетуге мүмкіндік берді.



Іс-шаралар барысында қатысушыларға еліміздегі азаптаумен байланысты қазіргі жағдай, сондай-ақ осы жағымсыз құбылысқа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан шаралар, табысты тәжірибелер мен қабылданған дәйекті қадамдар туралы толық ақпарат берілді.

Талқылау қорытындысы бойынша халықаралық қауымдастық азаптаудың алдын алу және адам құқықтарын қорғау саласында Қазақстан Республикасы тарапынан жасалған күш-жігер мен қол жеткізілген прогреске оң баға берді.

Алдағы кезеңдегі негізгі міндет қолданыстағы тетіктерді нығайту, олардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру. Басым бағыттар ретінде тәуелсіз бақылауды күшейту, инфрақұрылымды жаңғырту және мониторингтің цифрлық құралдарын одан әрі дамыту айқындалуы тиіс.

Азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, құқық қолдану практикасын күшейту және институционалдық кепілдіктерді нығайту жұмыстары жалғасын табады.

Іс-шаралар барысында қатысушыларға еліміздегі азаптаумен байланысты қазіргі жағдай, сондай-ақ осы жағымсыз құбылысқа қарсы іс-қимыл бойынша мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан шаралар, табысты тәжірибелер мен қабылданған дәйекті қадамдар туралы толық ақпарат берілді.

Талқылау қорытындысы бойынша халықаралық қауымдастық азаптаудың алдын алу және адам құқықтарын қорғау саласында Қазақстан Республикасы тарапынан жасалған күш-жігер мен қол жеткізілген прогреске оң баға берді.

Алдағы кезеңдегі негізгі міндет қолданыстағы тетіктерді нығайту, олардың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру. Басым бағыттар ретінде тәуелсіз бақылауды күшейту, инфрақұрылымды жаңғырту және мониторингтің цифрлық құралдарын одан әрі дамыту айқындалуы тиіс.

Азаптауға және қатыгез қарым-қатынасқа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру, құқық қолдану практикасын күшейту және институционалдық кепілдіктерді нығайту жұмыстары жалғасын табады.

ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ

ҰАТ БҰҰ-ның аталған халықаралық шарттарына сәйкес құрылған азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесін білдіреді.

2025 жылдың негізгі деректері



ҰАТ-ның мақсаты Қазақстан азаматтарын соттардың және құзыретті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде азаматтар уақытша орналастырылатын мекемелер мен ұйымдарға тәуелсіз алдын ала баруды жүзеге асыруға тарту болып табылады.

ҰАТ-ның мақсаты мен міндеттері, шарттары, сондай-ақ оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, кандидаттарға қойылатын талаптар Қылмыстық-атқару кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексте, Әлеуметтік кодексте, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы ұйымдарда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» заңдарда бекітілген.

Қазақстандағы ҰАТ «Омбудсмен+» моделі негізінде жұмыс істейді, ол Омбудсмен институтының үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп ҰАТ қызметін үйлестіруін білдіреді.

ҰАТ қызметін тиімді үйлестіру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанынан консультативтік-кеңесші орган – Үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. КС Азаптаулардың алдын алу жөніндегі Кіші комитетпен өзара іс-қимыл жасайды, ҰАТ қатысушыларын іріктейді, өңірлік топтарды қалыптастырады және олардың басшыларын тағайындайды, бару жоспарын айқындайды, бару туралы есептерді қабылдайды, ҰАТ-ның шоғырландырылған баяндамасын

дайындайды, сондай-ақ ҰАТ шеңберінде Омбудсменнің мандатын іске асыруға өзге де жолмен ықпал етеді.

КС мүшелерін сайлау тәртібі КС мүшелерін сайлау жөніндегі комиссия туралы ережемен регламенттелген. Аталған комиссияның құрамына беделді қоғам қайраткерлері мен үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының көшбасшылары, БАҚ және заң қоғамдастығының өкілдері, көрнекті ғалымдар, Парламент депутаттары және т.б. кіреді. Айта кету керек, КС құрамына тек азаматтық қоғам өкілдері кіреді.

Қазіргі уақытта ҰАТ-нің 20 өңірлік тобы (әрбір өңірде және республикалық маңызы бар қалаларда) жұмыс істейді, олар 99 қатысушыны біріктіреді.

Әр екі жыл сайын қатысушылар құрамын ашық конкурс арқылы жаңарту жүргізіледі, бұл жаңа сарапшылар мен белсенділердің тұрақты түрде тартылуына ықпал етеді.

ҰАТ қызметі барысында жабық мекемелерді мониторингтеу және азаптаулардың алдын алу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді.

Мандатты мекемелердің саны (ҰАТ баруға қолжетімді орындар) қызметінің басында шамамен 600-ден қазіргі уақытта 3 761-ге дейін өсті. Олар: ішкі істер органдары – 3 299, білім беру – 187, халықты әлеуметтік қорғау – 121, денсаулық сақтау – 64, пенитенциарлық жүйе – 79, қорғаныс – 7 және ұлттық қауіпсіздік – 4.

Енді ҰАТ тек ПМ мекемелерін (УҰИ, арнайы қабылдау орындары, қабылдау-тарату орындары), ҚАЖ (тергеу изоляторлары, түрмелер, колониялар) ғана емес, сонымен қатар психиатриялық стационарларды, балалар интернаттарын, қарттар үйлерін, әскери гауптвахталарды және адамдар өз еркінен тыс болатын басқа да орындарды қамтиды. Келулер саны айтарлықтай өсті: жыл сайын ҰАТ қатысушылары бүкіл ел бойынша 500-ге жуық алдын алу сапарларын жүзеге асырады.

2025 жылы ҰАТ қатысушылары ПМ (152), ОАМ (79), ПМ ҚАЖК (73), ЕХӘҚМ (71), ДСМ (44), ҰҚК (4), ҚМ (2) мекемелерін қамти отырып, 425 алдын а




Рисунок 14

5
3
2025 жылы ҰАТ қатысушылары уақытша ұстау изоляторларына – 77, тергеу изоляторларына – 16, түзеу мекемелеріне – 57, қабылдау-тарату

орындарына – 13, арнайы қабылдау орындарына – 19, кәмелетке толмағандарға арналған бейімдеу орталықтарына – 10, арнайы білім беру мекемелеріне – 3, отбасылық үлгідегі балалар ауылдарына – 8, мәжбүрлеп емдеу ұйымдарына – 37, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына – 71, ҰҚК тергеу изоляторларына – 4, әскери полицияның гауптвахталарына – 2, полиция бөлімшелеріне (оның ішінде ішкі істер бөлімдерінің үй-жайларына) – 43 рет барды.

ҰАТ өзін тиімді институт ретінде көрсетті: оның қызметі көптеген бұзушылықтар мен проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді, құқық қорғау және пенитенциарлық жүйелердегі реформаларға ықпал етті.

ҰАТ қатысушыларының сапарлары мен ұсынымдарының арқасында бірқатар колониялар мен ТИЗО-да ұстау жағдайларын жақсартуға қол жеткізілді, материалдық база жаңартылды (камералар, медициналық бөлімдер жөнделді, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған инфрақұрылым құрылды), персоналды іріктеу кезінде гендерлік фактор ескерілді (УҰИ мен арнайы қабылдау орындарында ер адамдармен қатар әйел қызметкерлердің болуы қамтамасыз етілді). Кейбір өңірлерде ҰАТ қатысушылары түрмелерді жалпы тінтуге қатысты, бұл осы іс-шаралар кезінде азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынас жағдайларын болдырмады. Бұл қоғамнан бақылаушылардың қатысуының алдын алу әсерін айқын көрсетті.

ҰАТ әрбір сапарының қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдарға ұсынымдар қалыптастырады. 2025 жылы **3 188** ұсыным жіберілді, оның **1 046**-сы орындалды (33%). ҰАТ ұсынымдарын орындаудың ең жоғары пайызы Алматы қаласында (**67%**), Ақтөбе (60%) және Павлодар (54%)

о
б
л

3-кесте

ЖАЛПЫ САНЫ / ОРЫНДАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР								
Өңір	ҰҚК	ЕХӘҚМ	ҚАЖК	БҒМ	ПМ	ДСМ	ҚМ	Облыстар бойынша
Алматы қ.								
Ақтөбе обл.								
Павлодар обл.								
Астана қ.								
Атырау обл.								
Абай обл.								
Қызылорда обл.								
Жетісу обл.								
Ақмола обл.								
Түркістан обл.								
Шымкент қ.								

д
ы

·
-кесте)

Қарағанды обл.								
Жамбыл обл.								
Солтүстік Қазақстан обл.								
Алматы обл.								
Шығыс Қазақстан обл.								
Маңғыстау обл.								
Ұлытау обл.								
Батыс Қазақстан обл.								
Қостанай обл.								
Ведомстволар бойынша								

ҰАТ қатысушылары жыл сайын мемлекеттік органдардың қызметіндегі кемшіліктерді анықтайды, олардың көпшілігі мекемелердің материалдық-техникалық базасымен, ұстау жағдайларымен, медициналық көмекке қол жетімділікпен, мүмкіндігі шектеулі адамдар мен осал топтардың өкілдерінің құқықтарымен, жұмыс істемейтін терминалдармен, тамақтану сапасымен және т.б. байланысты.

ҰАТ ұсынымдары ұзақ уақыт бойы орындалмаған жағдайда, Омбудсмен құзыретті органдарға тиісті ұсынымдар жолдайды. Мәселен, Білім министріне



ҰАТ қатысушылары анықтаған негізгі проблемалық мәселелер

ұсыныс енгізуге ҰАТ қатысушыларының Жетісу облысы Сарқан қаласындағы, Түркістан облысының Ленгер және Жетісай аудандарындағы көмекші мектеп-интернаттардағы жағдай туралы есептері негіз болды. Аталған мекемелерде санитариялық тораптардың жеткіліксіздігі мен жоқтығына байланысты балалар сыртқы дәретханаларды пайдалануға мәжбүр болған, сондай-ақ қолжуғыштар тиісті деңгейде күтілмеген күйде болған.¹⁰⁰

Тәрбиеленушілерді ұстаудың тиісті жағдайларын қамтамасыз ету және қызметкерлер тарапынан кез келген физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа жол бермеу қажеттілігіне ерекше назар аударылады.

Анықталған мәселелерге қарамастан, ҰАТ қатысушылары оң өзгерістерді атап өтеді.

2025 жылы МҰТ мандаты бар мекемелерде адамдарды ұстау жағдайларының жалпы жақсарғаны байқалды.

Мысалы, Жетісу облысының Қоғалы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында есіктер мен жиһаздар ауыстырылды, қабырға жабыны жаңартылды; Солтүстік Қазақстан облысының дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Чкалов арнайы мектеп-интернатында жиһаз және құрылыс

ҰАТ тобы Ақтөбе облысының Білім басқармасы «Аяла» арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» ММ-де санитарлық-гигиеналық нормалардың бірқатар өрескел бұзылғанын анықтады.

Мәселен, тәрбиеленушілер жеке гигиена құралдарымен, төсек-орын жабдықтарымен, тиісті тамақпен, сондай-ақ медициналық кабинеттегі дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілмеген.

Екі баланың бір кереуетте, жастықсыз, жаймасыз және жазғы көрпесіз бірге ұйықтау жағдайлары, сондай-ақ шетелдік кәмелетке толмаған баланың (Өзбекстан азаматы) ұйықтайтын орынның жоқтығынан күндізгі ұйқы кезінде акт залында болуы анықталды.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған үш тәрбиеленуші қыз тәрбиеші А.-ның жүйелі түрде басынан ұрып, денесін шымшығанын мәлімдеді. Олар гематомалар пайда болған жерлерін медициналық бикеке көрсеткенімен, ол шағымдарды ескерусіз қалдырған.

Осы фактілер бойынша Уәкілдің өкілі құзыретті органға ұсыным енгізді. Тексеру барысында аталған фактілер расталып, ҚК-нің 140-бабының 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тіркелді.

материалдары сатып алынды, ағымдағы жөндеу жоспарланған; Павлодар облысында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін 3 балалар орталығында, күрделі жөндеу жүргізілді.

№ 59 мекемеде (Тараз қ.) асханаға жөндеу жүргізілді, бұл кеңістіктің санитарлық жағдайы мен эстетикасын жақсартты. Тағамдарды ұсыну таза ыдыс-

¹⁰⁰ Қазақстан Республикасының Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының 2024 жылы орындалған алдын ала бару қорытындылары бойынша жинақталған баяндамасы // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/832895?lang=kk> (6.01.2026).

аяқтарды қолдану арқылы ұйымдастырылады, ал өнімдерді сақтау белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Өскемендегі балалар үйінде балалардың эмоционалдық әл-ауқаты мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін музыкалық және арт-терапия әдістері енгізілуде.

Орындау сатысында ҚАЖК басшылығына № 66 мекемені (Петропавл қ.) тұтқындарды ұстауға жарамсыздығына байланысты (ылғалдылықтың жоғарылауы, тіреу конструкцияларының құлау қаупі) толық жабу туралы ұсыным бар. Петропавлда жаңа үлгідегі екі мекеме мен тергеу изоляторын салу жоспарланған. Жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Біз бұл процеске мониторинг жүргізетін боламыз.

Осылайша, ҰАТ проблемаларды анықтап қана қоймай, нақты шаралар қабылдауға ықпал етеді.

Мониторингтік бару тұтқындағылардың құқықтарын бұзуға ықпал ететін тәуекелдер мен факторларды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Мәселен, Жамбыл облысы ҰАТ қатысушылары алдын ала бару барысында № 59 мекемеде (Тараз қ.) шағым беру үшін ескірген терминалдар қолданылатынын, олардың жұмысы бағдарламалық ақаулармен қатар жүретінін анықтады. Бұл сотталғандардың сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасау және байланыс жасау құқығын жүзеге асыруды қиындатады.

Сотталғандар терминалдардың жиі істен шығатынын, олардың функционалдық мүмкіндіктері шектеулі екенін, соның салдарынан жазбаша өтініштерге жүгінуге тура келетінін, олар кешіктіріліп қаралатынын немесе жоғалып кететінін атап өтті.



ҰАТ-тың жүйелі түрде баруы жабық мекемелердегі адамдардың жағдайын жақсартуға және олардың құқықтарын қорғауға сөзсіз көмектеседі.

Өкінішке орай, жекелеген мемлекеттік органдар тарапынан ҰАТ-тың міндеттері мен функцияларын түсінбеушілік байқалады. ҰАТ қатысушылары эпизодтық түрде болса да, мониторинг жүргізу барысында әлі де өз қызметіне кедергі келтіру, куәліктерін көрсеткеніне қарамастан, жабық мекемеге өткізбеу фактілерімен бетпе-бет келуде.

Осылайша, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің арнайы алдын ала бару туралы бұйрығына сәйкес, 2024 жылғы 20 шілдеде ҰАТ-ның Алматы облысы бойынша тобы Қонаев қаласы полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына барды. Алайда нысанға келген кезде қатысушылар мекемеге кіргізілмеді. Кедергі келтіру фактісі бойынша Қонаев қаласы мен Алматы облысының кезекші прокурорларына ауызша жүгіну нәтижесіз аяқталды.

Осыған байланысты ҰАТ қатысушылары Алматы облысының прокуратурасына ӘҚБтК-нің 507-бабы бойынша әкімшілік іс қозғау туралы, сондай-ақ кіргізу фактісі жөніндегі акт қоса тіркелген хат жолдады.

Осыған ұқсас жағдай Жамбыл облысы бойынша ҰАТ тобының Талас аудандық полиция бөлімінің УҰИ-ға баруы кезінде орын алды – мекемеге келгеннен кейін қатысушыларға да кіргізуден бас тартылды.

Екі факті бойынша Уәкіл Алматы және Жамбыл облыстарының прокуратураларына ҰАТ қызметіне кедергі келтірген лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы өтінішхаттар енгізді. Қарау қорытындысы бойынша Қонаев қаласының УҰИ мен Талас аудандық полиция бөлімінің 2 қызметкеріне қатысты тәртіптік шаралар қабылданды.

2025 жылы бақылау-өткізу пункттерінен өту кезінде ҰАТ қызметіне кедергі келтіру жағдайлары да тіркелді.

Бір жағдай Астана қаласында байқалды, онда ҰАТ тобын мереке күніне және келу туралы алдын ала хабарланбауына сілтеме жасай отырып, қабылдау-тарату пунктіне және арнайы қабылдау пунктіне бірден кіргізбеді.

Өз кезегінде, Уәкіл 2025 жылдың тамызында ПМ-ге қызметкерлерді заңнаманы білуге тестілеу және аттестаттау кезінде әңгімелесу кезінде ҰАТ бойынша сұрақтарды қарастыру туралы ұсыныспен жүгінді. «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 47-бабына сәйкес, қызметкерлер әр үш жыл сайын заңнаманы білуіне тестілеуден және әңгімелесуден өтетін аттестаттаудан өтеді. Құқық қорғау органының жауабына сәйкес, тиісті сұрақтар аттестацияға енгізілді.

2025 жыл ішінде Омбудсмен кеңсесі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және ҰАТ қатысушыларының қызметін жетілдіру бойынша жұмыстарды жүзеге асырды:

1. ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 332 қаулысымен 2 нормативтік құқықтық актіге (ҚР Үкіметінің «Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала бару қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266, ҚР Үкіметінің «Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала бару жөніндегі шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулыларына) Уәкіл өкілдерінің алдын ала баруларды сүйемелдеуі және үйлестіруі туралы талаптарды алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Алдын ала барулардың дербестігін қамтамасыз ету ҰАТ-ның тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтады, араласудың институционалдық тәуекелдерін азайтады және БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитетінің ұсынымдарын қоса алғанда, халықаралық стандарттарға бейілділікті растайды.

Уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру

кеңесі туралы ережеге Үйлестіру кеңесінің отырыстарын сырттай және техникалық құралдардың көмегімен өткізу мүмкіндігі, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату рәсімін жеңілдету бөлігінде түзетулер енгізілді (Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2025 жылғы 3 маусымдағы № 39 «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы» Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» және 2025 жылғы 6 қазандағы № 62 «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 1 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» бұйрықтары).

Отырыстардың сырттай нысандарын енгізу және Үйлестіру кеңесінің құрамын басқару рәсімдерін оңайлату оның жеделдігін, орнықтылығын және институционалдық икемділігін арттырады, бұл құқық қорғау қызметін неғұрлым тиімді үйлестіруге ықпал етеді.

Омбудсменнің, сондай-ақ ҰАТ қатысушыларының ұсынымдарының мәртебесін арттыру бойынша шаралар қабылданды. Атап айтқанда, Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларына (Әділет министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 1070 бұйрығы) өзгерістер енгізіліп, құқықтық мониторинг жүргізу кезінде Уәкілдің қызметі туралы жыл сайынғы және арнайы баяндамалардың, сондай-ақ НППМ қатысушыларының шоғырландырылған баяндамаларының нәтижелерін пайдалану көзделді.

Уәкіл мен ҰАТ қатысушыларының баяндамаларын құқықтық мониторинг жүйесіне интеграциялау құқық қорғау тетіктері ұсынымдарын жүйелі түрде пайдалануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың нормашығармашылық үдерістегі тұрақты сараптамалық бағалау көзі ретіндегі рөлін бекітеді.

ҰАТ қызметін цифрландыру бөлігінде 2025 жылы БҰҰДБ «Қазақстандағы ұлттық құқық қорғау тетіктерінің тиімділігін күшейту» жобасы аясында әзірленген «ҰАТ» ақпараттық жүйесі белсенді пайдалануға енгізілді.

ҰАТ қатысушыларынан басқа, Омбудсменнің өңірлік өкілдері алдын ала баруларын цифрландыру, сондай-ақ олардың нәтижелері бойынша есептілікті ресімдеу және жүргізу мақсатында осы ақпараттық жүйені белсенді пайдаланады.

2025 жылы өңірлік өкілдер жүргізген барлық алдын ала барулар ақпараттық жүйеге енгізілді. 2026 жылы пайдалану барысында анықталған кемшіліктерді, сондай-ақ жекелеген функционалдық модульдерді жетілдіру бойынша келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып әзірленген «ҰАТ» ақпараттық жүйесінің жетілдірілген нұсқасы іске қосылады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайтуға ерекше назар аударылады. Уәкілдің тапсырмасына сәйкес өңірлік өкілдер 2025 жылдың қараша және желтоқсан айларында прокурорлардың, қоғамдық денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, білім беру басқармаларының, полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, қорғаныс департаменттерінің басшыларының қатысуымен Үйлестіру кеңесінің мүшелері мен ҰАТ қатысушыларын шақыра отырып, облыс әкімдерінің орынбасарларымен жұмыс кездесулерін өткізді.

Іс-шаралар аясында ҰАТ және Уәкіл өкілдерінің 2024-2025 жылдардағы мониторингтік сапарларының нәтижелері ұсынылды, өңірлерге тән анықталған проблемалар талданып, оларды шешу жолдары талқыланды.

Отырыстар барысында мәселелердің кең ауқымы қаралды, соның ішінде:

- 1) ҚАЖ мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету;
- 2) сотталғандар мен ұсталғандарды ұстау жағдайларын жақсарту;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтау;
- 4) әлеуметтік қорғау ұйымдарында тұру шарттары;
- 5) жабық мекемелерде білім алуға және медициналық көмекке қол жеткізу;
- 6) әлеуметтік қорғау және білім беру мекемелері жұмысының сапасын арттыру.

Іс-шаралар БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланды.



Барулардың нәтижелері туралы толық ақпаратты ҰАТ қатысушыларының 2025 жылғы барулардың қорытындысы бойынша шоғырландырылған баяндамасынан танысуға болады.¹⁰¹

ҰАТ Қазақстан Республикасындағы азаптаулардың алдын алу жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Ол бас бостандығынан айыру орындарына тәуелсіз мониторинг жүргізеді, проблемалық мәселелерді дер кезінде анықтап, тіркейді, оларды ерте кезеңде жоюға ықпал етеді және сол арқылы азаптаудан, қатыгез қарым-қатынастан және жазалаудан қорғау құқығын бұзудың алдын алуға ықпал етеді.

ҚАК-нің 32-бабына сәйкес Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы өкілдері, сондай-ақ ҰАТ қатысушылары арнайы рұқсатсыз мекемелерге баруға құқылы. Бұл ретте күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігі мен күзетілуін қамтамасыз ететін объектілерді кино-, фото- және бейне түсірілімдерін жүргізуге мекеме әкімшілігінің рұқсатымен ғана жол беріледі. Көрсетілген шектеу Уәкілге қолданылмайды.

Жекелеген мониторингтік баруларды жүргізу практикасы фото және бейне түсірілімдерді жүзеге асыру құқығын іске асыру кезінде ҰАТ қатысушыларында қиындықтардың туындағанын куәландырады, бұл жекелеген жағдайларда олардың қызметіне кедергі келтіруге алғышарттар жасады.

Осыған байланысты ҰАТ қатысушыларының өкілеттіктерін тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында оларға мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз фото- және бейне түсірілімді жүзеге асыру құқығын беруді көздейтін ҚАК-нің 32-бабының 4-тармағына толықтыру енгізу туралы мәселені қарау орынды болып табылады. Аталған түзетуді қабылдау негізсіз шектеулер тәуекелдерін болдырмауға және мониторингтік сапарлардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

¹⁰¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың 2025 жылы жүзеге асырылған алдын ала бару нәтижелері бойынша жинақталған баяндамасы // Қол жеткізу тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/947559?lang=kk> (6.01.2026).

7. АЗАПТАУЛАРҒА, ҚАТЫГЕЗДІККЕ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУҒА ЖОЛ БЕРУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Құқық қорғау органдары қызметінің ерекшелігі туралы зерттеулерді талдау қызмет өткерудің қолайсыз жағдайлары (нормаланбаған жұмыс кестесі, жоғары қызметтік және стресстік жүктемелер, штаттан тыс жағдайлардың жиі туындауы, өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіру, әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және т.б.), басқа да психологиялық факторлармен қатар, агрессия мен зорлық-зомбылық көріністеріне әкелуі мүмкін екенін көрсетті.

Қызметкерлер агрессиядан шығуды көбінесе өздерінің қызметтік іс-әрекеті шеңберінде күдіктілер мен сотталғандарға, бағынышты әскери қызметшілерге

Бұл әсіресе азаматтармен қарым-қатынаста болатын қызметкерлер үшін қауіпті және дәл соларды азаптауды қолдану қаупі бар топқа бөлу қажет – жедел уәкілдер, тергеушілер, учаскелік полиция инспекторлары, кезекші бөлімдер мен арнайы полиция мекемелерінің қызметкерлері, ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлері және Ұлттық ұланның әскери қызметшілері.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау немесе басқа бөлімшелерге ауыстыру кезінде кадр және басқару қызметтері, әдетте, үміткердің қызметке жарамдылығы туралы ақпаратқа бағдарланады. Сонымен қатар, медициналық немесе психологиялық комиссиялардың қорытындыларында қосымша мәліметтер, оның ішінде жанжалды мінез-құлыққа немесе агрессияға бейімділік сияқты тұлғалық ерекшеліктерге қатысты мәліметтер болуы мүмкін.

Бұл жағдай тәуекел тобындағы қызметкерлерді жоғары бақылау мен үздіксіз психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді, қызметке жарамдылығы немесе басқа бөлімшеге ауыстыру туралы қорытындыларды, сондай-ақ кейінгі құжаттарды – мерзімді психологиялық тексеру нәтижелерін, қызметтік тергеу қорытындыларын мұқият зерделеуді және тұтастай алғанда, құқық қорғау органдары бөлімшелерінің кадрлық-психологиялық жұмысын қайта форматтауды талап етеді.

Бұл қатыгез қарым-қатынас пен азаптау фактілерін барынша азайту үшін заңнамалық шаралармен қатар бірқатар ұйымдастырушылық шараларды қабылдау қажет екенін көрсетеді.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды, жұмысқа қабылдау кезінде (сондай-ақ азаптауды қолдану қаупі бар бөлімшелерге ауыстыру кезінде) үміткерлердің жеке басының ерекшеліктері мен психологиялық жай-күйін, денсаулық жағдайы мен отбасылық жағдайын, қаржылық проблемаларын, қызметтік тәртіпті бұзуға, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен тәртіптік теріс

¹⁰² Азаптаулардың және қатыгез қарым-қатынас пен жазалаудың басқа да нысандарының алдын алу мәселелері бойынша халықаралық тәжірибеге шолу, ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын талдау // Қол жеткізу тәрібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/861686?lang=ru> (05.08.2025).

¹⁰³ Организационные и кадровые меры предупреждения пыток: методические рекомендации / Коллектив авторов; под общ. ред. Г.К. Шушиковой. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной Прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 112 с.

қылықтар жасауға бейімділігін, азаматтардан шағымдардың жүйелі түрде түсуін және басқа да факторларды жүйелі негізде зерттеуге назар аудару маңызды болып табылады.

Психологиялық қызмет қызметкерлердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеудің және жеке құрам арасындағы жол берілмейтін қарым-қатынас жағдайларын ғана емес, басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңызды құралы болып табылады. Бұл ретте құқық қорғау органдарындағы осы қызметтің жұмысы әлі күнге дейін бірқатар қиындықтарға тап болып отыр, бұл оның тиімділігіне әсер етеді (мамандардың жетіспеушілігі, жалақының төмендігі және т.б.).¹⁰⁴

Психологиялық қызметтердің құқықтық жағдайын нығайтуға бағытталған шаралар кешенін қабылдау мәселесін қарау, олардың санын және жоғары тұрған ҚАЖ департаментіне бағынуын ұлғайту орынды деп санаймыз.

¹⁰⁴ Организационные и кадровые меры предупреждения пыток: методические рекомендации / Коллектив авторов; под общ. ред. Г.К. Шушиковой. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2023. – 112 с.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттар мен қағидаттарды имплементациялауға негізделген азаптаулардың, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалаудың алдын алудың кешенді нормативтік-құқықтық және институционалдық жүйесі қалыптасқанын айғақтайды.

Қылмыстық-атқару саласында адамгершілікпен қарау кепілдіктерін бекіту, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының, Ұлттық алдын алу тетігінің, мамандандырылған прокурорлық қадағалау мен қоғамдық бақылаудың жұмыс істеуі алдын алу мен ден қоюдың көпдеңгейлі жүйесін қалыптастырады. Кепілдіктерді нығайтудың қосымша факторы ұйымдастырушылық және технологиялық шаралар, оның ішінде процестерді цифрландыру, мекемелерді техникалық жаратандыруды кеңейту және құқық қорғау органдары мен қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру болып табылады.

Тіркелген азаптау фактілерінің санының азаюы және жауапкершіліктің бұлтартпастығы қағидатының күшеюі мемлекет қабылдаған қадамдардың нәтижелілігін көрсетеді. Сонымен қатар, жекелеген жүйелік тәуекелдердің сақталуы және құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін одан әрі арттыру қажеттілігі қолданыстағы тетіктерді дәйекті түрде жетілдіру қажеттілігін тудырады. Азаптаулардың алдын алу жүйесін одан әрі дамыту қол жеткізілген нәтижелерді қолдап қана қоймай, халықаралық міндеттемелерге сәйкес адам құқықтарын қорғау тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілету мақсатында біз келесі **ҰСЫНЫМДАРДЫ** әзірледік:

СӘ, ӘМ, БП, ІМ мына мәселені қарасын:

1) сотталған адамға «тәртіптік изоляторға қамау» және «жалғыз адамдық камераға ауыстыру» түріндегі жазаларды қолдану туралы шешім қабылдау функциясын сотқа беру туралы;

2) ҚПК-нің 67-бабына барлық ауыр және аса ауыр істер бойынша қорғаушының міндетті түрде қатысуын көздейтін түзету енгізу туралы;

3) белгілі бір лауазымдарды атқаруға тыйым салу түріндегі қосымша жазаның мерзімін ұзарту арқылы ҚК-нің 146-бабының санкциясын қатаңдату.

СӘ, ӘМ, БП, ІМ, ҚМ төлем сомаларын ұлғайту мүмкіндігімен азаптаудан және қатыгез қарым-қатынастан зардап шеккендерге материалдық залал мен моральдық зиянды өтеу тетігін жетілдіру мәселесін қарасын.

ІМ:

1) халықаралық стандарттарға жауап беретін жаңа мекемелерді, оның ішінде көпбейінді мекемелерді күрделі жөндеуге және салуға қаражат бөлу арқылы бас бостандығынан айыру және қоғамнан оқшаулау орындарында ұстау жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

2) ҰАТ қатысушыларына мониторингтік барулар барысында мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз фото және бейне түсіруді жүзеге асыру құқығын

қамтамасыз ете отырып, ҚАК-нің 32-бабының 4-тармағына толықтыру енгізу мәселесін қарастырсын;

3) құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың психологиялық қызметтерінің құқықтық мәртебесін арттыру және нығайту, оның ішінде ҚАЖ мекемелері психологтарының штаттық бірліктерін ұлғайту, сондай-ақ оларды жоғары тұрған ҚАЖ департаментіне бағындыру мәселесін қарастырсын;

4) есепке алуды цифрландыруды қамтамасыз ету мақсатында ҚАЖ мекемелеріне (ОАДҚ) ұқсас ІІМ арнайы мекемелерінде орталықтандырылған электрондық ақпараттық жүйені енгізу мәселесін қарастыру.

ДСМ, ІІМ қолданыстағы ҚАЖ және ДСМ-нің (Кешенді медициналық ақпараттық жүйе) ақпараттық жүйелерін интеграциялау жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

БП, ІІМ:

1) пенитенциарлық жүйенің барлық мекемелерінде және құқық қорғау органдарында жаппай бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз ету;

2) сотталғандардың өтініштер беру терминалдарының жұмысын шектеу фактілеріне жол бермеу, оларды тікелей Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жіберу үшін «Е-otinish» АЖ-мен интеграциялау бойынша жұмысты аяқтау бойынша одан әрі шаралар қабылдасын.